Тың игерілмеген аймақтарда ауыл халқының саны азайып, табиғи өсім көрсеткіштері бұрынғы деңгейінен ерекше өзгере қоймаған кезде, тың игерілген аймақтардағы халық санының өсімі, табиғи өсім мен некелесу көрсеткіштері күрт өсті. Көкшетау, Қостанай, Солтүстік Қазақстан, Ақмола облыстарында тың жерлерді игеруге келген көші-қоншылар арқасында демографиялық жағдай жағымды болды. Тың жерлері игерілудегі облыстардың халқының саны: Көкшетауда – 49%-ға, Қостанайда – 91%-ға, Павлодарда – 105%-ға, Ақмолада – 97%-ға, ауыл халқының саны Көкшетауда – 32 %-ға, Қостанайда – 62 %-ға, Павлодарда – 72 %-ға, Солтүстік Қазақстанда – 11 %-ға, Ақмолада – 34 %-ға өсті. Ал, 1960-1965 жж. бір ғана Солтүстік Қазақстан облысының халқы 61%-ға өсті [История ...: 2001].

Көші-қон есебінен өсім болған тың жерлерін игерген облыстар мен табиғи қозғалыс есебінен жоғары өсім берген тың емес облыстардың ауыл халқының өсу қарқыны арасындағы өзгешілікті білу үшін, Атырау (тың емес) және Көкшетау (тың) облыстарының ауыл халқының жастық құрылымын салыстырсақ, онда 20-39 жас аралығындағылардың Көкшетау облысында 33%, Атырау облысында 27% болғанын байқауға болады. Тың облыстарындағы механикалық өсімнің бүкіл республикалық өсімдегі үлесі 1952 ж. 2,3%, 1953 ж. 4,0% ғана болса, 1954 ж. 31%-ға, 1955 ж. 47%, ал 1956 ж. 49,9%-ға дейін көтерілген.

1954-1956 жж., тың игерудің алғашқы кезінде, Қазақстанға 650 мың адам келді. Соның ішінде, 1954 ж. наурыз айында Қазақстанға 250 мың комсомолдар, 23 мың Кеңес армиясының бұрынғы әскерлері келді. Көшіп-қонушылар саны әрдайым өсуде болды. Егер, 1954-1958 жылдары Қазақстан халқы 24%-ға өскен болса, тың игеріліп жатқан облыстарда 40 –50 %-ға өсті. 1960 ж. қазіргі Торғай облысындағы тұрғындар саны 2 еседен аса өсті.

1959 ж. Бүкілодақтық халық санағы қорытындысы бойынша көшіп-қонушы тың игерушілердің республикадағы еңбек жасындағылар ішіндегі үлесі 33,9 % болса, тың облыстарында тіпті 88,9 %-ға жетті. Кейінгі жылдары да тыңға келушілер легі тыйылған жоқ. 1961-1965 жж. кеңшарларға 160 мыңнан аса адам келді.

Көші-қоншылар ішінде ер адамдар үлесі артық болды. Тың жерлерді игеру, өнеркәсіп өндірісінің жоғарғы қарқыны, әлеуметтік қамсыздандыру жүйесін қалыпқа келтіру – осының бәрі 20-35 жас арасындағы жастарды қажет етті. Мысалы, Ақтөбе облысына келген көші-қоншылардың 47%-ы 18-45 жас аралығындағы ер адамдар, соның ішінде 18-29 жастағылардың – 36%-ы, 18-34 жастағылардың 41,5%-ы ер адамдар болды [КРОММ. 698. 1-п].

Соғыстан кейінгі жылдары табиғи өсім республика халқын 3360,2 мың адамға (56,6%-ға) өссе, оның 2346 мың адамы (69,8%-ы) 1955-1960 жж. тиесілі. 1939-1959 жж. республикадағы ауыл халқы 19,0%-ға, тың өлкесінде 83%-ға өсті. Тың жерлері игерілген облыстардағы механикалық өсімнің бүкіл республикалық өсімдегі үлесі 1952 ж. 2,3%, 1953 ж. 4,0% ғана болса, 1954 ж. 31%-ға, 1955 ж. 47%, ал 1956 ж. 49,9%-ға дейін көтерілді. Тың жерлері игерілген облыстарда халық 828 мың адамға (143 %-ға) өсті. Халқы ерекше қарқынды өскен Қостанай (343 мың адамға немесе 193,2 %-ға), Павлодар (204 мыңдай адамға, 181,1 %-ға) мен Көкшетау (187 мың адамға, 161,2 %-ға) облыстары болды.

Қазақтар республика бойынша 474 мың адамға өссе, тың жерлері игерілген өлкеде 10496 адамға кеміп, 1939 жылғы санының 97,9%-ын көрсетті. Соның ішінде, Солтүстік Қазақстан облысындағы қазақтар саны 47 мыңға кеміп, 1959 ж. санақ кезінде 1939 ж. санының 55,9 %-ын ғана құрады. Ал, 1959 ж. 1939 ж. мұндағы орыстар 106,3%-ға, немістер 151,6%-ға өсті. Қазақтар (44,1 пунктке) мен украиндар (42,7 пунктке) үлесі кеміген. 20 жыл ішінде орыстардың 1523 мыңдық өсімінің ішіндегі 435,4 мыңы тың өлкесінің еншісінде (28,6 %-дық өсім). Қостанай мен Көкшетау облыстарына келген көшіп-қонушылар орыстардың санын

(облыстарға сәйкес), 173 мыңға (246,5%) және 88 мыңнан аса (175,4 %) өсірді.

Украиндар Солтүстік Қазақстан (31,6 мыңға) мен Ақмола (5 мыңға) облыстарында кемігенімен, Қостанай (46,3 мыңға, 144,5 %-ға) мен Көкшетау (11 мыңға, 121,8 %-ға) облыстарында көбейді. Немістер 539%-ға, тың өлкесінде 8-9 еседей өсті Бұл кезеңдегі республикадағы немістердің негізгі өсімін тың игеру жылдары тың өлкесіндегі 5 облыс берді. Солтүстік облыстарда немістер 8-9 еседей өсті [*Асылбеков ...: 2005*].

Қазақтар екі санақ арасындағы өсімнің 14,6%-ын, орыстар 48,2%-ын, басқа этностар 37,2%-ын берді. Оңтүстік Қазақстанда ғана қазақтардың табиғи өсімі 66%-дық үлеске ие болды. Тың қазақты тұқыртып, 1959 ж. санақта үлесін 29,7%-ға түсірді. Тың игеру кезінде ұлттық фактор есепке алынбады, көшіп келушілер ішінде қазақтар саусақпен санарлықтай болды.

Тың игеру кезінде 1954-1956 жж. республикаға сырттан 391,5 мың механизатор келді. Келген көшіп-қонушылар негізінен басқа этнос өкілдерінен тұрды. Еңбек ресурсын ұлттық факторды естен шығармай, жергілікті этнос өкілдерінен, ата мекеннен қол үзгендерді қайтару есебінен толтыруға болар еді. Себебі, 1950 жж. туған ошаққа оралу сезімі шетелдегі аға ұрпақ тірі кезінде күшті еді. Алайда, ұлттық фактор есепке алынбады, көшіп келушілер ішінде қазақтар саусақпен санарлықтай болды. 1939-1959 жж. қазақтар үлесі 8 %-ға кеміп, орыстар республикадағы ең көп этносқа айналып, тіпті қазақ тілін мемлекеттік тіл ету ұсынылғанда, Савельев сияқты тың «идеологтары» Қазақстанда орыс тілділер көп болғандықтан мұндай ұсынысқа өздерінің көңілі толмайтындығын басылымдарда ашық жариялауға мүмкіндік алғандай сезінді. Мұның өзі ішкі және сыртқы көші-қон мәселесіне жопарлы түрде қарау керектігін үйрететін тарихи сабақ болып табылады.

Тың жерлер игерілген жылдары республикаға шетелден қазақтардың қайта оралу үдерісі орын алды. 1954 ж. КСРО мен Қытай арасындағы қарым-қатынас туралы жасалынған 10 жылдық келісім-шарт «кеңес азаматтарының» КСРО-ға қайтуына жол ашты. Сонымен бірге, КСРО Министрлер кеңесі 1954 ж. 16 сәуірде № 751-329 ерекше құпия жарлығы бойынша маусым-тамыз айларында Қытай Халық Республикасындағы «кеңес азаматтарын» тың жерлерді игеруге көшіру туралы, 1955 ж. 17 қыркүйекте №1701 «Шекарадан тыс жерлердегі кеңес азаматтарын репатриациялау және оларды КСРО-да еңбекпен қамту» туралы қаулысын қабылдайды. Осы қаулылар негізінде Қытайдың Шыңжан-Ұйғыр автономиялық ауданы мен т.б. аудандарынан қазақ, ұйғыр, дүнген, орыстар қайта оралады. 1958-1962 жж. «Ұлы секіріс» кезінде Қытайдан қайтқандар саны көп болды. 1960-жж. кеңес-қытай қарым-қатынасы шиеленіскенге дейін екі жақтың туыстар арнайы виза мен ресми куәліксіз бір-бірімен араласып тұрды. Қытай егіншілері кеңестік жерлерден келіп шөп дайындайтын, отын-ағаш дайындап, балық аулайтын. Шыңжаңда Орта Азиядан шыққандардың автономиялық уездері мен болыстары болатын [Мендикулова ...: 2006]. 1962 ж. жағдай өзгерді. Сол жылы Қытайдың Іле-Қазақ автономиялы облысынан өткендердің саны 100 мың болған (негізінен, қазақтар мен ұйғырлар). Шекара жабылады. Ондағы «мәдени революция» жылдары (1966-1969 жж.) Шыңжан өлкесінде мешіттер мен ұлттық мектептер қиратылып, мұсылман дегендерді қудалау күшейген кезде де бұл көші-қон тыйылған жоқ.

1955-1962 жж. Қытайдың Шыңжан-Ұйғыр автономиялық ауданы мен т.б. аудандарынан қазақ, ұйғыр, дүнген, орыстардың қайта оралып, олардың негізінен Алматы, Шығыс Қазақстан облыстарына тұрақтануы байқалды. Осы жылдардағы қазақтардың тарихи отанына көші-қонына тарихшы, ғалым З. Қинаятұлы: « ... біріншіден, ата жұртқа оралған көштің бастауы, екіншіден, империял-коммунистік аса қатаң жүйені өзіне мойынсұндырған күрделі құбылыс», -деп баға бере отырып, «ол көштің легінде келгендер өкіметтен бір басының сыйуынан өзге ештеңе күтпеген. Олар саяси идеологияның қатаң бақылауында жүріп-ақ, қазақтың

этномәдениетіне өзіндік үлес қосты», - деген тұжырым жасайды [Қинаятұлы ...: 2001].

Жоспарлы түрде белгілі бір елді мекендерге жинақы орналастыру шаралары жүргізілгенімен, уақыт өте, репатрианттар, негізінен, Алматы, Талдықорған, Семей және Шығыс Қазақстан облыстарына шоғырланды.

Партиялық және үкіметтік органдар репатрианттарды қабылдау еңбекпен қамтамасыз ету, орналастыру және тұрмыстық жағдайларын реттеу мәселесін қатаң қадағалап отырды. Репатрианттар, негізінен, еңбек күші қажет, соның ішінде мал шаруашылығымен айналысатын совхоздары көп облыстарға жіберілді. Мұрағат құжаттары, ең алдымен ауыл шаруашылығына қатысты мамандық иелерін қабылдағанын, басқа мамандық иелерін де осы сала мамандықтары бойынша жұмыспен қамтамасыз еткендігін айтады. Бірақ, көбіне арнайы мамандықтары бойынша орналастыруға тырысты. Қоныстанушылардың көпшілігі шопандар, малшылар, құрылысшылар болды. Мамандығы бойынша орналаспағанына байланысты, үй-тұрмыстық жағдайына, несие, медициналық көмек алуға алуға қиыншылықтар мен кедергілерге байланысты наразылықтар болды. Қытайдан оралғандардың негізгі бөлігі ауыл шаруашылығы салаларына жіберілді. Қытайдан көшіп келгендерге арнайы жеңілдіктер жасалынды. Қазақ КСР Министрлер Кеңесінің 1962 ж. 24 мамырдағы № 380-51 қаулысы негізінде әрбір келген адамға 40 сом мөлшерінде (қайтарылмайтын) көмек 1 сом тәулік ақы және азық-түлік, өнеркәсіп товарлары беріліп, көмек көрсетілді.

Сонымен, 1954-1963 жж. Қытайдан 268371 репатриант КСРО-ға қайта оралды деп есептейміз. Себебі, 1954 ж. 2461 адам Қытайдан ұйымдасқан түрде келді. Келесі 1955 ж. мен 1963 ж. аралығында барлығы 199269 адам ұйымдасқан түрде, ал, 1962 ж. сәуір айында 66841 адам өз бетінше Қытайдан Қазақстанға оралды. 1962 ж. келгендердің ішінде 16135 әйел, 27375 бала, 13121 жалғыз бастылар тіркелді [ҚРОММ, 1987: 139 п.]. Барлығын қосар болсақ, репатрианттар саны 268371 адам болып шығады. Қабылданған ремигранттардың көбісі республикадан тыс басқа республикаларға да барып орналасты. 1954-1965 жж. ҚХР-нан келген көші-қоншылардың 47569 отбасысының (259398 адам) республиканың 14 облысқа орналастырылғаны және 1849 отбасының (8984 адам) басқа республикаға жіберілгені туралы мәлімет беретін де мұрағат құжаты бар [ҚРОММ.1987: 177-п]. Сонда 1954-1965 жж. ҚХР-нан Қазақстанға барлығы 259, 4 мың репатриант келді деп есептейміз.

Кеңестік дәуірге тән «Қазақстан – халықтар достығының шынайы лабораториясы», «социалистік интернационализм жеңісінің нақты үлгісі» және т.б.), - деп мақтанышпен айтылған тұжырымдардың орнығуына да себеп болған осы жылдар болып табылады. Себебі, Қазақстанға осы жылдары келген этнос өкілдерінің республика халқының сандық және сапалық өзгерістерге тигізген әсері ерекше. Тың және тыңайған жерлерді игеру жылдарғы толқын-толқын көші-қон үдерістері нәтижесінде сырттан өзге этнос өкілдерінің енуі қазақтарды өз елінде аз ұлтқа айналдырды, ана тілінің қолдану ауқымы тарылтты, қазақ мектептері жабыла бастады, ана тілін білмейтін қазақ жастары көбейді, 1980 жылдардың аяғында қазақтардың 40% өз ана тілін білмеді, ал Алматы қаласындағы қазақ жасөспірімдердің 90% өз ана тілінде сөйлемеді, не нашар білді, олардың ұлттың дәстүрлі әдет-ғұрпы мен мәдениетінен хабарсыз бола бастады. Соның нәтижесінде жалпы қазақ ұлтының болашағы бұлыңғырланып көмескі бола бастады.

Егеменділік жағдайында біз көп этносты ел екендігімізді мақтаныш тұтамыз, біз қазақ халқының, республикадағы басқа этнос өкілдерімен бірге және салыстырмалы түрде, әлеуметтік-демографиялық даму ерекшеліктерін арнайы түрде зерттеуге де ден қоямыз. Этнос аралық келісім мен татулықты дөріптей отырып, жаңа көзқарас қалыптастыру қажеттігіне толықталамыз.

Соның ішінде ана тілін ұрпақтан ұрпаққа жеткізіп сақтаушы, этностық ерекшеліктердің, тілі мен ділінің сақталуына мүмкіндік беретін қазақ тілі білетін, қазақша сауаттылардың саны мен сапасын көтеру.

Әлемге алғашқы өркениетті берген халықтың ұрпақтары - әл Фарабидың, Ахмет Яссаудың, Тауке мен Абылайдың, Төле, Қазыбек, Айтеке сынды билердің, Махамбеттің, Абай, Шоқан, Аманкелді, Шоқай, А.Байтұрсыновтардың, Рысқұловтың мұрагерлері, өздерін халқымыздың «элитасы» санайтын мырзалар бүгін майда-шүйде мәселелерге әуес болып, Отанымыздың тағдыры шешіліп жатқан кезде қара бастарының қамымен жүріп, ұлттық тіл мен ұлттық дәстүрдің сақталуына жаны ауырмауда. Өркениетті елдің дамыған азаматы ретінде жан-жақты дами отырып, үш тіл тұрмақ, қызығушылық танытса одан да көп тілді менгере алатын, қазақ тілінің, мәдениетінің, дәстүрі мен тәрбиесінің бал-қаймағын құнарымен жалғастыруды мақтан тұтатын әрбір қазақ, қазақ қана емес қазақ жерін мекендеген әрбір Қазақстан азаматы тіл мәселесін дұрыс түсінсе, онда жергілікті ұлт тілінің дамуына ешбір кедергі болмақ емес. Қазақстанда тұратын, патша өкіметі мен кеңестік дәуір кезінде ерікті және мәжбүрлі түрде жүргізілген көші-қон саясаты нәтижесінде қазақ жеріне келіп тұрақтанған этнос өкілдерінің ұрпақтары қазақ жерін отаным деп сезіне отырып, қазақ тілінің тарихи жағдайларға байланысты жоғалтқан мәртебесін көтеруге қолдау танытқаны абзал.

Сонымен, Қазақстанда қалыптасқан тіл мәселесінің қазіргі жағдайына себеп болған фактордың бірі – XIX ғ. II жартысы мен XX ғ. бойы қарқынды түрде жүрген көші-қон процесі екендігі сөзсіз.

Кеңес дәуіріндегі сыртқы миграциялық толқынның Қазақстан индустриясының дамып, жаңа қалалардың пайда болып, ескі қалалардың жанаруына, ауыл шаруашылығы мен мәдениетіне тигізген игі әсерімен бірге оның көлеңкелі тұстары да көп болды.

Біріншіден, көші-қон процесінің қарқынды жүруінің нәтижесінде Қазақстан халқының құрамын көпэтностандудың ақыры Қазақстанда 1930 жылдардан бастап 1980 жылдың аяғына дейін жергілікті халықтың өз отанында азшылыққа айналуына жол ашты. Қазіргі кезде қазақтар республика халқының жартысынан көбін құрағанымен, Шығыс, Орталық, Солтүстік аймақтағы бес облыс пен Алматы қаласында көтерілгенімен, әлі де аз болып отыр. Мәселен, 1999 жылы қазақтардың Қостанай облысындағы өзіндік үлес салмағы 21,3%, Шығыс Қазақстанда 32,0%, Алматы қаласында 30,1% қана болса, 2006 ж. Қостанай облысында 34,4%, Солтүстік Қазақстанда 32,7%, Алматы қаласында 46,4%-ға көтерілді.

Екіншіден, негізінен Қазақстанда орыс тілділердің басым болуы мен орыс тілі мен жазуының кең қолданылуы араб жазуынан алдымен латын, одан кейін кириллицаға көшірілген қазақ тілінің мемлекеттік деңгейде қолданудан шеттетілуі мен аясының тарылуына әкеліп соқтырды. Тіпті Қазақстан Республикасы тәуелсіздігін алған күннің өзінде де қазақ тілі лайықты бағаланбай келді. Қазіргі кезде латын жазуына біртіндеп көшу үдерісі тілдік мәселені шешуде маңызды тетікке айналуы да мүмкін.

Орыс тілі іс жүзінде Қазақстан Ресейдің отары болған кезден бері қолданылатын тіл болғандықтан, XX ғ. басында оның жазу графикасына өзгерістер енгізілгенімен қазақ жерінде ұдайы және үзіліссіз пайдаланылуда. Мұның өзі қазақ тілінде сауаттылардан көрі орыс тілінде сауаттылардың саны мен үлесінің әрдайым көп болуына әсерін тигізуде. Орыс тілінің мемлекеттік тілден ауқымы күшті, баспа, парламент, оқу орындары және т.б. салаларда қазақ тілінен де көп қолданылатыны шындық. Осы жерде айта кететін жайт, қазіргі Ресей Федерациясында да тіл мәселесі күрделі мәселе ретінде көтеріліп отыр. Ғаламдану процесіне енген сайын, қолдануға ыңғайлы тіл ретінде жастар арасында ағылшын тілінің басымдық көрсетуі орыс тілінің шұбарлануына әкелуде. Бұл өз кезегінде

орыс тілін сақтап қалу қажеттігі мәселесін туғызуда. Сол себепті, осы жерде айта кететін жайт, Қазақстанда қазақ тілі мәртебесін көтеру туралы сөз қозғау орыс тіліне деген қарсылықты білдірмейді, ол ұлт тілін сақтап қалу үшін алаңдағанмызды білдіреді.

Қорытынды. Қорытындылай келе айтарымыз, патшалы Ресейге отарлық кезіндегі елдің саяси-экономикалық, әлеуметтік және мәдени дамуындағы қалыптасқан бағыныштылық бағыт, кеңес дәуіріндегі репрессиялық саясат негізінде қазақтың озық ойлыларының бас көтеруіне тойтарыс беру, көші-қон нәтижесінде сырттан қазақ емес этностардың көптеп енуі және оларға ортақ түсінікті де қолайлы тіл ретінде орыс тілінің қолданылуы, әлеуметтік құрылымның барлық бөліктерінде басшылық орындарда қазақ емес, әсіресе славян халықтары өкілдерінің басым болуы, орыс тілділердің негізгі қызмет орындарында көпшілік болуы, кириллицаның арнайы енгізілгенге дейін ұзақ уақыт қолданыста болып, жазба мәдениетінің күрт дамуы кезінде негізгі байланыс құралы ретіндегі орыс тілінің мәртебесінің берік тамырланып, қолданылуы әлі күнге дейін негізгі қызмет орындарында орыс тілділердің басым болуы қатынас тілі ретінде орыс тілін қолдануды тиімді және пайдалы деп шешуге әкелуде. Яғни, жергілікті ұлт тілінің ресми қолданыста болғанымен іс жүзінде қажеттілік барысында шеттетілуі, латын графикасы енгізілгенге дейінгі, кезіндегі және кейінгі кезеңде де кирилл графикасының қолданылуының мызғымастығы, кеңестік дәуірде қазақ тілінің қолданыс аясын тарылтқан мемлекет саясаты, кириллица енгізілгеннен кейінгі сауатсыздықты жою мен білім беру орындарының (мектептердің) көптеп ашылуы – олардың ішінде орта және арнайы білім беретін мектептер мен білім беру мекемелеріндегі сабақтардың орыс тілінде жүргізілуі, орыс мектептерінің сандық және үлестік мөлшерінің көп болуы, қазақ тілін білетін, қолданатын қазақтар саны мен үлесінің төмен болуы, қазақ тілінің мәртебесінің лайықты тұғырға көтерілмеуіне әкелген себептерді туғызды.

Қазіргі мемлекетіміздің тіл саясаты бұл кемшіліктің орнын толтыруда, бірқатар жетістіктер де бар, бірақ, туындап отырған мәселелер де бар.

Елбасымыз Назарбаев сөзімен айтқанда: «Көтерілген мәселелер жан-жақты ой елегінен өткізіп, терең зерделеуді талап етеді. Сондай-ақ, біздің дүниетанымымыз халқымыздың өткені мен бүгінінің және болашағының іргелі негіздеріне тікелей қатысты. Төл тарихын білетін, бағалайтын және мақтан ететін халықтың болашағы зор болады деп сенемін. Өткенін мақтан тұтып, бүгінін нақты бағалай білу және болашаққа оң көзқарас таныту – еліміздің табысты болуының кепілі». Ал, Қазақстандағы үдерістердің табысты болуы елдегі этносаралық татулық пен бірлікке тікелей қатысты.

Сондықтан, «Рухани жаңғыру» идеясын жүзеге асырудағы басты ұстаным – «Бірлік бар жерде тірлік бар!» .

Әдебиеттер:

Асылбеков М.Х., Күдайбергенова А.И. Қазақстан халқының әлеуметтік және ұлттық құрамындағы өзгерістер (1939-1959 жылдар) . – Алматы: Өркениет, 2005. – 160 б.

История Казахстана: народы и культуры. – Алматы: Дайк-Пресс, 2001. – 600 с., с. 341.

Карстэн А.А. Целинный край. Эл.ресурс / Сайт Геоман - <http://geoman.ru/geography/item/f00/s08/e0008138/index.shtml> - 5.09.2016

Кинаятұлы З. Көш ол – ұлт өміріндегі кұбылыс // Егемен Қазақстан. – 2001, наурыз – 22

КРОМА. 698-к., 14-т., 151-іс, 1-п

КРОМА.1987-к., 1-т., 127-іс., 139 п.

ҚР ПА. 708-қор, 4/1-тізбе, 1160-іс, 1-п.

Мендикулова Г.М. Исторические судьбы kazakhs диаспоры. Происхождение и развитие. – Алматы: Ғылым, 1997. – 264 с.; Мендикулова Г.М. Казахская диаспора: История и современность. – Алматы: Всемирная ассоциация казахов, 2006. – 343 с., с. 79.

Сборник материалов для статистики Сыр-Дарьинской области / под ред. И.И. Гейера. – Ташкент: Издание Сыр-Дарьинского областного статистического комитета, 1892. – Т. 2. – 514 с.].

References:

Acylbekov M.H., Kudaibergenova A.I. Kazakhstan halkynyn aleumettik zhane ulttyk kuramyndahy ozgerister (1939-1959 zhyldar) . – Almaty: Orkeniet, 2005. – 160 b.

Historia Kazakhstana: narody i kultury. – Almaty: Daik-Press, 2001. – 600 s., S. 341.

Karsten A.A. Zelinnyi krai. El. resurs / Sait Geoman - <http://geoman.ru/geography/item/f00/s08/e0008138/index.shtml> - 5.09.2016

Кинаятұлы З.. Көш ол – ұлт өміріндегі кұбылыс // Егемен Қазақстан. – 2001, наурыз – 22

КРОМА. 698-к., 14-т., 151-іс

КРОМА.1987-к., 1-т., 127-іс.

ҚР ПА. 708-к, 4/1-т, 1160-іс.

Мендикулова Г.М. Lstoriheskie sudby судьбы kazakhskoi diasporы. Proishozhdenie I razvitie. – Almaty: Gylym, 1997. – 264 s7

Мендикулова Г.М. Kazakhskaya diaspora: Historia I sovremennost. – Almaty: Vsemirnaya assotiahhiya kazakhov, 2006. – 343 s., S. 79.

Sbornik materialov dlya statistiki Syr-Darinskoi oblasti / pod red. I.I. Geiera. – Tashkent: Izdanie Syr-Darinskogo oblastnogo statistiheskogo komiteta, 1892. – Т. 2. – 514 s.].

Жаркенова А.М.¹

¹Доктор исторических наук, доцент Евразийского национального университета имени Л. Гумилева. Казахстан, г. Астана.

E-mail: zharkenova2710@yandex.kz

ДИНАМИКА ЧИСЛЕННОСТИ КАЗАХСКОГО НАСЕЛЕНИЯ СЕВЕРНОГО КАЗАХСТАНА В КОНЦЕ XIX-НАЧАЛЕ XXI ВВ.

В статье проводится изучение динамики численности казахского населения в Северном Казахстане в период конца XIX-начала XXI вв. Изменения в численности и удельном весе казахов исследуется на основе историко-сравнительного анализа проводится по материалам Всеобщей переписи населения Российской империи 1897 г., советских переписей 1926, 1939, 1959, 1970, 1979, 1989 гг., двух переписей, проведенных в независимом Казахстане 1999 и 2009 гг., а также данных текущей статистики за 2016 год. Таким образом, хронологически исследуемый период охватывает более, чем столетнее время, верхней границей определен 1897, а нижней – 2016 год. Уточняется численность казахов и их удельный вес в общем составе населения региона. Анализ этих показателей в исторической динамике позволяет сформулировать вывод о наиболее низкой доле казахского населения в регионе по сравнению со средними показателями в целом по Казахстану. Выделяются два периода в динамике изменений численности казахов – первый – с 1897 по 1959 год и второй – после 1959 и по настоящее время. Определяются причины снижения удельного веса казахов, главной из которых является миграционный фактор. Отдельно показано значительное снижение численности казахов в Северном Казахстане (потери составили свыше 43 %) в период до 1939 года, вызванное массовой смертностью в годы Великого голода, возникшего в результате насильственной коллективизации.

Обретение независимости стало мощнейшим фактором роста численности и удельного веса казахов. Однако, если в целом по РК казахское население достигло демографического превосходства, став наиболее многочисленным этносом, увеличив свою долю почти до 67 %, то в Северном Казахстане ситуация иная. Только в двух областях из четырех казахи составляют около половины населения. До сегодняшнего дня казахское население не приблизилось к тому удельному весу, который оно занимало в 1897 году.

Ключевые слова: Северный Казахстан, регион, северные области, моноэтничность, полиэтничная структура, казахи, численность, удельный вес, голод, переписи населения, миграция.

Жаркенова А.М.¹

¹тарих ғылымдарының докторы, Л. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің доценті. Қазақстан Республикасы, Астана қ.
E-mail: zharkenova2710@yandex.kz

Мақалада XIX ғ. аяғы – XXI ғ. басындағы Солтүстік Қазақстандағы қазақ халқы санының динамикасы қарастырылған. Қазақтар санындағы өзгерістерге 1897 ж. Ресей империясы жүргізген, 1926, 1939, 1959, 1970, 1979, 1989 жж. кеңестік, 1999 және 2009 ж. тәуелсіз Қазақстанда жүргізілген жалпы халық санағының сонымен қатар 2016 ж. ағымдағы статистиканың материалдары негізінде тарихи-салыстырмалы талдау жасалады. Сонда зерттеліп отырған хронологиялық шеңбер жүз жылдан артық уақытты алады, жоғары шекарасы – 1897, төменгі шекарасы – 2016 ж. Қазақтардың саны және аймақтың жалпы құрамындағы олардың үлес салмағы нақтыланады. Тарихи динамикадағы бұл көрсеткіштерге талдау жасағанда жалпы Қазақстандағы орташа көрсеткіштермен салыстырғанда аймақтағы қазақ халқының санының көрсеткіші тарихи динамикада төмен деген пайымдама жасалды. Қазақтар санының динамикасындағы өзгерістердің екі кезеңі бөліп көрсетілді: біріншісі 1897-1959, екіншісі – 1959 жылдан кейін қазіргі кезге дейін. Қазақтардың үлес санының азаю себептері анықталады, оның басты себебіне миграциялық фактор жатады. Солтүстік Қазақстандағы 1939 жылға дейінгі кезеңдегі қазақтар санының төмендеуі жеке көрсетілді (43%-дан жоғары), бұл күштеп ұжымдастыру уақытындағы аштық кезіндегі жаппай өлімнің болуына байланысты болды.

Тәуелсіздікке қол жеткізу халық санының және қазақтардың үлес салмағы өсуінің негізгі факторы болды. Алайда, жалпы алғанда ҚР бойынша қазақ халқы демографиялық жағынан өсіп, 67 % дейін өсіп, көп санды этносқа айналды, ал Солтүстік Қазақстандағы жағдай басқаша. Төрт облыстың екеуінде ғана қазақтар халықтың жартысын құрайды. Бүгінгі күнге дейін қазақ халқы 1897 жылғы үлес салмаққа жақындаған жоқ.

Кілт сөздер: Солтүстік Қазақстан, аймақ, солтүстік облыстар, моноұлттық, көп ұлттық, қазақтар, сан, үлес салмағы, аштық, халық санағы, көші-қон.

Zharkenova A.¹

¹Doctor of historical sciences, Associate professor of the
L. Gumilev Eurasian national university, Republic of Kazakhstan, Astana city.
E-mail: zharkenova2710@yandex.kz

The article studies the dynamics of the Kazakh population in Northern Kazakhstan during the late nineteenth and early twentieth centuries. Changes in the number and specific weight of Kazakhs are investigated on the basis of historical comparative analysis based on the materials of the General Census of the Russian Empire in 1897, the Soviet censuses of 1926, 1939, 1959, 1970, 1979, 1989, two censuses conducted in independent Kazakhstan 1999 and 2009, as well as data of current statistics for 2016.

Thus, the chronologically explored period spans more than a century, the upper limit is 1897, and the lower limit is 2016. The number of Kazakhs and their share in the total population of the region is specified. Analysis of these indicators in historical dynamics allows us to formulate a conclusion about the lowest proportion of the Kazakh population in the region compared to the average for Kazakhstan as a whole. There are two periods in the dynamics of changes in the number of Kazakhs - the first - from 1897 to 1959 and the second - after 1959 and the present. The reasons for the decrease in the specific weight of the Kazakhs are determined, the main one being the migration factor.

The acquisition of independence has become a powerful factor in the growth of the number and proportion of Kazakhs. However, if in general the Kazakh population reached a demographic superiority in the RK, becoming the most numerous ethnic group, having increased its share to almost 67%, then in Northern Kazakhstan the situation is different. Only in two oblasts of four Kazakhs make up about half of the population. Until now, the Kazakh population has not come close to the specific weight that it occupied in 1897.

Key words: Northern Kazakhstan, region, northern regions, monoethnicity, polyethnic structure, Kazakhs, number, specific gravity, famine, censuses, migration

Введение

Северный Казахстан - один из крупнейших и значимых регионов страны, в настоящее время включающий четыре области - Акмолинскую, Костанайскую, Павлодарскую и Северо-Казахстанскую. Этот регион для исследования избран в связи с особой важностью этнодемографических процессов, протекавшим в нем в различные исторические периоды. Являясь вторым по численности регионом после Южного Казахстана, даже сегодня в нем коренное казахское население не составляет большинства, а в отдельные периоды доля казахов снижалась до 18 %. Именно Северный регион Казахстана стал объектом масштабных переселений в царский и советский периоды преимущественно славянских народов, что и привело в результате к резкому снижению удельного веса казахов и превращения их в меньшинство на своей исторической территории. До начала миграций из европейских губерний Российской империи казахское общество было практически моноэтническим, но уже на момент Всеобщей переписи 1897 года в северном регионе доля казахов снизилась до 57 %. Затем масштабные миграции советского периода во время проведения индустриализации, освоения целинных земель, дальнейшего развития индустриальных процессов привели к мощному падению удельного веса казахов. При этом снижение доли казахов коснулось не только городского, но и сельского населения. Удельный вес казахов достиг своих минимальных значений, что ставило под угрозу само существование этноса. С обретением независимости начались позитивные перемены в демографическом развитии казахского населения, которое показывает сегодня в Северном Казахстане тенденцию к росту, как по абсолютной численности, так и по удельному весу.

В целом на протяжении исследуемого периода демографическое развитие казахов в Северном регионе обладало отличительными особенностями, связанными с их невысокой численностью в сравнении с русскими и наиболее низкой долей в сопоставлении с другими регионами Казахстана. Возвращение преобладания казахов при сохранении полиэтнической структуры населения Северного Казахстана является восстановлением исторической справедливости.

В связи с этим, изучение демографического развития казахского населения региона в динамике на протяжении длительного исторического периода имеет особую актуальность. Актуальность темы исследования обусловлена также остротой вопроса принадлежности северных территорий Казахстана казахскому этносу, который стал часто муссироваться отдельными представителями российского общества. Проведенный анализ дает возможность четко обосновать историческую моноэтничность населения Северного Казахстана, изменившуюся в результате длительных и масштабных переселений других этносов. Сразу уточним, что из-за обширности заявленной темы и длительности изучаемого исторического периода, наш основной интерес будет сконцентрирован на динамике численности казахов, изменении их удельного веса в составе всего населения региона.

Материалы и методы

Материалы, которые использовались в ходе настоящего исследования, являясь, прежде всего, данными переписей населения Казахстана, начиная с Всеобщей переписи Российской империи 1897 г., переписей, проведенных в советский период и двух переписей Республики Казахстан - 1999 и 2009 г.

Первая Всеобщая перепись 1897 г. охватила население всей Российской империи, в том числе и областей, составляющих Казахский край. Итоги переписи 1897 г. предоставляют возможность изучить численность, национальный, половозрастной и сословный состав населения Акмолинской области, динамику мигрантов, проанализировать источники и направления миграционных потоков, а также степень их интенсивности в северных областях Казахстана.

Анализ материалов переписей населения 1926, 1939, 1959, 1970, 1979, 1989 г. был осуществлен сравнительно-сопоставительным методом по основным демографическим и этническим характеристикам. Особому анализу подверглись материалы переписей 1926 и 1939 г., которые прежде недостаточно привлекались в исследовательской практике. Для определения репрезентативности этих переписей дополнительно использовались аналитические и статистические материалы архивов ЦГА РК.

Наиболее полные сведения о демографическом развитии казахского населения северных областей были представлены в итогах Всесоюзной переписи населения 1959 г. Основные демографические показатели исследовались также по данным Всесоюзных переписей 1970, 1979 и 1989 гг., что дало возможность представить динамику изменения численности казахов в период 50-80-х годов XX века.

Сопоставление, сравнение и анализ данных переписей населения 1897, 1959, 1970, 1979, 1989 г. проведено по информации электронного ресурса «Демоскоп Weekly».

Интересный материал получен при анализе данных первой переписи независимого Казахстана, проведенной в 1999 г. Эта перепись дает возможность выявить и конкретизировать серьезные изменения, произошедшие за первые годы суверенитета, в численности казахов в целом по стране и конкретно по северным областям. В материалах переписи 2009 г. присутствует информация о численности городского и сельского казахского населения, миграционном движении и др.

Кроме того, использовались материалы текущей статистики, такие как статистические сборники «Казахстан в цифрах», «Казахстан сегодня», «Казахстан за годы независимости», «Статистический ежегодник», «Регионы Казахстана», «Женщины и мужчины Казахстана», «Население Казахстана», «Молодежь Казахстана», демографические ежегодники, этнодемографические ежегодники Казахстана, демографические ежегодники регионов Казахстана и др. В совокупности этот информационно-статистический материал позволяет получить репрезентативные данные по всем демографическим показателям развития казахского населения.

Методология исследования опирается на принципы этнической демографии, которая является сравнительно молодой отраслью знания, возникшей на стыке демографии с другими науками, в данном случае - с этнологией/этнографией, в результате сближения исследовательских задач. В их числе процессы изменения этносов во времени, в нашем случае, казахского, в результате взаимодействия с другими этносами, прежде всего, с русским. При подготовке статьи применялись как собственно исторические методы – историко-хронологический, диалектический, историко-сравнительный, так и демографические методы – статистический анализ, сопоставительный анализ переписей.

Обсуждение

Изучение демографического развития казахов началось еще в дореволюционный период, но, долгое время работы довольно немногочисленных

авторов носили описательный характер и касались в основном вопросов хозяйства и быта казахского населения. Первым исследованием, в котором рассматривались демографические аспекты казахского населения, полагаем, явился труд М. Тынышпаева (Тынышпаев 1925: 75). Численность и национальный состав населения Казахстана впервые были рассмотрены в работе А.Н. Донич (Донич 1928: 27-53).

Позже вопросы, связанные с численностью казахов затрагивались также в работах С. Асфендиярова (Асфендияров 1935:215), Е.Б. Бекмаханова (Бекмаханов 1957:342). Следом за ними казахстанские исследователи В.В. Востров, Е.А. Масанов (Востров, Масанов 1980: 254) приступили к непосредственному изучению демографической проблематики казахского населения конца XIX-начала XX в. Появляются серьезные монографические исследования, посвященные социально- и этнодемографическим проблемам населения территорий, входивших в состав Российской империи, в том числе и казахов. Среди них выделим работу В.М. Кабузана (Кабузан 1963:230). Особую ценность работе придает расчет численности населения Казахстана в этническом разрезе на основе сопоставления данных переписи 1897 г. и текущей статистики.

70-80-е гг. XX в. стали одним из наиболее плодотворных периодов в развитии историко-демографических исследований в Казахстане. Этот период отмечен глубоким интересом ученых к теоретическим и историографическим аспектам демографии. Особый интерес был проявлен казахстанскими авторами к проблемам демографического развития населения дореволюционного Казахстана. Историческая демография казахского и других наиболее многочисленных этносов получила глубокую разработку в трудах Н.В. Алексеенко (Алексеенко 1981:142)Ф.Н. Базановой (Базанова 1977: 58-66), Н.Е. Бекмахановой (Бекмаханова 1980:238; Бекмаханова 1986:242), Г.К. Кронгардта (Кронгардт 1976: 31), Н.Н.Ляпуновой (Ляпунова 1985: 62), М. С.Муканова (Муканов 1974:148), И.П. Орлянского (Орлянский 1974:48). Ими изучен широкий круг вопросов, связанный с численностью населения дореволюционного Казахстана и отдельных регионов, его этнического и половозрастного состава, социальной структуры, формирования городского населения.

Конец 80-х, начало 90-х и последующие годы явились периодом серьезного подъема в изучении социально-демографического развития населения Казахстана. В особенности, главный интерес отечественных ученых был сконцентрирован на проблемах численности и этнической структуры населения в советский период, факторах формирования полиэтничного состава и изменениях в количестве и удельном весе коренного казахского населения. Среди многочисленных работ выделим исследования М-А.Х. Асылбекова и А.Б. Галиева (Асылбеков, Галиев 1991:192), В.В. Козиной (Козина 1994:27), Н.В. Алексеенко (Алексеенко 1999:157) и А.Н. Алексеенко (Алексеенко 1993:126), Ф.Н.Базановой (Базанова 1987: 152), Н.З. Такижбаевой (Такижбаева 1999: 58).

Между тем следует отметить, что в конце 80-90-х гг. историческая демография казахов изучалась в контексте общего социально-демографического развития полиэтничного населения страны. Отдельных работ, посвященных конкретно демографии казахского населения, практически не было. Можно отметить монографию М.С. Муканова, в которой проводится анализ этнической территории казахов в XVIII – начале XX веков, к каковым автор относит и Северный Казахстан (Муканов 1991: 64). З.Кабульдинов в кандидатской диссертации доказывает на конкретных архивных источниках автохтонность казахского населения в Западной Сибири, приводит данные о численности и расселении казахов (Кабульдинов 1997:261).

Острейший вопрос о численности казахов, бежавших от голода в Сибирь, получил освещение в монографии М.П.Мальшевой (Мальшева 1999: 536).

В 2000 году публикуется монография академика М.Х. Асылбекова и

В.В. Козиной «Казахи» (Асылбеков 2000: 120), в которой исследуются демографические тенденции казахского населения, происходившие в период 80-90-х гг. XX века.

А. Мамырханова посвятила свою диссертацию изучению казахского населения в период между переписями 1897 и 1926 гг. (Мамырханова 2002: 158). Известный казахстанский демограф А.Гали много лет пишет о необходимости роста численности казахов, что является главным условием существования независимого национального государства (Гали 2003: 92). А.Калыш показывает роль казахов-репатриантов в росте численности казахского населения и улучшении демографической ситуации (Калыш 2008: 363).

Докторская диссертация российской исследовательницы И.В.Октябрьской (Октябрьская 2004: 281) хоть непосредственно не затрагивает казахов, проживающих в самом Казахстане, но дает достаточно четкую картину этнополитических и демографических процессов среди казахского населения Алтая на протяжении XIX–XX вв.

Голод в Казахской степи, повлекший гибель миллионов казахов и обернувшийся катастрофическими последствиями для демографии казахского населения, стал объектом исследования М.Татимов (Татимов 2009: 60). Выдающийся казахский демограф назвал эти трагические события «голощекинским Голодомором» (Татимов 2009: 193).

Что касается региональной демографии, то в конце XX-начале XXI века вышли крупные фундаментальные работы и защищены докторские диссертации по социально-демографическому развитию населения Западного Казахстана - М.Н. Сдыков (Сдыков 1995:220; Сдыков 1996:382); Восточного Казахстана - М.Г. Ескендиров (Ескендиров 2006: 220), А.С. Адильбаева (Адильбаева 2010: 239); Центрального - В.В.Козина (Козина 2000:144, Козина 2001:184, Козина 2002:347); Южного Казахстана - М.К. Толекова (Толекова 2003: 53), Л.Т. Кожакеева (Кожакеева 2009:249).

В то же время следует акцентировать внимание на отсутствии фундаментальных исследований по социально-демографическому и этническому развитию населения Северного Казахстана. Работы, посвященные этим вопросам, насчитывают буквально единицы. В особенности, это касается изучения казахского населения. Среди такого рода работ выделим следующие. Так, историческая география, численность и расселение казахских родов в регионе подробно изучены Г. Ксенжик (Ксенжик 2004: 30). С.Самаркин среди целого ряда работ по социально-демографическим и этническим процессам в Северном Казахстане занимался исследованием вопросов количественного состава казахских и переселенческих семей в Северном Казахстане в конце XIX – начале XX века (Самаркин 2007: 250). Социально-культурное развитие этнических диаспор Павлодарской области в 1937–2000 гг. рассматривается А.С.Амановой (Аманова 2007: 196).

Данные социологических исследований по миграции казахов в новую столицу Астану и ее влиянию на рост численности горожан-казахов обобщены в статьях и диссертации А.Т. Забировой (Забирова 2004: 55).

Таким образом, тема настоящего исследования имеет низкую степень изученности и не привлекла до сего времени серьезного научного внимания. В силу этих обстоятельств и была избрана проблема изменения численности казахского населения Северного Казахстана в 1897-2016 гг. Новизна представленной статьи имеет несколько аспектов. Во-первых, региональный – поскольку в казахстанской историографии нет работ, посвященных населению столь крупного и важного в экономическом, демографическом и политическом отношении регионе, как Северный Казахстан. Во-вторых, изменение численности и удельного веса казахов в так называемом «самом русском регионе» под воздействием различных факторов, также не получили разработку. В-третьих, изучение процессов количественных изменений казахского населения в регионе

на протяжении столь длительного исторического периода с 1897 года и по настоящее время предпринимается нами впервые. В-четвертых, анализ изменения численности казахов в Северном Казахстане осуществлен на основе всех переписей населения, проведенных в дореволюционный, советский и суверенный периоды истории нашей страны.

Результаты

Численность населения, динамика и изменения, происходившие в ходе исторического процесса, являются главным показателем демографического развития любой страны. В особенности, это касается численности коренного, государствообразующего этноса. Динамика численности казахского населения на протяжении исследуемого периода неоднократно претерпевала серьезные изменения и трансформации, связанные с численностью и удельным весом казахов. В середине XIX в. население Казахстана обладало моноэтнической структурой, с полным преобладанием казахов на всей территории. Начиная с конца XIX в. и до образования суверенного государства динамика этнического состава характеризовалась постоянным расширением представительства различных этносов, доминированием русско-славянского компонента и снижением удельного веса казахов. Только к 25-летию независимости казахи вернули свое демографическое преимущество, став наиболее многочисленным этносом.

Н.В.Алексеев и А.Н. Алексеев, Е.П. Зимовина, М-А.Х. Асылбеков, Н.Е. Бекмаханова в качестве основного фактора изменения снижения удельного веса казахов в составе населения Казахстана называют миграцию. Так, Н.В. Алексеев пишет: «с конца XIX в. (перепись населения 1897 г.) до конца века XX (перепись населения 1989 г.) ведущей этнической компонентой в динамике численности населения являлись русские. За обозначенный период их стало больше в 11,2 раза, тогда как казахов - в 1,8 раза, то есть темпы роста числа русских были в 6,2 раза выше. Удельный вес русских в составе населения Казахстана быстро рос, достигнув максимума к концу 50-х - началу 60-х г. Удельный вес казахского этноса в эти годы снижается до минимального значения» (Алексеев 1999: 87).

В 90-е г. XX в. миграция приобрела обратный вектор, за пределы Казахстана устремились потоки русских, украинцев, белорусов, немцев и других этносов. Отрицательное миграционное сальдо приняло угрожающие для национальной безопасности масштабы. Стремительно теряющая население страна стала активно предпринимать меры по росту иммиграции, началась репатриация этнических казахов-оралманов.

В начале XXI в. миграционное сальдо приобретает устойчивые положительные характеристики, эмиграция идет на спад в результате достижений в социально-экономической сфере и исчерпания миграционного потенциала европейских этносов.

С 1897 г. и по настоящее время демографические тенденции среди казахского населения находились в постоянном движении, происходили кардинальные изменения, повлиявшие на его численность и удельный вес. Казахи, представлявшие в середине XIX в. моноэтническое общество, уже к переписи 1897 г. начинают утрачивать это свойство. По переписи 1959 г. они подходят к самой низкой планке своего удельного веса в составе населения, затем идет рост, продолжающийся и в настоящее время.




Рис. 1 – Динамика удельного веса казахов в общем составе населения Казахстана в 1897-2016 гг. (Переписи населения Российской Империи, СССР, 15 новых независимых государств; Численность населения Республики Казахстан по отдельным этносам на начало 2016 года)

Как видно из рисунка 1 с 1897 года происходило неуклонное снижение удельного веса казахов в общем составе населения. В 1917 г. доля казахов снизилась по сравнению с 1897 г. на 23,7 пунктов, в 1939 – на 43,7, в 1959 – на 51,7. Достигнув минимума в 30 %, после 1959 г. начинается постепенный рост. Так в 1979 г. доля казахов составила 36 %, в 1999 - 53,4, в 2009 – 63,1 и в 2016 г. достигла 66,48 %. Тем не менее, казахам пока не удалось подойти к уровню удельного веса, соответствующему 1897 г. Что касается Северного Казахстана, то, даже после 27 лет независимости казахи по-прежнему не являются большинством на своей исторической территории.

Как известно, Акмолинская область, которая к моменту проведения Первой Всеобщей переписи населения Российской империи объединяла всю территорию современного Северного Казахстана, подверглась массовому переселенческому движению в наиболее крупных масштабах. Так, по нашим подсчетам, именно в Акмолинской области доля уроженцев других губерний и других государств была наиболее высокой - 18,8% (109697 чел.) от общей численности населения области. При этом наиболее крупные потоки миграции были направлены из Полтавской (19323 чел.), Самарской (16348), Черниговской (9197), Тобольской (8673 чел.) губерний, т.е. из регионов империи, населенных преимущественно русскими и украинцами (Асылбеков, Жаркенова 2001:35).

Таблица 1 - Численность казахов в Северном Казахстане в 1897-2016 г. (Переписи населения Российской Империи, СССР, 15 новых независимых государств; Численность населения Республики Казахстан по отдельным этносам на начало 2016 года)

годы	Казахстан		Северный Казахстан	
	Все население	Казахи	Население региона	Казахи
1897	5118,5	3392,8	682,6	389,2
1926	6503,006	3627,6	1971,824	788,090

1939	6151,102	2327,6	1619,145	445,821
1959	9 309, 847	2794,9	2 753, 136	512, 352
1970	12 848, 573	4161,2	3708,998	743,087
1979	14 684, 283	5289,3	4 008, 531	896, 650
1989	16 464, 464	6534,6	4 429, 632	1075 686
1999	14953,0	7985,0	3387,0	1205027
2009	15 982, 4	1009,7	2756,3	1213190
2016	17 670, 579	1174,8	3828, 570	1275043

В результате миграции численность казахов по переписи 1897 г. составляла 389,2 тыс. из 682,6 тыс. общего числа. По переписи 1926 года общая численность населения Северного Казахстана увеличилась до 1971, 824 чел., а численность казахов – до 788,090 тыс. За 1897-1926 г. численность населения региона увеличилась в 2,9 раза, или на 1 280,2 тыс. чел., в то время как общая численность населения Казахстана выросла на 1 395 тыс. чел. То есть, практически весь прирост был обеспечен северными областями - почти 92 %. Численность казахов в Северном регионе также выросла (2,02 раза), но не так значительно, как общее количество населения (Переписи населения Российской Империи, СССР, 15 новых независимых государств; Численность населения Республики Казахстан по отдельным этносам на начало 2016 года).

Рост численности населения региона прекратился с период между переписями 1926-1939 гг. В целом в Северном регионе общее число жителей сократилось с 1971, 824 до 1619, 145 чел. При этом, сокращение численности казахов было более значительным – с 788,090 до 445,821 тыс. чел., на 342, 269 тыс. чел. И это только по официальным данным переписи 1939 г., результаты которой оспариваются целым рядом современных исследователей. В действительности, цифры потерь были гораздо выше, но даже по официальным данным численность казахов в регионе сократилась на 43,4 % (Переписи населения Российской Империи, СССР, 15 новых независимых государств).

В 1939-1959 г. численность Северного Казахстана выросла в 1,7 раза, на 1 1134 тыс., а по Казахстану - на 3 158 тыс. чел. Доля региона в приросте составила почти 36 %. Численность казахов в регионе увеличилась с 445,821 до 512, 352 тыс. чел., то есть на 66,531 тыс. чел. или всего на 12 %. За 20 лет после переписи 1939 года, казахское население не смогло даже восстановить свою численность, достигнутую к 1926 году (Переписи населения Российской Империи, СССР, 15 новых независимых государств). Причинами явились значительные потери казахов во время Великой Отечественной войны и низкий естественный прирост.

В 1959-1970 гг. произошел рост численности населения Северного Казахстана в 1,3 раза, а его доля в общем приросте республики уменьшилась до 30 %. Казахи увеличили свою численность в 1,4 раза – с 512, 352 до 743,087 тыс. чел. (Переписи населения Российской Империи, СССР, 15 новых независимых государств). Но, по-прежнему казахское население не смогло достичь своей численности на 1926 год. Несмотря на значительный прирост рождаемости, пик которого пришелся на начало 60-х годов, тем не менее, демографические последствия голода, военных лет оказывали свое негативное воздействие.

В 1970-1979 гг. общая численность населения региона увеличилась с 3708,998 до 4 008, 531 тыс. чел. - на 299, 533 тыс. Тогда как казахам удалось показать прирост на 153,653 тыс. – с 743,087 до 896, 650 тыс. Наконец, удалось превзойти уровень 1926 года. Доля прироста казахов в общем составе населения Северного Казахстана превысила 50 % (Переписи населения Российской Империи, СССР, 15 новых независимых государств).

В период между переписями 1979 и 1989 гг. тенденция роста численности казахов стала набирать довольно значительные темпы. В этот период число

казахского населения выросло на 179,036 тыс. - с 896, 650 до 1075, 686 тыс., или в 1,2 раза. Тогда как общая численность в регионе показала рост несколько меньше – в 1,1 раза, с 4 008, 531 до 4 429, 632 тыс. чел.(Переписи населения Российской Империи, СССР, 15 новых независимых государств).

Таким образом, можно говорить о том, что с 1979 года в Северном Казахстане начался постоянный рост численности казахов, которые стали играть основную роль в общем приросте населения региона.

1989 г. становится временем, когда рост численности населения в стране и по регионам сменяется спадом. В 1989-1999 гг. сокращение количества жителей в Северном регионе составило 1 042 тыс. чел., тогда как по Казахстану в целом - 1 511 тыс. чел. Следовательно, доля региона в сокращении общей численности населения составила почти 69 %. Причина в массовой эмиграции русского и других европейских этносов за пределы Казахстана в ближнее и дальнее зарубежье, более значительно затронувшее северные области в силу большего представительства этих этносов. К 1999 году общая численность населения Северного Казахстана сократилась на 1042,632 тыс. Казахи, напротив, увеличили свою численность на 129,341 тыс. чел. – с 1075, 686 до 1205,027 тыс. чел. (Переписи населения Российской Империи, СССР, 15 новых независимых государств).

Нередко влиятельные казахские султаны обращались к прииртышскому властелину Султанмамету как защитнику их интересов, вернуть их людей, на что он сразу реагировал, вступая в долгие дипломатические переговоры с российскими властями, что свидетельствует о его авторитете и влиянии среди его подданных. Последний мгновенно реагировал и требовал от российской стороны возвращения беглецов. Вот что он писал на имя генерала И. Шпрингера от 15 апреля 1765 года по одному из таких случаев: **«Во время бытности Сутакбая-батыря на китайской границе, бежали ис кибиток ево две холопки... И того хозяина также дома не было...А как ваше высокопревосходительство словесно мне обещали тех беглецов, в которой фарпост или крепость выбегут, отдавать обратно, и притом обнадежили – ежели за теми беглецами киргисцы прибегут в погону, и оных фарпостные командиры отдавать не будут, то б уведомлять вас. А за теми пленными тремя девками, кои киргисцы вслед погоней ездили, то фарпостной командир их без всякого удовольствия выгнал и бил. Помянутой же Сатакбай, когда с письмом к вам прибудет, то и о китайских известиях персонально объявить имеет. Которого, также и Кунай-батыря, за старшину посланного, как нас почитаете, прошу и их почитать, и пленных девок им отдать. И по возврате, прямо от Железенской ко мне благополучно препроводить»** [6, лл.477-477 об].

Иногда российская сторона под разными предлогами отказывала в возвращении казахам беглецов и тогда Султанмамет отправлял своих сыновей напрямую в Омск, в резиденцию командующего сибирскими линиями И.Шпрингера. Так, 25 сентября 1765 года Султанмаметсултан писал командиру Сибирского корпуса генерал-поручику И. И. Шпрингеру следующее письмо с упреком в том, что россияне не торопятся возвращать убежавших калмычек, для чего специально делегировал в Омск своего сына Иман султана, возмущенный бездействием россиян: **«Послал я к вам сына своего с письмами Иман-салтана, и притом вам сие объявляю:**

находящиеся ваши российские беглецы у Аллаяра-батыря, я, сыскав их, и отослал в Ямышевскую крепость к подполковнику. Напротив чего, мои подвластные киргисцы просят меня к отдаче их. Российские у нас беглецы явятца, то-де мы их отсылаем к ним обратно, а если наши таковые беглецы выбегают в Россию, и вы о всем том никакого старания не имеете»[7, лл.127-130].

Как видим он заботился об интересах не только своих, но и подданных-старшин, батыров, простых скотоводов. Именно это обстоятельство прибавляло ему авторитет и признание в прииртышском регионе и не только.

Он действовал быстро и решительно, что видно из хронологии его переписок. Промедление могло привести к тому, что выбегающие пленники быстро принимали христианство и в таком случае их обратно заполучить было очень тяжело. Если не происходило быстрое вмешательство Султанмамета, то его подданные выражали в его адрес открытое недовольство, о чем он писал в адрес командиру Сибирского корпуса генерал-майору А. Д. Скалона 19 января 1774 года. Даже в случае принятия ими новой веры, казахская сторона требовала компенсации «убытков» товаром: **«Черз сие вашему превосходительству объявляю, что ведомства моего от подвластнаго киргисца бежали в вашу сторону две калмынки, именами, первая – Карагус, вторая – Булату. И если они действительно в выбеге в ваших крепостях, и не крестились, то покорно прошу ко мне выдать, а когда крестились, то прошу товаром за них прислать... Аподвластные мои старшины и киргисцы ко мне приступают, что зачем я о выдаче (как есть султан) убегающих в вашу сторону пленников не требую, в чем и несу на себе оных большия злобности, от коих паки прошу вашего превосходительства меня избавить»** [8, л.77-77 об.].

Были и весьма курьезные случаи, когда со степи выбегали на линию бывшие рабы, выходцы из Бухары, которых когда-то приобретали за деньги степняки. И тогда, султан выходил на высшее руководство региона, требуя возвращения их к прежним хозяевам. Это видно из письма султана генерал-майору Н. Г. Огареву от 6 апреля 1778 года: **«Приехавший ныне ко мне Тартаульской волости киргизец Наизбак, просил меня о убежавшем от него высатованном им еще в малолетстве бухаретине на четырех лошадях. В таком случае и я прошу вашего превосходительства – если оной бухарец окажется где-либо в российском месте, то ево, и четырех лошадей к нам выдать»**. Кстати, и его просьба была удовлетворена [9, лл.317-317 об].

В случаях получения от Султанмамета тревожных известий, по которым была информация о негативном отношении к казахам китайцев, то региональная власть сразу же давала информацию крепостным начальникам, чтобы последние были готовы к встрече неожиданных гостей [6, л.403].

Придерживаясь политики добрососедства с россиянами, Султанмамет нередко пресекал преступления российских беглых, совершавших противоправные деяния на казахской стороне. Об одном из таких случаев рассказывает султан в своем письме на имя генерал-поручика И. И. Шпрингера от 13 декабря 1765 года, в частности, в участии поимки одного татарина, укравшего у своего соплеменника товары и незаконно продавшего их казахам: **«У прибывшаго к нам для торгу Аблай-салтана у сына всего в четырех человеках присмотрен нами один российской, а два татарина. И ис тех татар один кривой, у своего товарища татарина ж украв товары, и просатовал киргисцам за незнаемо воровского, а оставшие ис тех же воровских товаров за расатовкою обыскал в мешке, и по таковой приличности стал того вора подбоями спрашивать, которых не стерпя он повинья и бежал. И поймав ево, уверя кому что он просатовал, и потому все у своих киргисцоввозвратя, отдал. Да хотя и того вора имел намерение,**

чтоб взять в российскую крепость» [7, л.388-390 об].

Или другой случай с возвращением султаном когда-то захваченных и проданных степняками друг другу россиян. Это наглядно видно из письма Султанмамета в адрес генерал-поручика И.А. Деколонгаот 28 июля 1772 года: **«Письмо ваше получил, коим изволите повелевать отыскать российских людей: одного драгуна и одного башкирца, которые прежде находились в волости Кипчацкой, и из оной проданы в другую волость. Противо коего послал я пять человек киргисцов и вслед им отыскать, кто их, держа, продал, и у кого оне ныне находятца, тех всех и с российскими людьми привести ко мне. Которые, как скоро посланными моими ко мне привезены будут, то и к вашему высокопревосходительству, не умедля, пришлю» [10, л.л.80-82].**

В ответ на свою услугу, Султанмамет сразу же просил оказать помощь россиянам в освобождении его человека, находящегося в омской тюрьме: **«Покорно прошу ваше высокопревосходительство содержащегося во Омской крепости безвинно киргисца Задалвато российским людям приказать выпустить» [10, лл.80-82].**

Российская сторона, как мы уже отмечали ранее, удовлетворяла требования султана и его детей, что не могло не сказаться на улучшении взаимоотношении Султанмамета и регионального начальства. К примеру, 31 июля 1772 года, российская сторона **«дала сию подписку Средней киргис-кайсацкой орды старшины Салтамамет-салтана сын Зиангир-султан в том, что принял он из оной канцелярии выбегшую ис киргискаго полона калмынку Кугуш, и при ней роднаго брата калмыченка Сабыка, Мамшеневых, и при них выведенных при выбеге четыре лошади. В приеме коих под сим и подписался» [10, л.93].**

Иногда с целью сделать сговорчивее российскую сторону в летнее время Султанмамети его поданные близко прикочевывали к 10-верстной полосе и вооруженные стояли напротив крепостей, что не совсем могло не беспокоить россиян. Таким образом в июле 1772 года Султанмамет стоял недалеко к Черлакскому форпосту, а его сын Урус напротив Железинской крепости и эти тревожные вести не могли не отложиться в архивах: **«Киргис-кайсаки вновь прикочевали: к крепости Железенской владения Урус-салтана волости Басантийской, к фарпосту Чарлаковскому Салтамамет-салтан со своими подвластными. Кои и стоят от реки Иртышав верстах в семи и десяти» [10, л.40].** Хотя положением от 1765 года казахи не имели права пребывать на 10-верстной полосе земли вдоль левого берега Иртыша. Видимо, такими маневрами, он пытался россиянам считаться с ним как с авторитетным властелином, имеющим возможность выставить конную армию, что и произойдет в 1771 году, когда он в весьма короткое время собрал войско численностью в 50 тысяч человек. Такие действия оказывало удручающее действия на крепостных начальников и помогали Султанмамету добиваться все новых и новых уступок, в частности, при перекочевках на правую сторону Иртыша.

Нередко для урегулирования приграничных вопросов Султанмамет султан изъявлял желание лично прибыть Омск и встретиться с руководством региона. Об одном из таких случаев он написал 11 сентября 1772 года генерал-поручику И.А. Деколонгу: **«Нынешней осени вздумал я осмотреть ведения своего киргиския улусы, и кто, в каком урочище кочует. И, между оным осмотром, заехал в последней, недалеко от крепости Омской состоящей, улус. Вздумалось мне с вашим высокопревосходительством повидатца. И завтрашняго числа, неотменно, в крепость Омскую к вашему высокопревосходительству прибыть имею. И для уверения печать свою красную приложил» [10, лл.176-176 об].**

Одним из самых распространенных случаев, по которым султан шел на контакты с российскими региональными властями была потеря скота его подданных. И здесь он оказывался защитником интересов своих людей: требовал немедленного возвращения. Вот что султан писал региональному начальству в

лице И. А. Деколонга 19 сентября 1772 года: «**О коих просил я у вашего высокопревосходительства потерянных семи лошадях. А если они где у вас найдутца, то покорно прошу оных выдать в Кипчацкую волость киргисцу Тугачу Утемышеву... Нынешняго года в летнее время наши три быка переплыли на вашу российскую сторону, коих прошу отыскать и к нам в улусы выдать**» [10, лл.193-193 об].

Обе стороны старались возвращать утеранный или угнанный скот, удовлетворяя просьбы друг друга: у россиян была четкая инструкция положительно реагировать на просьбы Султанмамета, а у уже многоопытного султана были свои интересы (шансы на возвращение скота, пленных, перекочевки на правобережье Иртыша, получение сена, жалованья многократно возрастали-авт.): «**Прошедшаго сентября 23 дня... захваченная в прошлом 769 году у киргисцов посельщиком Подкожурниковым верблюдица, в силу которого вашего высокопревосходительства ордера, чрез посланное от меня Средней киргис-кайсацкой орды старшине Салтамамь-салтану письмо, сего октября 8 числа чрез сына ево Иман-салтана две лошади сюда к крепости приведены, которые с согласия их посельщиком Подкожурниковым взяты, и почитаецца в тех лошадях довольных, а от него, Подкожурникова, верблюдица взята ж и предписанному старшинскому сыну, Иман-салтану, отдана**» [10, л.226].

Султанмамет, находя удовлетворение со стороны российской администрации в разных своих просьбах, в свою очередь, также показывал себя как действенный и обязательный правитель, у которого дела не расходятся со словом. Это видно из его писем от 12 апреля 1773 года, адресованного генерал-поручику И. А. Деколонгу о взыскании тридцати восьми лошадей казахов виновных в воровстве скота у барабинцев, о взыскании денег со старшины И. Утемышева: «**1-м, чтоб с тех воров, которья у барабинцов на сто на трицать на шесть рублей вещей ограбили, взыскать, и для удовольствия обидимых прислать в крепость Железенскую. Почему мною виновными тому воровству киргисцами Елюмбет Мангаев и Иркабай Асанов найдены, и с них за те ограбленныя вещи стоящие ста трицати шести рублей, трицать восемь лошадей взысканы и отосланы в крепость Железенскую г-дину примьер-майору Красноперову; 2-м, чтоб старшины Ичкини Утемышева с товарищи употребленныя им на пищу деньги двенадцать рублей семьдесят копеек, взыскав со старшины Ичкини, прислать к вашему высокопревосходительству**» [11, лл.416 об.-417].

Султан кыпчакского улуса, будучи превосходным дипломатом, нередко принимал личное участие в разбирательстве дел, связанных в удовлетворении дел россиян по части кражи их лошадей казахами его ведомства. Это видно из рапорта коменданта Железинской крепости полковника Ф. фон Деррова командиру Сибирского корпуса генерал-поручику И. А. Деколонгу от 15 марта 1775 года по поводу приезда Султанмамета в Коряковский форпост и совместном его с капитаном Селецким разбирательстве в случившихся за последнее время случаях воровства лошадей и имущества: «**Против-де коих от меня, также и артиллерии г-дина капитана Лебеткина повеление, в прибытие в фарпост Коряковской старшины Султамать-султана, как сие, так и прочиенеокончанные бытностью ево, Нагаткина, в учиненных киргисцами российским людям обидах обще со оным Салтамать-султаном разбирательства чинили...**» [12, лл.446-446 об].

С целью поддержания своего статуса и выражения почтения российскому престолу султан просил отправить своего сына Имана в императорский двор для встречи с Екатериной II, о чем свидетельствует его письмо от 26 августа 1776 года в адрес генерал-майору А. Д. Скалону: «**Сыздавна нахожусь я в подданстве российском, и многия от меня уже российской стороне чинены**

всякия услуги, которыми и впредь безотрицательно себя служить обязую. И ежели во оном противности не будет, то прошу вашего превосходительства отправить моего сына Имана ко двору Ея императорскаго величества, и о моих услужностях и верности отписать вышнему правительству» [13, лл.164-164 об]. Делегирование своих сыновей в императорский двор было своего рода поддержкой своего высокого статуса и лишним напоминанием о себе как о влиятельном в Казахской степи управителе, с которым обязательно надо считаться.

Султан кыпчакского улуса в ходе многочисленных переговоров с российской стороной добивался полной отмены взятия аманатов, открыто ссылаясь на то, что его подданные давно уже смиренные и никаких «шалостей» на внутренней стороне практически не допускают и сам он находится чуть ли в положении главного заложника-аманата, когда его дом располагался на российской стороне. Безусловно, это показывает насколько он был предан своему народу и как рисковал собой ради своих подданных. Получалось, что он добровольно стал главным заложником или аманатом. Это можно усмотреть из его письма от 5 декабря 1776 года, адресованное командиру Сибирского корпуса генерал-майору А. Д. Скалону с просьбой не брать с его подвластных аманатов: **«Покорно прошу вашего превосходительства, чтоб из моих подвластных киргисцов в перепуске табунов аманатов не брать, потому как я сам близ Коряковскаго фарпоста кочевьем пребывание имею, и мои киргисцы российской стороне не могут сделать никаких обид»** [13, лл.610-611].

Свою просьбу не брать с его подданных аманатов и отпустить захваченных в плен его людей Султанмаммет снова повторяет 5 января 1778 году в своем письме генерал-майору Н. Г. Огареву: **«Да от кочующих против станца Черного подвластных моих Кипчатской волости киргисцов в залог постоянства взятого аманата отпустить в улусы. А как они ведения моего, то я в том за них поручаюсь, что никаких от них шалостей происходить не будет»**[9, лл.7-10]. На что был получен положительный ответ: **«захваченного в крепости Ямышевской двух киргисцов отпуск, свой улус и аманата сево волости не брать»**. Безусловно, эта была маленькая, но победа Султанмаммета [9, лл.7-10].

При решении бытовых конфликтов казахов с линейным населением султан и его сыновья защищая интересы своих подданных, привлекали к посредничеству генерал-поручика ИА. Деколонга и других должностных лиц, о чем свидетельствует, к примеру, обращение Султанмамметас письмом ИА. Деколонгу от 17 июля 1773 года по поводу удовлетворения его просьбы по поводу обмана со стороны линейных жителей при проведении торгового дела: **«...еще просит подвластный мой киргизец, называемый Дос, о взятом у него в форпосте Чернорецком башкирцем Пикбирзою быке, который за оного обещался отдать четыре аршина красного кармазину, которого и по ныне не получил... прошу приказать удовлетворить...»** [14, 69].

Иногда султану приходилось решать самые мелкие дела, касающихся бракоразводных дел. Это видно из письма Султанбета Н.Г. Огареву от 4 апреля 1778 года, где он просил выдать сосватанных за своих казахов двух башкирских девушек, которые сбежали от них из заречной стороны: **«Послал я до вашего превосходительства сына моего Иман-салтана с тремя киргисцами, с тем штобы оных допустить, вышедшаго от нас в Россию башкирца з двумя еводочерьми зговоренными уже в замужество за киргисцов, для разговору, по которому, естли он есамоохотно за них пожелают, покорно прошу приказать отдать. Чрез что по отцу калым заплачен быть имеет. А естли он не похотят – пусть так останутся»** [9, лл.295-295 об].

Иногда казахская сторона в лице Султанмаммета обращалась в местные представительства царского правительства с мелкими бытовыми просьбами, желая получить, к примеру, лекарства, когда оказывалась услуга за услугу и не более. Так,

в своем письме от 23 сентября 1760 года командующему войсками на Сибирских линиях генерал-майора фон Веймарна Султанмамет-султан просил присылать перец, гвоздики, обладавшие антисептическими свойствами, в свою очередь обещая вернуть выбежавших в степь россиян при первой же возможности: **«И при сем просим прислать от опасной болезни лекарства перцу и гвоздики, и о том более вашему превосходительству пишем и трудимся. А которых вы требовали захваченных в нашу землю верноподанных ваших шесть человек и с лошадьми, мы по улусам ездили, искали... Для чего паки в зимнее время по улусам для отыскания тех людей поедем, и в том старатца будем»**[4, лл.250-250 об].

В переговорных процессах султан кыпчакского улуса категорически требовал от региональных властей, чтобы его подданные не обходили его в вопросе подаче прошений. Видимо, в противном случае Султанмамет терял свой авторитет и влияние. Монополия на переписку с царскими властями обеспечивала ему определенную власть и влияние в степи и на российской стороне. Это видно из его письма от 12 марта 1778 года, адресованное генерал-майору Н. Г. Огареву с просьбой отказать Кунай-батырю в разбирательстве вопроса об украденных лошадях без его посредничества: **«А как по зову моему к разбирательству с теми киргисцами Кунай-батырь делаетца ослушным, почему мне, не разобрав дела – сколько точно у него лошадей покрадено, ему Кунай-батырю и удовольствия сделать невозможно. А известно мне, что оной Кунай в тех покраденных лошадях хочет приносить прозбу о удовольствии ево вашему превосходительству. Так прошу, упреждая ево до вас прозбу, и чтобы излишняго затруднения в том произойти не могло, посланным от себя к нему, Кунай-батырю, письмом подтвердить, чтоб неотменно к тому разбирательству ко мне приехал. А если он прежде посланова от вас письма с прозбою к вам будет, то прошу ему не делать никакова удовольствия, а приказать явитца у меня, где и удовольствие получить может. А за ослушание ево по зву моему к разбирательству сделать ему с пристрастием подтверждение, чтоб и вперед ослушным не был»** [9, лл.209-210].

Надо признать, что благодаря своей искусной дипломатии с начальниками крепостей и командующими сибирскими линиями ему удавалось добиться весьма положительного с собой обхождения. Безусловно, таким обходительным отношением россияне пытались получить для себя нужные разведывательные сведения, например, заполучить информацию о взаимоотношениях с китайцами, с которыми казахи общались напрямую, имея с ними общие границы. Это видно из рапорта командующего в Ямышевской крепости полковника А. Д. Скалона командиру Сибирского корпуса генерал-поручику И. И. Шпрингеру от 16 марта 1765 года: **«О вызове с пристойным ласкательством и о привозе означенного Салтамаметь-салтана с тем киргисцом на казенных лошадях и в одной каляске с надлежащим почтением, предложено ж от меня командующему в Коряковском фарпосте капитану Клейтину. А когда оной салтан сюда прибудет, то, в силу онаго вашего высокопревосходительства ордера, обо всем употребя ласкательной поступок и пристойныя меры, разведывать долженствую»**[6, лл.397].

Как показывает анализ вышеприведенных архивных материалов при переговорах с российской стороной Султанмамет проявлял себя как опытный дипломат, рьяно защищавший интересы своих подданных. И как ответ: российская сторона практически всегда удовлетворяла его просьбы, ибо султан вел себя как человек и правитель, всегда отвечавший за своих слова, поступки. При этом он отказался быть информатором у царского правительства, что свидетельствует о его высоких моральных и нравственных качествах, верности политике старших ханов

Абулмамбета и позднее Абылая. Именно благодаря этой тонкой политике в Северо-Восточном Казахстане ему удалось на время сдержать колониальную экспансию царизма. Одной из результатов его выверенной политической линии и опытной дипломатии стал допуск степных казахов на правобережье Иртыша на временной основе в 1771 году и на «вечную кочевку» - в 1788-м.

Литература:

1. Казахско-русские отношения в XVI-XVIII вв. (Сборник документов и материалов). – Алма-Ата: Издательство АН КазССР, 1961. – 892 с.
2. Кабульдинов З.Е. Қазақстан тарихы. – Алматы, Атамұра, 2016.
3. ГАОО ф. 1, оп. 1, д. 173.
4. ГАОрО, ф. 3. оп. 1. д. 56
5. Крафт. Сборник узаконений о киргизах степных обалстей. 1730-1898.- Оренбург, 1898.
6. ГАОО, ф. 1. оп. 1. д. 132.
7. ГАОО, ф. 1. оп. 1. д. 137
8. ГАОО, ф. 1. оп. 1. д. 190
9. ГАОО ф. 1, оп. 1, д. 212.
10. ГАОО, ф. 1. оп. 1. д. 176.
11. №ГАОО, ф. 1, оп. 1, д. 184.
12. ГАОО ф. 1, оп. 1, д. 195.
13. ГАОО, ф. 1. оп. 1. д. 201.
14. ГАОО, ф. 1. - оп.1. - д. 182.

References:

1. Kazahsko-rəsskie otnosheniia v XVI-XVIII vv. (Sbornik dokəmentov i materialov). – Alma-Ata: Izdatelstvo AN KazSSR, 1961. – 892 s.
2. Kabəldinov Z.E. Qazaqstan tarıhy. – Almaty, Atamura, 2016.
3. GAOO f. 1, op. 1, d. 173.
4. GAOrO, f. 3. op. 1. d. 56
5. Kraft. Sbornik əzakonenii o kirgizah stepnyh obalstei. 1730-1898.- Orenbėrg, 1898.
6. GAOO, f. 1. op. 1. d. 132.
7. GAOO, f. 1. op. 1. d. 137
8. GAOO, f. 1. op. 1. d. 190
9. GAOO f. 1, op. 1, d. 212.
10. GAOO, f. 1. op. 1. d. 176.
11. №GAOO, f. 1, op. 1, d. 184.
12. GAOO f. 1, op. 1, d. 195.
13. GAOO, f. 1. op. 1. d. 201.
14. GAOO, f. 1. - op.1. - d. 182.

Қарасаев Ғ.М.¹

¹Т.ғ.д., ҚР БҒМ ҒК Мемлекет тарихы институтының
Бас ғылыми қызметкері
Қазақстан Республикасы, Астана қ.
E-mail: karasayev_gm@mail.ru

**ӘМІРСАНА ЖӘНЕ ХVІІІ ҒАСЫРДЫҢ ОРТАСЫНДАҒЫ ОРТАЛЫҚ
АЗИЯДАҒЫ ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ҚАТЫНАСТЫҢ ЖЕКЕЛЕГЕН
ТАРИХЫНАН
(қазақ-жоңғар—қытай -орыс қатынастары)**

Қарасаев Ғ.М.¹

¹ доктор исторических наук,
Главный научный сотрудник КН МОН РК
Института истории государства,
Республика Казахстан, г. Астана.
E-mail: karasayev_gm@mail.ru

**AMURSANA И НЕКОТОРЫЕ АСПЕКТЫ ИСТОРИИ МЕЖДУНАРОДНЫХ
ОТНОШЕНИЙ В ЦЕНТРАЛЬНОЙ АЗИИ СЕРЕДИНЫ ХVІІІ ВЕКА
(КАЗАХСКО-ДЗУНГАРСКИЕ-КИТАЙСКИЕ-РУССКИЕ ОТНОШЕНИЯ)**

Karasayev G.M.¹

¹Doctor of Historical Sciences,
Chief Researcher Institute of State History,
Republic of Kazakhstan, Astana.
E-mail: karasayev_gm@mail.ru

**AMURSANA AND SOME ASPECTS OF THE HISTORY OF CENTRAL ASIA
INTERNATIONAL RELATIONS IN THE MIDDLE OF XVIII CENTURY
(KAZAKH, DZUNGAR, CHINESE AND RUSSIAN RELATIONS)**

Осы мерзімде екі әскери жасақ Қытайдан Жоңғария аймағына келді. Джа-гуй және Фуде олардың қолбасшылары болып тағайындалды. Бұл екі әскер басына Жоңғар патшалығын талқандау және тұрғындарын қыру тағдыры тиді.

Қытайдан тың күштердің келгенін және де Маньчжур еліндегі барлық маңызды дайындықтарды білген Әмірсана өз зайсандарын

жауға қарсы бірлескен және табанды қарсылық көрсетуге тартқанымен ... бұл іс нәтижесіз аяқталып, көпсанды әскерге аз күшпен қарсы тұруға мәжбүр болды. Ол батыл және қантөгісті шайқас көрсетті, алайда ерекше саны көп жауға қарсы тұра алмай, қашуға мәжбүр болып, өз жасағын хасақтарға (қазақтарға, -Ф.Қ.) бағыттап, осында тағы да әскер жинап, қолайлы сәт туғанда Жоңғарияға қайтадан баруды жоспарлады» (Сибирский Вестник. Ч.14. 1821: 74-78).

«Яғни, осы кезеңде Қытай империясының Жоңғариямен арадағы қатал қырғын саясатын көріп, сонымен қатар Цин империясының Жоңғариямен шектелмей, қарудың күшімен қазақ жеріне де ұмтылатындығын болжай білген Абылай қайткен күнде де осындай сын-сағатты мерзімде Қытай басқыншылығына қарсы тұрар өзіне көмек іздеді. Аталған уақыттағы Ресей патшалығымен арадағы жүргізілген тиімді келісімдер де осының себебінен болғандығы белгілі. Айтылғандармен қатар көреген саясаткер Абылай жоңғарлар арасындағы беделді, сол мерзімдегі елдегі бірден-бір жоғары билеуші болуға лайық Әмірсанаға Қытай тарапынан қауіп төнген кезде оған белсенді тұрғыда әскери көмек көрсетуді де жоспарлады. Әлі қолынан қаруы түспей, Аспан асты елінен өз жерін алып қалуды мақсат еткен Әмірсанамен ортақ жауға қарсы уақытша болсада келісімге келу, осы арқылы қазақ жеріне деген Қытай экспанциясына бөгет жасау қазақ билеушісі тарапынан сол мерзімдегі нақты да батыл істердің бірі болғандығы анық.

Белгілі мерзімде Орталық Азияда әскери ықпалды мемлекет құрып, айналасын соғыс ошақтарына айналдырған, алайда қазақтардың бірлескен күштерінен және қытай әскерлерінен үлкен жеңілістерге ұшыраған, сонымен бірге одан ары ішкі өзара бітіспес қанды бақталастықтан әбден әлсіреп, тұтастығы бұзылып, ыдыраған жоңғарлардың тура сол сәтте жұртына елеулі тұрғыда қауіп тудырмайтыны да Абылайға анық болды» (Ақиқат, №9. 2011: 67-68).

Сондықтан да Абылай жоңғарлар арасындағы әскери дарынды, шешуші сәттерде өзіне берілгендігін әрқашан нақты қимылдары арқылы дәлелдеп келген Әмірсананы қолдап, оны еліне нақты қауіп төнген сәттерде Қытай жаулаушыларына қарсы бірлескен соққы беруде өзіне көмекші етуге шешім қабылдады. Осы сәтті айқындайтын қытайлық тарихи деректе баяндалатынындай: «... Міне осылай бүлікші Абылайға барып тығылды. Әскер басылар ... Әмірсананың ұсталынып, Қытай үкіметіне тапсырылуын қалайтындықтарын білдірді, алайда Абылай бұған қарсы тұрып қана қоймай, Кодзи Боркенді әскерлерімен Нулаға бағыт алған Әмірсанаға жіберді; өзі мың атты әскермен батысқа бет алып, Каоказалак таулары етегінде өзінің көмекшісіне қосылып, біздің (қытайлық) әскерлерімізді күтуге дайындалды» (Прошлое Казахстана в источниках и материалах, 1997: 312).

Көрсетілген кезеңдегі қазақ-жоңғар және қазақ – қытай арасындағы оқиғалардың асқан шиеленісті жағдайға жетуі кезіндегі Абылайдың шешімі туралы Ж.Қасымбаев: «Амурсана әскерінің қалдығымен қашып келіп, сол Абылайдан жәрдем сұрайды. ... егер маған сенім артсаң, менің жауынгерлерім сенің туыңның астына кіреді. Өзің шеш,-деп мәмлеге шақырады. ... Абылай сұлтан ойрат жауынгеріне қол ұшын бермек болды», -деген тарихи анықтама келтіреді (Қасымбаев Ж., 2003).

Жоңғар хандығының тарихын зерттеуші И.Златкиннің сипаттауынша: «Ол Абылайды көмекке шақырды. Абылай көмек беруге келісті және 10 мың әскермен Жоңғарияға келді. ... Үлкен маньчжур армиясының таяп қалғандығын білген Әмірсана Жоңғарияны тастап, Орта жүзге Абылай –сұлтанға қашып, тағы да одан пана тапты» (Златкин И.Я., 1983: 295). Міне осындай жағдайда «Әмірсана Абылай ауылына барып жан сауғалайды» (Мамырұлы К., 2000).

Әмірсанаға байланысты туындаған өзінің мүддесіне қарсы қазақ-жоңғар арасындағы осындай қатынасты Цин империясы түпкі ниетін орындаудағы қолайлы кезең деп есептеді. Сондықтан да Әмірсананы желеу еткен Қытай билеушісі

империяның алдына ұзақ жылдар көлемінде қойылып келген басты мақсат-Жоңғарияны түпкілікті тұрғыда өзіне қосу әрекетіне жылдам кірісті. Міне сондықтан да Әмірсананың опасыздығынан қырылған әскерлері үшін өш алуды мәлімдеп, «... ішкі қарама-қайшылықтардан мүлдемге әлсіреген Жоңғарияға 1756 жылы маньчжур императоры Хун Лидің көпмыңдаған армиясы аттандырылып» (Басин В.Я., 1971: 207), ... «Империяға қаншама қастандық әкелген Әмірсананы қолына тірідей түсіре алмаған император ... аса ашуланған жағдайда қолбасшыларына бүкіл жоңғар халқын әйелдері, балаларын да аямай қырғынға ұшырату туралы жарлығын жіберді. Осы қатігез бұйырық дәлінен орындалып, миллионнан артық адам, көпшілігі кінәсіздер ашкөз билеушінің құрбанына айналды, ...» (Сибирский Вестник, 1971: 75). Аталған қырғын туралы сол мерзімдегі қытай дерегінде: «Біразы Махацин тауына барып тығылғанымен Қытай әскерлері ... тауды қоршап, соңғы адамына дейін өлтірді. Бүлікке қатыспаған олоттардың бір бөлегіне ғана кешірім жасалды», -деп жазылған (Сибирский Вестник. Ч. 3. 1823: 110). «...олардың кейбіреулері ғана, деп көрсетеді XIX ғасырдың ортасындағы орыс зерттеушісі Н.Абрамов,- Сібірге қашып аман қалды. Тайша –Сарен бастаған 10000 ошақ біздің Еділ қалмақтарына тығылып үлгерді» (Записки Императорского русского географического общества, издаваемые под редакцией А.Н. Бекетова. 1861:112).

Цинь империясының жоңғар халқын жаппай қырғынға ұшыратып, бұл мемлекетті жоюдағы асқан қаталдығы туралы сол мерзімдегі деректерді пайдалана отыра Карл Риттер де баяндайды. Оның жазуынша: «Пекиндегі император кенесі бүлікшілді жақсылықпен тапсыру ғана емес, алыстағы Жоңғариянын (Чонь-Карь) тағдырын шешуді мақсат етті. , алайда император Ресейден табандылықпен және сеніммен бүлікшілді тапсыруды, ал өз генералдарынан оның жақтастарын жоюды талап етті. Бұл соңғы талап жыныстары мен жастарына қарамастан миллиондаған элюоттардың өмірлерін шешті. Солтүстігінде Сібір шекарасына, ал оңтүстігінде Бұхара мен жоғары Оксаға дейінгі ешкім кешірім ала алмады. Көпшілігі ұсталынып, өлтірілді, басқалары қайыршылықпен көршілеріне қашты, және соғы даласынан аман қалғандар аштықтан, суық пен қырғыз тонаушыларының шабуылдарынан қырылды. Жоңғарлардың бір бөлегі биік таудың ортасына, атап айтқанда Махицин, шығуы қиын қиын Тянь-Шань болуы мүмкін, жазығына қашты, бірақ онда жан-жағынан қоршауға алынып, қытайлардың қырғынына ұшырады. Бұған дейін еркіндігін сақтаған жиырма бес орда бағындырылып, жартылай қырғынға ұшыратылды, барлық ақсүйектері Пекинге жеткізіліп, император атынан соталынып, өлтірілді. Тек көтеріліске қатыспаған жоңғарлардың өмірлері сақталынды және олар Қытай империясына қосылды» (Землевание Азии Карла Риттера. 1859:159-160).

Бұлармен қатар «Циндіктердің аса қаталдығы ойраттарды ... қазақтар ... арасынан пана іздеуге мәжбүр етті» (Басин В.Я., 1971: 207). Қытай империясы тарапынан жасалған асқан мейірімсіз жорық қорытындысында Жоңғария одан ары өмір сүруін тоқтатты. «Көрсетілген мерзімнен бастап жоңғарлар Қытай империясына толығымен қосылды. Елді басқару үшін бас қолбасшы анықталды және әр жерлерге әскерлер қойылды» (Сибирский Вестник, издаваемый Григорьем Спасским, 1823 год. Ч. третья, 1823:110).

Осындай жантүршігерлік агрессиядан кейін Орталық Азиядағы мемлекеттер мен халықтар арасындағы саяси ахуал өте шиеленісті жағдайға ауысты. Бұл оқиға аталған мерзімде Орал тауларынан Тынық мұхиты жағалауларымен шектесетін Қыыр шығысқа дейінгі жерлерге ауыз салып, осылардың қатарында Батыс Сібірді, соның ішінде Цинь империясы иеліктерімен іргелес қазақтардың Орта жүзі руларының тарихи мекендері ретінде қалыптасқан Ертіс өзені аңғары, Алтай өңірін белсенді тұрғыда отарлай бастаған Ресейге барынша кері әсер етті. Себебі осы шапқыншылық арқылы екі империя арасындағы бәсекелестікке түскен

аталған аймақтарға талқандалған жоңғарлардың негізгі территориясын толығымен өзіне қосып алып, одан ары жаңа жерлерге ұмтылған Цинь әскерлері тарапынан тікелей қауіп төндірді. Қытайға қарсы саясатында тиімді пайдаланып келген жоңғар хандығының талқандалуы патша үкіметінен жедел түрде нақты шаралар қолдануды талап етті. Алайда Қытаймен арадағы сол уақыттағы кең ауқымды соғыс жағдайына дайын емес Ресей өзінің әрекеттерін сақтықпен бастады.

Орын алған жағдайдағы «Жоңғарияның күйрейтіндігін көре білген Орынбор генерал-губернаторы Неплюев 1756 жылдың өзінде Зайсан көліне дейінгі жерге ие болудың жоспарын жасады. Бұл жерлерге сипаттама жасау, Зайсан көліне дейін қамалдар салу туралы жарлық берілді; алайда уақыт кеш болды. Жоңғария күйреп жатты, ал Сібірге тығылған қалмақтар естерін жия алмай, манчжур-қытай әскерлерінің жауыздықтарын зар етті. Губернатор Митлев алға қойған мақсатқа жетудің ешқандай шараларын таба алмады, себебі уақыт өтіп кеткен еді, оны іске асыратын адамдар табылмады. Ол ... Орынбор өлкесіндегі белгілі бүлікті басуға полктер тартылуы себепті бос әскерлер болмағандықтан шекараға қытай әскери күшін тоқтата алатын (тосқауыл,-Ф.Қ.) қоя алмады» (Словцов П., 1844: 410-411).

«... Жоңғар хандығын жер бетінен аластаған,-деп жазылған аталған тұрғыдағы ХХ ғасыр басындағы орыс жазба деректерінде,- қырғынды қытай-жоңғар соғысы шекара жүйесін одан ары отарлауға жаңа екіпін берді. Тура жанынан көшпенді Қалмақтар немесе Қырғыздарға қарағанда оған қарсы үлкен күш, ауқымды жігерді қажет еткен қаһарлы көрші пайда болды. Таяп келген қауіптен қорғануға кепіл болатын тұрақты шекара қоныстарын салу, осы арқылы шекараны қорғауды ойлау керек болды. Шекара жүйелерін отарлаудың негізі ... қамал казактары болды...» (Материалы по киргизскому землепользованию... Павлодарский уезд, 1903).

Ішкі қарама-қайшылықтың және осының негізіндегі Қытайдың ашық агрессиясы салдарынан күйрей бастаған Жоңғариямен арадағы шекараны нығайту, мүмкін болар Қытайдың қарсы әрекетіне тосқауыл қою мақсатымен Ресей сақтық шараларын жасауға кірісті. Шекараны нығайту, қосымша әскер күштерін дайындауға көңіл бөлінді. Бұл шараға тұрақты жаңа әскери бөлімдер дайындаумен қатар Жоңғариямен соғыстағы тәжірибелері және өзіндік есептері бар қазақ жасақтарын пайдалану жоспарланды. Алайда қазақ Ордаларының жетекшілерінің өздерінің мақсаттары болғандықтарын тарихи деректер айқындай түседі. Мысалы осы тұрғыдағы «Иркутск жылнамасында атап көрсетілгеніндей, 1757 жылдың сәуірінде Петербургтен жасалған сапарында кеңесші Братищев және майор Якобий арнайы құжатпен мамыр айында Пекинге аттанды. Олар Пекиннен 1758 жылдың қаңтарында қайтып оралды және 4 күннен кейін Петербургке қайтып кетті. Аталған сапар Жоңғарияның тағдырына арналғанына күмән жоқ еді. Өйткені, 1758 жылы Пруссиямен соғыстың жалғастырылуына және Орынбор өлкесіндегі жағдайға қарамастан драгун полктерінің сандары арттырылды, Омбы мәліметтері бойынша Сібір шекарасында, онымен бірге Тобольскіде Кіші Орданың ханы Нұралының шағын жасағы негізделді, Левшиннің жазбасынан белгілі болатынындай, 1758 жылдың 19 наурызындағы грамотамен Қытайға қарсы ынтымақтасуға онымен бірге Орта Орданың сұлтаны Абылай шақырылды; екеуі де уәделерінен үміт аз және сенімсіз болғанымен Қытайға қарсы соғысуға келісімдерін берді. Алайда ұлыстарға деген биліктерінің әлсіздіктерінен сөздерін орындай алмайтын еді, егерде ордалықтарды атқа қондыра алғанда өзара соғысушы екі жақ та өз лагерлерін тонаудан құтқара алмас еді. Тығылған қалмақтарды қуып келе жатқан қытай әскери отряды Ресей-Жоңғар биліктерін бірдей мойындағандардың Телец көлі мен Бұқтырма өзені аралығындағы көштеріне таяп келгенде ... қырғыздар бейтарап қос билікті мойындаушыларды тонап, 200-ден артық адамды тұтқынға алып кеткен» (Словцов П., 1844: 432-433) - деген жазбаша сипаттама бұл айтылғандарға дәлел болатын СИЯҚТЫ.

Патша үкіметінің Қытай шекарасына дейінгі осы аймақтарды әскери, өнеркәсіптік, шаруашылық тұрғыдағы отарлауы ХІХ ғасыр соңына дейін созылып, оның мақсаты толығымен орындалды, Қытайға дейінгі даулы жерлердің түгелі жойылып Ресей империясының құрамына қосылып болды. Алайда Абылай хан қайтыс болғанға дейін патша үкіметі оның талабымен санасып, қазақ жерін отарлау одан кейінгі мерзіммен салыстырғанда бәсеңдігі, істің артын күткендігімен ерекшеленгендігі белгілі.

Қытай империясы тарапынан жоңғарларға қарсы жасалған аталған қанды қырғын осыған дейін шиеленісе түскен қазақтармен арадағы қатынасты да одан ары ушықтырды. Абылайдың Ресеймен жақындасып, оның билігін мойындауы, сонымен қатар өзіне қарсы Әмірсанамен одақтастығы Қытай императорының нақты да, жедел әскери қимылдарға көшуіне қолайлы сылтау болды. Оқиғаның осылай қалыптасуына орай Қазақтың Орта жүзі мен Ұлы жүзі Қазақстан жөнінде де басқыншылық жоспарлар жасаған орасан зор агрессияшыл Цин империясымен бетпе-бет қалды. 1756 жылдың көктемінде Абылайға Әмірсананы ұстап беруді талап еткен грамота жіберілді. «Өздеріне келешекте төнетін қасірет туралы мықтап ойлаңыздар, сонан соң өкінесіңдер, бірақ кеш болады», -деп қорқытты император қазақтарды. Дегенмен де Абылай қытайлықтарға қарсы тұруға шешім қабылдады» (Қазақстан тарихы. Т. 3., 2010: 249). Әмірсананың айналасындағы тартыстың барынша күрделене түсуі негізінде Цин әскери басшылығына Әмірсананың тығылған жері белгілі болғаннан кейін Абылайға «Әмірсананы беру, егер ондай жағдай болмағанда соғыс ашатындығын талап еткен» жаңа елшілік жіберілді. Үзілді-кесілді қарсылық алғаннан кейін цин үкіметі армияларға Қазақстанға солтүстік және оңтүстік бағыттарда екі топпен жылжу туралы бұйрық берді. Абылай қазақ әскерлері мен Әмірсананың адамдарынан жасақ жинап, цин әскеріне қарсы шықты» (Сулейменов Р.Б., Мойсеев В.А., 1988: 58).

Оқиғаның одан арғы барысы көрсеткеніндей: «1756 жылдың жазында Қазақстан аумағына екі ірі топқа бөлінген Цин армиясы басып кірді. Солтүстіктегі армияны маньчжур генералы Хадаха, батыстағысын –генерал Дардана басқарды. Қазақтар мен қытайлардың алғашқы қақтығысы 1756 жылдың мамырында Шаған Оба ауданында болды» (Қазақстан тарихы. Т. 3., 2010: 249). Қарулы шайқастың бітіспестігі айқындалып, «жазбойғы қантөгіс-алма-кезек шабуыл, ит жығыс күрес үстінде өтеді. Қазақтармен бірге Әмірсана бастаған қалмақ шерігі де қайтпай соғысады» (Мағауин М., 1995). Туған жерлерін өліспей беріспеуге бел шешкен «... 10 мың адамдық қазақ әскерлері Қалмық Толағай және Аягөз өзені аңғарларында бірнеше күшті соққылар берді» (Басин В.Я., 1971: 59). Бірақ та күші еселеп басымдық танытқан саны көп қытай жаулаушыларына барынша нәтижелі тойтарыс жасалған «Қантөгісті шайқастан кейін қазақтар батысқа қарай шегінуге мәжбүр болды» (Қазақстан тарихы. Т. 3. 2010: 249).

Абылай бастаған қазақ әскерлерінің барынша ерлікті қарсыластарынан және соғыстың нәтижесіз ұзақ уақытқа созылуынан сескенген Цин империясы Абылайды келісім арқылы өзінің алдына қойған мақсатын орындауға көндірмек болды. Нәтижесінде «1756 жылы оған Қытай елшілігі келді» (Левшин А.И., 1996). Бірақта Қытай басшылығы тарапынан Әмірсананы ұстап беру туралы айтылған үзілді-кесілді ұйғарым Абылай тарапынан орындаусыз қалдырылды. Қойған талаптарын орындата алмаған Қытай императорының жарлығымен «... 1756 жылдың аяғында соғыс қимылдары қайтадан Жоңғария аумағына ауысты. Жоғарғы Ертісте, Аягөзде қазақ жасақтары пайда болды, жоңғарлардың Қытайға қарсы қозғалысын тағы да Әмірсана басқарды. Алайда күрес нәтижесі белгілі болатын. Көктем ішінде цин әскерлері көтерілісшілердің бытыраңқы топтарын талқандап, 1757 жылдың жазында Тарбағатай таулары арқылы қазақ жеріне келіп кірді» (Қазақстан тарихы. Т. 3., 2010: 250).

Жоңғарияны талқандап, бүлікшіні ұстап әкелу мақсатында асқан қатігездік соғыс жүргізген қытай қарулы күшіне қарсылық көрсете алмай, әскерлері қырғынға ұшырап, бұл жолы да Абылайға барып, көмек сұраған Әмірсананың шарасыздығы туралы қытай мағлұматтары төмендегідей анықтама береді: «... Жиырма екінші жылы (1757 жыл) маршал Чао Гуей және дзан-дзан Фу-То батыста соғыс жүргізіп жатқан кезде Әмірсана тағы да қазақтарға қашты» (Прошлое Казахстана в источниках и материалах, 1997: 313). «... Төрт бұрышын түгел алып, жоңғар хандығын додалаған чин әскерлері Амырсананың әскерін талқандап, оның сенімді серігі Чингүнжавты қолға түсіріп, Бежіңге апарып қамады. Амырсана қайта шегініп, Жаркент тұсынан қазақ даласына асып, тағы да Абылайға бас сауғалады. ... Оқиғаның өрбуін сырттай бағдарлаған Абылайдың да өрісі тарылып отыр. Бірақ, Амырсананы көпе-көрнеу ұстап беріп, өз басын ала қашуға арнамысы жетпесе де жоңғар үшін қазақтың қанын төгуге болмайтыны әмбеге аян еді.

... Неғылғанмен ықтай – жалдап, бір ыңғайын келтіру үшін (Қытаймен,-Ф.Қ.) дүркін-дүркін елші алмасып, уақыт ұтып, сөз бұйдаға сала беруді көздеген»,- деп жазылған аталған мазмұндағы тарихи жазбаларда (Тәукебайұлы С., 2000: 219-220).

Яғни, Абылай Қытай империясының жоңғарларды талқандағаннан кейін онымен тоқтамай қазақ жеріне тікелей қауіп төндіретіндігіне күмән келтірмеді. Сондықтан да Абылай батырларымен ақылдаса отыра осындай шешуші сәтте Әмірсананы соңына дейін қолдау, оны Қытайға бермеу, қажет болса бірлескен қарулы қарсылық көрсету туралы шешімге тоқтайды. Аталған уағдаластық жайында ғасырлар бойы ұмытылмай келе жатқан ... «Қандыжап, Мамырсу бітімі» -1757 жылы жасалған. Абылай хан қалмақпен шайқасып жатқанда, шабылған қалмақ Еженхан атынан Құлжадан көп әскермен шығып, жапа көрген қалмақтар екі мыңдай адамды алып, екі жақтың ортасында, Аягөз суының етек жағы –Батпақ су жеріне түсіп, Абылай ханға елші салады. Абылай да мыңнан аса қолмен, лай су бойында бітім жасасады. Көк қасқа айғыр мен қара бас қошқар сойылады, қолдарын қаңға батырып, шарт бойынша кешірім болып, күн, мал дауы болмады. Лай суды халық «Мамырсу» деп атап кетті» (Аякөз энциклопедиясы, 2010).

Орын алған оқиға туралы XIX ғасырдың басындағы орыс дерегінде: «Әмірсана тағы да күшін жинап, хасақтармен (қазақтармен,-Ф.Қ.) өзіне көмек көрсетуді талап еткен келісім жасады»,-деп көрсетілген (Сибирский Вестник, издаваемой Григорьем Спасским. Часть шестнадцатая. 1821: 74).

Міне осылай «Жоңғариядағы көтеріліс және Абылай, сонымен бірге тағыда басқа қазақ батырлары тарапынан Әмірсанаға белсенді көмек Цин империясының жоспарларын болдырмады. ... жоңғар тағына өз адамын қоюға үміттенуі, тіпті бұлай болмағанда Әмірсананы бұрын жоңғарлар басып алған байырғы қазақ жерлерін қайтарып алу жолындағы күресте пайдалану оны (Абылайды,-Ф.Қ.) Әмірсананы белсенді түрде қолдауға мәжбүр етті» (Сулейменов Р.Б., Моисеев В.А., 1988: 56,57).

Жоғарыда келтірілген мысалдар барша маңайына үстемдік орнату мақсатында территорияларын әдейі танудан бас тартып, оларды құрамына қосуға шындап кіріскен Цинь империясына көшпенді халықтардың өзара біріккен жағдайда қаһарлы күшке айналатындығын ескерту де Абылайдың болашақты болжай білгендігіне нақты дәлел болады.

Абылайдың Әмірсананы әрқашан өзіне паналатып, көмектесіп келгендігі туралы тарихи құжатта: «Батысты бағындырушы» цзян цзюнь Дардана ... хабардар етеді: ... тұтқындар айтты: «Әмірсана қазақ жеріне аяқ басқаннан бастап біздің жүздің көрі ақсақалдары, ол шүршітке бағынып, төрт ойраттың түбіне жетті. Енді оған сатқындық жасап, біздің жерімізге қашып келді, сонымен бізге бақытсыздық

өкеледі. Егер оны ұстап алып, қайтарып бермесек, ешқашан тиыш өмір сүре алмаймыз», - дейді. Бірақ, Абылай «Әмірсапа өлімнен қашып, қарағанға қорғалақтаған торғайдай. Оны ұстап алып, шүршітке беру арға сын» деп Әмірсапамен келісім жасап, қазақ руларынан әскер жинақтауға бұйырды»,- (Артықбаев Ж.О., 2000) делініп, Абылайдың халқының мүддесі үшін осындай ойластырылған шешімдерге бара білгендігін айқындайды.

Хандықтың ішіндегі бақталастық пен қарулы қақтығыстардан әбден әлсіреп, жікке бөлінген және осының салдарынан өздерімен жаулық қатынастағы елдерге қауқарсыздық көрсете бастаған Жоңғариядағы соңғы беделді тұлға Әмірсананы барынша өз мақсатына пайдалану аталған мерзімдегі Абылайдың қазақ-жоңғар және қазақ-қытай қатынасының негізі болғандығы белгілі. Сонымен бірге Әмірсананың болашақ тағдырына айналған оған деген Қытайдың талабын орындауы арқылы Цинь империясының қазақ жерін иеленуге ұмтылысын болдырмау да Абылайдың басты мақсатына айналды. «Уақыт өте келе жағдай өзгеріп, қытай әскер басылары жаулары тарапынан үнемі соққыға ұшырай отыра жоңғарлар жерінен шабуыл жасауға мәжбүр болды. Міне осылай аталған жорық та сәтсіздікпен аяқталды», (Сибирский Вестник, издаваемая Григорьем Спасским. Часть шестнадцатая. 1821: 74-75) – деген тарихи сипаттамадан белгілі болатынындай Әмірсапа мен Абылайдың біріккен қолдары күші басым қытай әскерлеріне ойдағыдай соққы берген. «Ұрынхай ұлысынан қашып шыққан шивей Дашань да (Қытай әскерлерінің гвардиялық офицері,-Ф.Қ.): «Әмірсананы құтқаруға Абылай келген екен, оны талқандау қиынға түседі» (Кузнецов В.С., 1980:105) -деген сөздер естілетіндігін айтқан» деген келесі жазба анықтама да Абылай мен Әмірсананың біріккен күштерінің Қытайдың тұрақты әскерлеріне ерлікпен тойтарыс бергендігін одан ары дәлелдей түседі. «Алайда Қытай әскер басы Фуде көпсанды атты әскермен олардың артынан ере отыра, Хан (Абылай хан,-Ф.Қ.) мен сұлтандарға кімде-кім сатқын Әмірсапаға пана беретін болса империяның жауына айналатындығын жариялап, Жоңғария сияқты қарудың күшімен жазаланатындығын ескертті» (Сибирский Вестник, издаваемая Григорьем Спасским. Часть шестнадцатая. 1821: 77-78). Мұндай ескертуден кейін іле-шала Қазақ хандығына қойған талабын орындату және оны әскери күш арқылы жазалау мақсатында «Әмірсананың Абылай сұлтанның көші өңірінде тығылып жүргенін білген отряд (қытай отряды,-Ф.Қ.) Орта жүзге бет алды» (Қасымбаев Ж., 2003: 296).

Абылаймен арадағы орын алған осындай шиеленісті жағдайды бірден кең ауқымды шабуыл арқылы шешуді іске асырмақ болған Цинь әулеті Ресей империясының Қазақ хандығымен сол мерзімдегі орын алған қатынасты үнемі ерекше бақылауға алып келді. Осыған байланысты мүмкін болар Әмірсананың Абылайдың араласуымен Ресей билігінің қамқорлығына алынуын болдырмауға қытайлықтар баса назар аударды. Сондықтан да бұл оқиғаның өзінің мүддесіне сай аяқталуына Ресей үкіметінің бейтараптығын қамтамасыз ету мақсатында «... 1756 жылдың соңында Пекиннен Петербургке ...Әмірсапа қазақтарға қашқан сатқын екендігі, соңғыларына (қазақтарға,-Ф.Қ.) оны және жақтастарын ұстап беруді талап еткен әскер аттандырылғаны туралы хабар берілген хат жіберілді» (Златкин И.Я., 1983: 301).

Осыдан кейін «...Аяғөз ауданында қазақтардың қытайлармен соңғы шайқасы өтті. Тамызға қарай қытайлар Семей бекінісі ауданында Ертіске дейін жетті. Қазақ билеушілері Жоңғарияны қалпына келтіру үшін күрестің келешегінің жоқ екендігін түсіне бастады. Абылай, Әбілпейіз сұлтандар мен Қожаберген батыр қытайлармен келіссөз жүргізіп, өздерінің жеңілгенін мойындады, Цинь империясымен саяси және экономикалық байланыстарды жолға қоюға тілек білдірді. Қытай әскери басшылығы Абылайға Пекинге елшілік жіберуді ұсынды, оған сұлтан келісті және 1757 жылдың қыркүйегінде Ханжігер мен Өміртай

бастаған елшілік жіберді. Императордың қабылдауы кезінде қазақ елшілері, бір жағынан, өздерінің 1756-57 жылдардағы Қытайға қарсы қимылдарын қателік және Әмірсананың арамдығы деп түсіндірді, екінші жағынан, Тарбағатайды өздерінің заңды қоныстары деп жариялап, оны қазақтарға беруді талап етті.

...Қазақстанның Қытаймен бұдан кейінгі қатынастары негізгі екі проблемаға байланысты болды. Біріншісі және ең маңыздысы жер проблемасы еді. Қазақтар жайылымдарды, әсіресе Ертіс пен Іле аңғарындағы және Тарбағатайдағы бай жерлерді қайтарып алуға ұмтылды. Ал циндер бұрын Жоңғарияға қараған барлық жерге дәмеленді», (Қазақстан тарихы. – Т. 3. 2010: 250,251) -деген тарихи баяндамалар оқиғаның одан арғы барысын саралайды.

Абылай жіберген елшілермен болған аталған кездесуде Қытай әкімшілігі оған хат жолдап, онда: «Абылай, сендер шалғайда жатқан бөтен елсіңдер. Егер сендерге моңғолға жасағандай ішкі жасақ тәртібін қолдансақ, қысым көріп қаласыңдар. Демек, бұрынғы салт-жүйелерінде бола беріңдер ... Елші жіберіп, патшаға сәлем беріп тұрсаңдар, рақым көресіңдер.

Ал, сенің елшің бізге жеткізген: «Тарбағатай тегінде біздің байырғы жайлауымыз еді, сол жерді патша бізге берсе» деген сөзге келсек, бұл жерлер жаңа ғана тыныштандырылған. Әлі иен жатқан өңір.

Патша, әсілі, ол жерді сендерге қиып бере салушы еді, бірақ сендер бізге еңбек сіңірген жоқсыңдар, ебін тауып ел болып алғансыңдар. Сондықтан, ол жерлерді сендерге сиға бере салу мемлекеттің тәртібіне қиғаш келеді.

Сендер егер, бұрын айтқандай, Әмірсананы тұтқындап әкеліп беретін болсаңдар, онда ол жерлерді жарылап беруге болады», - (Абылай хан, 2005) деген талап қойылып, қытай-қазақ қатынасының нәтижесі жоңғар ноянын ұстап беруге байланысты екендігі ескертілді.

Сол дәуірдегі тарихи деректердің мазмұны – бұған дейін өздерінің басқыншылық саясатында елеулі күш ретінде есептеліп келмеген Әмірсана бастаған жоңғар қолының қытай әскерлеріне қарсы табысты жорығы аймаққа билік жүргізіп, бағыншытылыққа ұстауға арналған Қытай императорының жоспарына барынша нұқан келтірді. Сондықтан да оны жазалап, кек алу, осы арқылы басқаларға, соның ішінде Абылайға ескерту жасау Цинь әулеті билеушісінің аталған мерзімдегі басты іс-қимылына айналды.

Атап айтқанда, Әмірсананы ұстап, жазалауға арналған Әскери Кеңес мәжілісінде «... қаржы палатасының бастығы Ярхашань - Егер де Әмірсананы өзіне жасырып ұстайтын болса біздің шыдамымыз таусылатынын Абылай білсін, әскер жіберіп, халқын толығымен қыратындығымызбен қорқыту керек» (Кузнецов В.С., 1980:106) - деген мәлімдеме жасаған. Осыдан кейінгі 1757 жылдың 1 қыркүйегінде Қытай билеушісі Абылайға: «Айтуға қарағанда, бүлікші (Әмірсана) біздің жерге қашып келген болса, дереу ұстап, тапсырамыз депсіз, мен бұл сөзіңізге көміл сенемін. Сіз қазір мемлекетіміздің мәдениетіне пейіл беріп, адалдықпен бағыншытылық білдіріп отырсыз. Бірақ мынаны ұғынуыңыз лазым: Жоңғарлар жайлаған жерлердің барлығы да біздің иелігіміз. Ал сіз өз еліңіздің топырағын қапысыз қорғаныз. Біздің иелігімізге бей-берекет соқтығушы болмаңыз», (100 күжат, 1998) – деген ескерту жасап, өзінің жоңғарлар иеленіп келген қазақтардың тарихи өңірлеріне деген жаулаушылық мақсатын мәлімдеді. Егерде бұл талап іске асқан жағдайда кезінде Жоңғар хандығы күшпен басып алған Орта жүзі руларының ата-мекендері – Тарбағатайдан бастау алып, Зайсан көлі, Қара Ертіс аңғарларын қамтыған Алтай өңірінің Қытайға кететіндігін паш етті. Яғни, Қытайдың осындай талабын орындау қазақ жерінің тұтастығынан айрылып, халқының бір бөлегінің барынша қатал империяның қол астына өтуі қаупін тудырды.

Міне осындай сын-сағатты шақ туғанда жұртының бірлігін, ата-мекенінің тұтастығын, халқының саулығын сақтауды барша өмірінің мәні еткен Абылай

Қытай әміршісінің талабын іске асыруға көнді. Алайда оның шешуші сәттерде, соның ішінде Қытай әскерлерінің еліне басып кірген кезінде өзіне адалдығын дәлелдеп, оларға қарсы қазақ батырларымен бірге ерлікпен шайқасқан Әмірсананы арапа жатқан жолында босаттырып жібергендігі туралы айғақты деректер бар.

Аталған тұрғыдағы Шәкәрімнің жазуынша: «Абылай Әмірсананың айтқанын қылды да Қытайға берді. Былай шыққан соң, үш күн өтпей, Әмірсана біртұман күні қашып кетіп және Абылайға келген соң, Абылай ұстап тұра алмай, орыстың Екатерина екінші деген қатын патшасына жіберіпті. Қытайлар қайтып келіп сұраса, Абылай -өздеріне бергенмін, деген соң қайтып кетіпті» (Шаһкәрім, 2008: 342).

Қазақ билеушісі тарапынан қабылданған осы дұрыс ұйғарым еліміздің Қытаймен арадағы қатынасындағы орын алған барынша шиеленісті жағдайдың, екі жақ арасындағы туындаған жер мәселесінің еліміздің мүддесі үшін тиімді тұрғыда шешімін тапқандығы одан кейінгі тарихи оқиғалар арқылы дәлелдене түскендігі белгілі.

Жағдайдың лажсыздан күтпеген бағыт алуына орай «Әмірсана туыстарының жанұяларымен алдымен Қайсақтарға (қазақтарға, -Ғ.Қ.), одан кейін Сібірге қашты және сол жылдың шілде айында Тобольскіде пайда болды. Оның артынан осында ұлы Пунцукпен бірге әйелі Бетей келді. Әмірсана Тобольскіде шешектен қайтыс болды, ал оның әйелі Еділ қалмақтарына жіберілді; одан ары оның өтініші бойынша Санкт-Петербургке келіп, 1761 жылғы 7 қыркүйекте қайтыс болды» (Записки Императорского русского географического общества, издаваемые под редакцией А.Н.Бекетова, 1861: 111).

Нақтылап айтқанда: «Әмірсананың әйелі, Галдан-Цереннің қызы Санкт-Петербургтегі Императрица Елизаветаның сарайы жанында қайтыс болды, ал оның ұлы осы мерзімде граф Потоцкий кезінде Варшавада тұрды» (Землевладение Азии Карла Риттера, 1859:159).

Тобольскіге қашып келіп, орыс үкіметінен пана іздеген Әмірсана туралы ресей деректерінде: «1757 жылдың бүгінгі, 21 қыркүйек күні ... туғанынан 35 жыл өткен зюнгар нойоны Әмірсана шешектен қайтыс болды», - (Кузнецов В.С., 1980: 155) деп жазылды. Міне осылай, «Алғашында Давацидың одақтасы және досы, одан кейін қас жауына айналған, алдымен өз халқын сатып, Цин империясы жағына өткен, ал одан кейінгі екі жыл бойы жаулаушыларға қарсы азаттық соғысын бастаған, осы азаттық күрестің туына айналған адамның аз ғана, алайда тынымсыз өмірі (35 жыл ғана өмір сүрген) тоқтады» (Тәукебайұлы С., 2000: 302). «Алайда Пекинде Әмірсананың өліміне ұзақ уақытқа дейін сенім болмады. Осы арқылы Аспан асты елінің оған деген қорқыныш пен жеккөрушіліктің аса үлкен болғандығы айқындала түсті. ...1758 жылғы 4 наурызда Хун-ли «бүлікшіл және ұрының өлгеніне толығымен сенуге болмайды деп есептейтіндер бар» деген мәлімдеме жасаған» (Кузнецов В.С., 1980:164).

Әмірсананы тірідей қолына түсіре алмай «...ашуланған император Кань-Лунь бүлікшілді беру туралы бірнеше рет талап қойды, Тіпті Жоңғар князының денесін беруден Санкт-Петербург Сенатының бас тартуы Ресей мен Қытай арасындағы қатынастың үзілуі жағдайын тудырып, одан ары жалғасқан шекара даулары және Амур арылы еркін су қатынасын іске асыру талабы ешкімге сенбейтін императордың ашуын келтірді» (Землевладение Азии Карла Риттера, 1859:159).

Міне, сондықтан да «Қытай трибуналы Сібір Губернаторы Саймонов арқылы Орыс мемлекеті қытайлықтарға көрсету және бұл жауыз және бүлікшінің шындығында өлгендігіне күдік болмас үшін Әмірсананың денесін Кяхтаға жіберуді сұрады. Бұл туралы Мемлекеттік Абқан вехехенің 23 жылғы айдың 1,23 санғы (18 ақпан 1758 жыл) және айдың 1 күнгі (сол жылдың 28 наурызы) жазған трибуналдың екі бетті жазбасын Саймонов сол жылдың 25 мамыры және 27 маусымында сыртқы істер коллегиясына тапсырды. Әмірсананың

денесі сонда жерлеу туралы нұсқаумен Қяхтаға жіберілді» (Записки Императорского русского географического общества, издаваемые под редакцией А.Н.Бекетова, 1861:112).

Баяндалған оқиғаға байланысты: «Қытайлықтар шекарадан өтушілер туралы Бурин трактатының баптарына сүйене отыра Мемлекеттік Сенатқа бірден жіберілген құжатпен (ресми қағазбен) соңғы жоңғар ханы Әмірсананы және Ресейге өткен барлық зайсандарды беруді талап етті. Біз жағынан оларға еске алынған Бурин трактатының бабы қытай тұрғындары тарапынан өтушілерге арналғандығы еске салынды. Ал жоңғарлар біздің шекарамыздан оларды қытайлықтардың толық бағындырғанына дейін өткендігі, сондықтан да олардың бұл мерзімде қытайдың бағыныштылары болмағандықтары, сондықтан да бұл баптың шешімі оларға тарамайтындығы еске салынды. Ал қытай елшілерінің 1731 жылғы Петербургте болған кезінде бұл іс бойынша ешқандай шарттар жасалмаған болатын. Мұндай талапқа әділ жауап берілгеніне, сонымен бірге Тобольскіде шешектен қайтыс болған Әмірсананың сүйегі қытайлықтарға көрсету үшін Қяхтаға жіберілгенімен олар бізге қарсы әділетсіз және ауыр кемсітушілік талаптарын тоқтатпады. Мысалы, шекара істеріне арналған жазбаларда әрбір қолайлы сәтте қырғыз ханы Абылай өз билігіндегі Орта Орданың қырғыздарымен өз еркімен Қытай билігіне өткендігін еске сала отыра бұл халықтың оған деген құқығы ретіндегі Орта және Үлкен Орданың қырғыздары мекен етіп отырған жерлерге өздерінің талаптарын қоюға тырысты. Ал шындығында бұл іс мүлдем басқаша орын алған еді» (Бабков И.Ф., 1912:150), –деген тарихи мағлұмат сол мерзімдегі бұл істегі Ресей мен Қытай арасындағы орын алған қатынастың күрделі сипат алғандығын көрсетеді

«... Әмірсана қалмақтардың соңғы ханы болды, бірақта Қытай империясынан бөлінген бүлікші ретінде хан қатарында есептелмейді. Оның әйелі Пекинге әкелініп, халықтар түрмесінде ұл туып, түрмедегі қаталдық жағдайында тәрбиеленді, алайда түрме қызметкерлері оны үнемі ақсүйек (принц) деп атаған», - (Сибирский Вестник, издаваемый Григорьем Спасским, Часть третья. 1823:108) деген сол мерзімдегі қытай дерегінен Әмірсананың тіпті жаулары тарапынан құрметтеліп, ерлігін мойындағандығын аңғаруға болады. «Өзінің адаасулары мен кемшіліктеріне, жекебас мақсаттарына қарамастан, ... Әмірсана Орталық Азия халықтарымен арадағы қатынасында негізгі орын алған және де оны үнемі іске асыруға ұмтылған Қытай билеушілерінің басқыншылық ниеттеріне қарсы нақты күресуші болды», (Кузнецов В.С., 1980:168) -деген тарихи баға да Әмірсананың өмірінің соңғы кезеңіндегі қызметінің мәні мен мақсатын айқындай түсетіндігі анық.

Айтылғандармен қатар, Әмірсананың Жоңғар хандығындағы орын алған карама-қайшылықтарды шешу жолында және сонымен қатар өздеріне Цинь империясы тарапынан нақты қауіп төнген ел тағдыры шешілер сәттерде Абылаймен бірге болып, жауынгерлік серіктестігіне айналуы сол мерзімдегі қазақ қоғамынан қолдау тапқандығы белгілі. Осылармен бірге монғол халқының тағдыры анықталар сәт туған кезде оның бостандығы мен амандығын қамтамасыз ету мақсатында барынша күші басым Қытай жаулаушыларына қарсы азаттық соғысына бас болып, тойтарыс бере білуі ұрпақтарының арасында кеңінен құрметке бөленіп, ол қайтыс болғаннан кейін де есімі мен ісі ұзақ жылдар сақталып келді. Атап айтқанда: «1879 жылы Солтүстік-Батыс Қытайға белгілі орыс монғолтанушысы А.М.Позднеев сапар жасаған. Өзінің жеке бақылауларының нәтижесінде ол, дәрбәттер мен хойттар Әмірсана мәңгілік өміршендікке айналған және қазіргі күнге дейін орыс иеліктерінде тұратындығына сенеді. ... Осының негізінде дәрбәттер Әмірсана оларды Қытай билігінен босату және Жоңғар патшалығын жанадан негіздеу үшін Ресейден келетіндігіне үміттенеді деп жазған. ... 1908 жылдың маусымында орыс ғылыми экспедициясы дәрбәттердің жайылымдықтарына лагерлерін тіккен. ...

олардың арасында болашақ академик Б.Я.Владимирцов те болған орыс жихангер-зерттеушілеріне жас дәрбэт малшы келген. «Біздің Ресейден келе жатқанымызды білген,-деп айтады Б.Я.Владимирцов,- ол бірден бұрынғы ойрат ханы, оның пікірі бойынша осы күнге дейін Ресейде тұратын және де ең таяу уақытта дәрбэттер арасында болуға тиісті Әмірсана туралы сұрай бастады» (Кузнецов В.С., 1980:164-165,167) - деген жекелеген деректер осыған дәлел болатындығы белгілі.

Қиын сәттерде өзіне одақтас бола білген Әмірсана қайтыс болғаннан кейінгі мерзімдегі тиімді жағдайдың қалыптасуына орай Абылай ғасырлар бойы туған халқына шапқыншылық жасап, күйзеліске ұшыратып келген жоңғарларға қазақтардың қуаты мен күшін көрсету, осы арқылы оларды жұртының ата-қонысынан толығымен аластатуды мақсат етіп, бірнеше әскери жорықты іске асырды. Мысалы: «1757 жылы сұлтан Абылай және батыр Қошқарбай бастаған Орта Орданың (Орта жүздің,-Ф.Қ.) қырғыздары Алтайға басып кіріп, көпсанды тұтқын төленгіттерді (төленгет- Алтай қалмақтары,- Зобнин Ф.) алып кетті» (Зобнин Ф., 1901). XIX ғасырдың басындағы белгілі Сібір тарихын зерттеуші Г. Спасскийдің көрсетуінше: «Ол (Абылай,-Ф.Қ.) 1771 жылы Ресейге қашу кезінде оларды (жоңғарларды,-Ф.Қ.) талқандады және көпшілігін тұтқынға алды» (Сибирский Вестник, издаваемый Григорьем Спасским.1820. Часть девятая). Қазақтардың шабуылынан аман қалғандары Ресейге қарай бет алды, алайда Қытаймен арадағы қатынасты одан ары шиеленістіруге мүдделі емес орыс үкіметінен пана таба алмаған жоңғарлар тобы, яғни, «33000 үйден тұратын үлкен қалмақ Ордасы (160 мың адам) 1771 жылы Еділден қайтадан Жоңғарияға қайтты. Олар Орал, Торғай облысы және Ақмола облысының Атбасар уезі арқылы өтті. Мұнда қалмақтар қырғыздардың Орта жүзінен (Абылайдың әскерлерінен,-Ф.Қ.) қатты қарсылық кездестіріп, Балхаш көлінің оңтүстігіндегі құмды бос далаға жылжып, осында олардың көпшілігі аштық пен шөлден қырылды, тек 70000-ы Қытай иелігіне жетті» (Козырев А., 1905).

Жоғарыдағы келтірілген мағлұматтар әрқашан уағдаластығына берік, жауына бітімсіз бола білген Абылайдың мемлекеттік қайраткерлігін барынша айғақтайтын нақты дәлелдер қатарына жататындығы белгілі.

Қорытынды

Бүкіл өмірі күреске, қарама-қайшылыққа тап болған Әмірсана аталған мемлекеттің өмір сүруінің соңғы сын-сағатты мерзімінің тарихында елеулі тұрғыда орын алады деп тұжырым жасауға болады.

- Сол мерзімде Әмірсана жоңғар ақсүйектерінің жоғары тобының арасындағы үнемі орын алып келген билікке таласқа белсене қатысып, оның негізгі ұйытқысына айналды.

- Ел ішіндегі тұрақты орын алған бақталастықтан күйзеліп, халықтың тұрмысы нашарлап, шаруашылығы құлдырап, әлсірей түскен мемлекеттің бірлігін қамтамасыз етіп, қуатын арттыруға жаңа күш, дарынды билеушінің керек екендігі аталған уақыттағы Әмірсананың тұлғасы арқылы айқындала түсті.

- Сонымен қатар оның мемлекетке үнемі қатер төндіріп, оны қиратуға ұшыратып келген Қытайға қарсы ұйымдастырған бірнеше нәтижелі жорықтары, осы мақсаттағы жүргізген дипломатиялық саясаты егерде жоңғар қоғамынан қолдау тауып, ол билік басына келгенде бұл мемлекеттің белгілі мерзімде аумақтағы ықпалды күшке айналатындығын дәлелдеп берді.

- Осылармен бірге Әмірсананың Қытай империясы тарапынан территориямызды басып алуға арналған ұзақ жылғы агрессиялық саясатының негізінде елімізге нақты қауіп төніп, шабуыл жасалғанда қазақ әскерлерімен бірлесіп, ортақ жауға ерлікпен тойтарыс берілгендігін де ұмытуға болмас. Яғни Әмірсананың осы бағыттағы қазақ-жоңғар қатынасындағы нәтижелі де батырлық істерінің тарихи маңызы бар екендігі анық.

Алайда көрсетілген уақыттағы Жоңғар хандығының ішіндегі орын алған бітіспес қарулы бақталастық, Қытаймен арадағы қатынастың аса шиеленісіп, аталған империя тарапынан жоңғар жеріне жасалған кең ауқымды жаулаушылық бұл мемлекеттің толық күйреуіне әкелгені белгілі.

Осындай кері нәтижелерге қарамастан Әмірсананың монғол халқының ұзақ жылғы тәуелсіздікке ұмтылу кезеңіндегі атқарған қызметі қомақты деп есептеуге негіз бар.

Әдебиеттер:

Абылай хан. Өмірі мен қызметіне қатысты құжаттар мен материалдардың жинағы (Құрастырған, қазақшаға аударған, көрсеткіштерін түзген, түсініктерін жазған З.С.Тайшыбай). 2005. - Петропавл, Астана, - 232 б.

Ақиқат. 2011. - №9, қыркүйек. - 67-68 бб.

Аяғөз: Шығыс Қазақстан облысы, Аяғөз ауданының энциклопедиясы. – Т.1. 2010. Алматы. - 419 б.

Артықбаев Ж.О. Қазақстан тарихы: Оқулық-хрестоматия. 2000. Астана: Фолиант.

Бабков И.Ф. Записки моей службы в Сибири. 1912. - Спб. – 150 с.

Басин В.Я. Россия и казахские ханства в XVI-XVIII вв. 1971. – Алма-Ата: Наука. – 276 с.

Г.У.З.и З. Переселенческое Управление. Материалы по киргизскому землепользованию, собранные и разработанные экспедицией по исследованию Степных областей. Акмолинская область. Петропавловский уезд. Том XII. 1908. - Чернигов.

Записки Императорского русского географического общества, издаваемая под редакцией К.Н.Бестужева-Рюмина. 1863. Книжка третья. Усть-Каменогорск в 1861 году. 1863. -Спб. - 114 с.

Записки Императорского русского географического общества, издаваемые под редакцией А.Н.Бекетова. 1861, книжка первая. Действительный член Николай Абрамов. «Областной город Семипалатинск» 1861. - Спб. - С.109-174.

Землевладение Азии Карла Риттера. География страны находящиеся в непосредственных сношениях с Россией т.е. Китайской империей, Независимой Татарии, Персии и Сибири. Переведена по поручению Императорского Русского географического общества с дополнениями служащими продолжением Риттерова труда на основании материалов, обнародованных с 1832 года и составленными П.Семеновым, действ. чл.императорского русск.геогр. общества.1859. - Спб. – С.158,159,160.

Землеведение П.Риттера. 1873. География страны Азии, находящихся в непосредственных сношениях с Россией. Восточный или Китайский Туркестан. Издано императорским русским географическим обществом. ... Выпуск второй-дополнения отдел первый-историко-географический.- Спб. – 525 с.

Златкин И.Я. 1983. История джунгарского ханства (1635-1758). Издание второе. М.: Наука. – 333 с.

Зобнин Ф. К вопросу о невольниках, рабах и тюленгутах в киргизской степи / Памятная книжка Семипалатинской области на 1902 год., 1901. – Семипалатинск.

История Сибири. Том второй. Сибирь в составе феодальной России. Издательство «Наука» Ленинградское отделение. 1968. - Ленинград. –539 с.

Историческое обозрение ойратов или калмыков с XV столетия до настоящего времени. Сочинено Монахом Иакинфом. 1854. - Санкт-Петербург. – 109 с.

Козырев А.1905. Раскопка кургана в урочище Кара Агач Акмолинскогоуезда.- Спб.

Кузнецов В.С. Амурсана. 1980. – Новосибирск: Наука, Сибирское отделение.

Қасымбаев Ж. Абылай хан. Тарих, тұлға, уақыт. 2003. - Алматы: Аруна. - 56 б.
Қазақстан тарихы (көне заманнан бүгінге дейін). Бес томдық. 3-том. 2010. - Алматы: Атамұра, - 768 б.

Левшин А.И. Описание киргиз–казачьих или киргиз–кайсацских орд и степей (под общей редакцией академика М.К.Козыбаева). 1996. –Алматы: Санат. - 236 с.

Мағауин М. Қазақ тарихының әліппесі. 1995. - Алматы: Қазақстан. - 117 б.

Мамырұлы К. Қазақ халқының жоңғар басқыншыларына қарсы күресі. 2000. - Алматы: Ғылым. - 152 б.

Материалы по киргизскому землепользованию, собранные и разработанные экспедицией по исследованию Степных областей. Семипалатинская область. 4. Павлодарский уезд. Том. 4. 1903.–Воронеж.

Назарбаев Н.Ә. Тарих толқынында.- Алматы: Атамұра, 1999, 283 б.

Описание Джунгарии и Восточного Туркестана в древнем и нынешнем состоянии., Переведено с китайского Монахом Яакинфом Часть 1., 1829. - Санкт-Петербург. – С. 160,165.

Памятная книжка Семипалатинской области на 1897 г. с картою области. Составлена и.д. секретаря Семипалатинского областного статистического колмитета В.П.Никитиным.Издание Семипалатинского Областного Статистического Комитета. 1897. – Семипалатинск. – 155 с.

Прошлое Казахстана в источниках и материалах /Под ред. проф. Асфендиярова С.Д.и проф. Кунте П.А.-2- изд. 1997. - Алматы: Қазақстан. Сб.І: (Ү в. до н.э.-XVIII в.н.э.).- 383 с.

Сибирский Вестник, издаваемой Григорьем Спасским, Спб., 1821 год, Часть четырнадцатая. - Обзорение Зюнгари, (Продолжение). - С.39-54.

Сибирский Вестник, издаваемый Григорьем Спасским, 1823 год. Часть третья, Спб., 1823. О возмущениях, бывших в Дзюнгари и Малой Бухарии (Перевод с китайского, из книги называемой: Си юй вынь дзянь лу, т.е. Записки о землях лежащих близ западной границы Китая)- Возмущение и погибель Дзюнгаров 1754 году.- С.101-122.

Сибирский Вестник, издаваемой Григорьем Спасским, Спб., 1821 год, Часть шестнадцатая.- Обзорение Зюнгари, (Окончание). - С.55-78.

Сибирский Вестник, издаваемый Григорьем Спасским.1820 год. Часть девятая.

Словцов П.Историческое обозрение Сибири. Книга вторая с 1712 по 1823 годы. 1844. - Спб. – 450 с.

Спасский Г. Киргиз-Кайсаки Большой, Средней и Малой Орды (Продолжение). «О чиновачалии и правлении киргиз-кайсаков и о произошедших в их Ордах разных переменах». 1820 - Спб. – 117 с.

Сулейменов Р.Б., Мойсеев В.А. Из истории Казахстана XVIII века (о внешней и внутренней политике Абылая). 1988. - Алма-Ата: Наука. – 144 с.

Тәукебайұлы С. Ақыр Жәнібек (Роман шежіре), 2000. – Улаанбаатар.

Тынышбаев М. История казахского народа. 1993. - Алма- Ата. – 168 с.

Шаһкәрім. Өкінішті ғұмыр. Екінші том., Халықаралық Абай клубы. 2008. - Жидебай. – 432 б.

Цинская империя и казахские ханства XVIII-XIX вв. //Сборник документов и материалов. 1989. - Алма-Ата. – Т.1. – С. 109-170.

100 құжат (Қазақ хандығы мен Чиң империясы аралығындағы қарым-қатынасқа байланысты құжаттар). 1998. – Алматы: Санат. – 290 б.

References:

Abylai han. Өmiri men kyzmetine katysty kuzhattar men materialdardyn zhinagy (Kurastyrgan, kazkshaga audarfan, korsetkishterin tuzgen, tysinikterin zhazgan Z.S.Tajshyбай). 2005. - Petropavl, Astana, - 232 b.

- Akikat. 2011. - №9, kyrkyjek. - 67-68 bb.
- Ayagoz: SHyrys Kazakstan oblysy, Ayagoz audanyryn ehnciklopediyasy. – T.1. 2010. Almaty. - 419 b.
- Artykbaev ZH.O. Kazakstan tarihy: Okulyk-hrestomatiya. 2000. Astana: Foliant.
- Babkov I.F. Zapiski moej sluzhby v Sibiri. 1912. - Spb. – 150 s.
- Basin V.YA. Rossiya i kazahskie hanstva v XVI-XVIII vv. 1971. – Alma-Ata: Nauka. – 276 s.
- G.U.Z.i Z. Pereselencheskoe Upravlenie. Materialy po kirgizskomu zemlepol'zovaniyu, sobrannye i razrabotannye ehkspediciej po issledovaniyu Stepnyh oblastej. Akmolinskaya oblast'. Petropavlovskij uezd. Tom XII. 1908. - CHernigov.
- Zapiski Imperatorskogo ruskogo geograficheskogo obshchestva, izdavaemaya pod redakciej K.N.Bestuzheva-Ryumina. 1863. Knizhka tret'ya. Ust'-Kamenogorsk v 1861 godu. 1863. -Spb. - 114 s.
- Zapiski Imperatorskogo ruskogo geograficheskogo obshchestva, izdavaemye pod redakciej A.N.Beketova. 1861, knizhka pervaya. Dejstvitel'nyj chlen Nikolaj Abramov. «Oblastnoj gorod Cemipalatinsk» 1861. - Spb. - S.109-174.
- Zemlevedenie Azii Karla Rittera. Geografiya strany nahodyashchiesya v neposredstvennyh snosheniyah s Rossieyu t.e. Kitajskoj imperiej, Nezavisimoj Tatarii, Persii i Sibiri. Perevedena po porucheniyu Imperatorskogo Ruskogo geograficheskogo obshchestva s dopolneniyami sluzhashchimi prodolzheniem Ritterova truda na osnovanii materialov, obnarodovannyh s 1832 goda i sostavlennymi P.Semenovym, dejst. chl.imeratorskogo rusk.geogr. obshchestva. 1859. - SPb. – S.158,159,160.
- Zemlevedenie P. Rittera. 1873. Geografiya strany Azii, nahodyashchihhsya v neposredstvennyh snosheniyah s Rossieyu. Vostochnyj ili Kitajskij Turkestan. Izdano imperatorskim ruskim geograficheskim obshchestvom. ... Vypusk vtoroj-dopolneniya otdel pervyj-istoriko-geograficheskij.- Spb. – 525 s.
- Zlatkin I.YA. 1983. Istoriya dzhungarskogo hanstva (1635-1758). Izdanie vtoroe. M.: Nauka. – 333 s.
- Zobnin F. K voprosu o nevol'nikah, rabah i tyulengutah v kirgizskoj stepi / Pamyatnaya knizhka Semipalatinskoj oblasti na 1902 god., 1901. – Semipalatinsk.
- Istoriya Sibiri. Tom vtoroj. Sibir' v sostave feodal'noj Rossii. Izdatel'stvo «Nauka» Leningradskoe otdelenie. 1968. - Leningrad. – 539 s.
- Istoricheskoe obozrenie ojratov ili kalmykov s HY stoletiya do nastoyashchego vremeni. Sochineno Monahom Iakinom. 1854. - Sankt-Peterburg. – 109 s.
- Kozyrev A. 1905. Raskopka kurgana v urochishche Kara Agach Akmolinskogo uezda. - Spb.
- Kuznecov V.S. Amursana. 1980. – Novosibirsk: Nauka, Sibirskoe otdelenie. – 176 s.
- Kasymbaev ZH. Abylaihan. Tarih, tylfa, uakyt. 2003. - Almaty: Aruna. - 56 b.
- Kazakhstan tarihy (kone zamannan byginge dejin). Bes tomdyk. 3-tom. 2010. - Almaty: Atamura, - 768 b.
- Levshin A.I. Opisanie kirgiz-kazach'ih ili kirgiz-kajsacskih ord i stepej (pod obshchej redakciej akademika M.K.Kozybaeva). 1996. –Almaty: Sanat. - 236 s.
- Magauin M. Kazah tarihyryn alipgesi. 1995. - Almaty: Kazakstan. - 117 b.
- Mamyruy K. Kazah halkynud zhongar baskynshylaryna karsy kuresi. 2000. - Almaty: Gylym. - 152 b.
- Materialy po kirgizskomu zemlepol'zovaniyu, sobrannye i razrabotannye ehkspediciej po issledovaniyu Stepnyh oblastej. Semipalatinskaya oblast'. 4. Pavlodarskij uezd. Tom. 4. 1903. – Voronezh.
- Nazarbaev N.Ə. Tarih tolkynynda.- Almaty: Atamura, 1999. - 283 b.
- Opisanie Dzhungarii i Vostochnogo Turkestana v drevnem i nyneshnem

sostoyanii., Perevedeno s kitajskogo Monahom YAakinfom CHast' 1., 1829. - Sankt-Peterburg. – S. 160,165.

Pamyatnaya knizhka Semipalatinskoj oblasti na 1897 g. s kartoyu oblasti. Sostavlena i.d. sekretarya Semipalatinskogo oblastnogo statisticheskogo kolmiteta V.P.Nikitinym.Izdanie Semipalatinskogo Oblastnogo Statisticheskogo Komiteta. 1897. – Semipalatinsk. – 155 s.

Proshloe Kazahstana v istochnikah i materialah /Pod red. prof. Asfendiyarova S.D.i prof. Kunte P.A.-2- izd. 1997. - Almaty: Kazakstan. Sb.I: (Y v. do n.eh.-XVIII v.n.eh.). - 383 s.

Sibirskij Vestnik, izdavaemoj Grigor'em Spasskim, Spb., 1821 god, Chast' chetyrnadcataya. - Obozrenie Zyungarii, (Prodolzhenie). - S.39-54.

Sibirskij Vestnik, izdavaemyj Grigor'em Spasskim, 1823 god. CHast' tret'ya, Spb., 1823. O vozmushcheniyah, byvshih v Dzyungarii i Maloj Buharii (Perevod s kitajskogo, iz knigi nazyvaemoj: Si yuj vyn' dzyan' lu, t.e. Zapiski o zemlyah lezhashchih bliz zapadnoj granicy Kitaya)- Vozmushchenie i pogibel' Dzyungarov 1754 godu.- S.101-122.

Sibirskij Vestnik, izdavaemoj Grigor'em Spasskim, Spb., 1821 god, CHast' shestnadcataya.- Obozrenie Zyungarii, (Okonchanie). - S.55-78.

Sibirskii Vestnik, izdavaemyj Grigor'em Spasskim.1820 god. Chast' devyataya.

Slovcov P.Istoricheskoe obozrenie Sibiri. Kniga vtoraya s 1712 po 1823 gody. 1844. - Spb. – 450 s.

Cpasskii G. Kirgiz-Kajsaki Bol'shoj, Srednej i Maloj Ordy (Prodolzhenie). «O chinonachalii i pravlenii kirgiz-kajsakov i o proizo-shedshih v ih Ordah raznyh peremenah». 1820 - Spb. – 117 s.

Sulejmenov R.B., Mojseev V.A. Iz istorii Kazahstana XVIII veka (o vneshnei i vnutrennei politike Abylaya). 1988. - Alma-Ata: Nauka. – 144 s.

Taukebaiuly S. Akyr Zhanibek (Roman shezhire), 2000. – Ulaanbaatar.

Tynyshbaev M. Istoriya kazahskogo naroda. 1993. - Alma-Ata. – 168 s.

Shahkarim. Okinishti gumyr. Ekinshi tom., Halykaralyk Abai kluby. 2008. - Zhidebai. – 432 b.

Cinskaya imperiya i kazahskie hanstva XVIII-XIX vv. //Sbornik dokumentov i materialov. 1989. - Alma-Ata. – T.1. – S. 109-170.

100 kuzhat (Kazah handygy men Chin imperiyasy aralygyndagy karym-katynaska bailanysty kuzhattar). 1998. – Almaty: Sanat. – 290 b.

Әпендиев Т.Ә.¹, Сейтов М.Ж.²

¹Ш.Ш. Уәлиханов атындағы Тарих және этнология институтының аға ғылыми қызметкері, PhD философия докторы;

²Ш.Ш. Уәлиханов атындағы Тарих және этнология институтының ғылыми қызметкері, Алматы қ., Қазақстан
E-mail: timur.apendiev@mail.ru, egipt_17@mail.ru

ӘЗІМХАН КЕНЕСАРИННІҢ ҚОҒАМДЫҚ-САЯСИ ҚЫЗМЕТІ

Мақалада қазақ зиялысы Әзімхан Кенесариннің қоғамдық-саяси қызметі қарастырылады. Әзімхан Кенесарин – ХХ ғасырдың басында оңтүстік өңірден шыққан қазақтың саяси және қоғам қайраткерлерінің бірі. Өмірінің үлкен бөлігін Әулиеата уезінде өткізіп, онда уездік басқармада аудармашы, хатшылық, уез бастығының кеңесшісі қызметтерін атқарды, сонымен бірге қоғамда болып жатқан саяси процестерге де араласады. Ғылыми жұмыста Әзімхан Кенесариннің аталып отырған саяси қызметі талдауға түсіп, тарихи баға беріледі. 1917 жылы орын алған екі бірдей төңкеріс кезінде өзге де қазақ зиялыларымен бірлесіп, қазақ халқының азаттығы мен бостандығы үшін жүзеге асырылған көптеген саяси процестерге бел шеше араласқан ұлт зиялыларының бірі болды. Саяси тұлғаның мұндай қызметтерін көрсету, сипаттау ұсынылып отырған ғылыми мақаланың негізгі міндеттері болып саналады.

Түйін сөздер: Әзімхан Кенесарин, Әулиеата, Алаш-Орда, Ұлттық қозғалыс, Төңкеріс, Уақытша үкімет.

Апендиев Т.А.¹, Сейтов М.Ж.²

¹Старший научный сотрудник института
Истории и этнологии имени Ч.Ч. Валиханова, доктор PhD;

²Научный сотрудник института
Истории и этнологии имени Ч.Ч. Валиханова, г.Алматы,
Казахстан E-mail: timur.apendiev@mail.ru, egipt_17@mail.ru

ОБЩЕСТВЕННО-ПОЛИТИЧЕСКАЯ ДЕЯТЕЛЬНОСТЬ АЗИМХАНА КЕНЕСАРИНА

В статье рассматривается общественно-политическая деятельность представителя казахской интеллигенции Азимхана Кенесарина. Азимхан Кенесарин – один из казахских политических и общественных деятелей начала ХХ века, выходец южных областей страны. Большую часть своей жизни он провел своем уезде, работал в уездном управлении переводчиком, секретарем, занимал должность советника начальника уезда, а также активно участвовал в политических процессах, происходящих в обществе. В научной работе исследована политическая деятельность Азимхана Кенесарина, дана историческая оценка. В период двух революций, имевших место в 1917 году, он был одним из представителей интеллигенции своего народа, которые, объединившись с другой ее передовой частью, принимали непосредственное участие в многочисленных политических процессах, направленных на борьбу за освобождение и свободу казахского народа. Описание такой деятельности известной политической личности, ее характеристика является основной целью предложенной научной статьи.

Ключевые слова: Азимхан Кенесарин, Аулиеата, Алаш-Орда, Национальное движение, революция, Временное правительство.

Apendiev T.A.¹, Seitov M.Zh.²

¹Senior researcher of the Ch.Ch. Valikhanov Institute of History and Ethnology, PhD;

²Researcher of the Ch.Ch. Valikhanov Institute of History and Ethnology;
Almaty, Kazakhstan E-mail: timur.apendiev@mail.ru, egipt_17@mail.ru

THE SOCIAL-POLITICAL ACTIVITIES OF AZIMKHAN KENESSARIN

The article examines the socio-political activities of the representative of the Kazakh intelligentsia Azimkhan Kenessarin. Azimkhan Kenessarin is one of the Kazakh political and public figures of the early XXth century, a native of the southern regions of the country. He spent most of his life in his county, worked in the county administration as an interpreter, secretary, served as adviser to the head of the county, and also actively participated in political processes taking place in the society.

The paper examines the political activity of Azimkhan Kenessarin, and gives its historical estimation. In the period of the two revolutions that took place in 1917, he was one of the representatives of the intelligentsia of his people who, having united with its other advanced part, was directly involved in numerous political processes aimed at the struggle for the liberation and freedom of the Kazakh people. The description of such activity of a well-known political personality, its description is the main goal of the proposed research article.

Keywords: Azimkhan Kenessarin, Aulieata, Alash-Orda, national movement, revolution, Provisional Government.

XX ғасырдың басында Ресей империясы мен оның құрамындағы халықтардың саяси өмірінде үлкен өзгерістер орын алды. Мұндай саяси өзгерістердің орын алуына 1904-1905 жылы орыс-жапон соғысында Ресейдің жеңіліске ұшырауы мен соған байланысты империяның ішкі саясатында пайда болған саяси-төңкерістік жағдайлар себеп болды. Оның басты көріністері орыс-жапон соғысынан кейін 1905 жылдан бастап Ресейде империялық мемлекеттік аппараттың әлсіреуі мен соның салдарынан туған революциялық әрекеттердің жүзеге асырылуымен сипатталды. Бұқара халықтың орталық билікке деген наразылығы мен талаптары уақыт санап күшейіп отырды. Басты талаптар ұлттаралық қатынастарды реттеу, өзге ұлттарға құрметпен қарау, сегіз сағаттық жұмыс күнін енгізу және осы секілді өзге де әлеуметтік мәселелер болды. Мұның салдарынан 1905-1907 жылдары Бірінші орыс революциясы болып, алайда ол жеңіліске ұшырады. Бұл революция қазақ халқының санасында ұлттық рухты оятты және халықтың қоғамдық санасын көтерді. Сонымен қатар, ең маңыздысы бұл революциялық қимылдар Қазақстанда демократиялық қозғалысты дамытуға аса зор ықпал етті және қазақ интеллигенциясының ұлт болмысы мен тағдыры жайлы саяси пікірлерінің бір ортаға түйісіп, жалпы қазақ халқының көрнекті зиялы қауым өкілдерін саяси сахнаға шығарды.

Бұл кезде қазіргі Қазақстан территориясы екі өлкенің Түркістан және Дала генерал-губернаторлығының құрамында болып, аймақтар өзіндік ішкі шекаралармен белгіленді. Екі генерал-губернаторлықта да қазақтар басым болып, олардың арасынан белсенді қазақ зиялы қауым өкілдері шығып отырды. Қазақ зиялылары әр облыстан шығып, бір идеяның аясына бірікті. Олардың кейбірі өз облыстарының атынан Ресейде мемлекеттік Думаға депутат болып сайланып отырды. Қазақтың тәуелсіз мемлекет құру жолында және халықтың әлеуметтік ахуалы мен тұрмысын жақсарту үшін қызмет еткен көптеген қазақ зиялы қауым өкілдері болды. Олардың арасында Қазақстанда Алаш қозғалысын бастаған Әлихан Бөкейханов, Міржақып Дулатов, Ахмет Байтұрсынов сынды саяси тұлғалардың есімдері ерекше аталады. Уақыт өте күн санап құбылған саясаттың әлсіз жағдайын пайдалануға тырысқан аймақтардағы өзге де қазақ зиялылары осы Алаш

қозғалысына мүше болып, аталған саяси тұлғалардың айналасына топтаса бастады. Түркістанда да қазақ зиялыларының үлкен тобы осы өлкенің тәуелсіздік жолындағы саясатпен айналысты. Олардың көшін Мұстафа Шоқай, Мұхаметжан Тынышпаев, Санжар Асфендияров сынды саяси тұлғалар бастады [1].

Еліміз тәуелсіздігін алғаннан бастап өткен тарихымызды түгендеуге кең мүмкіншіліктер туды. Ұлтымыз бен мемлекетіміздің тарихын жан-жақты зерттеу жұмыстары қолға алынды. Оның ішінде ХХ ғасырдың басында қазақ қоғамында өзінің қоғамдық және саяси қызметімен танылған зиялы қауым өкілдерінің тарихы да кешенді түрде зерттелді. Әрбір саяси тұлғаға арналып, қаншама ғылыми еңбектер жарық көрді. Мұндай зерттеулер әлі де өз жалғасын тауып келеді. Әрине, мұндай ізденістер ХХ ғасырдың басында қазақ зиялылар қатарының көп болғанын және олардың атқарған қоғамдық-саяси қызметінің ауқымдылығын көрсетеді. Осы орайда тақырыпқа арқау болып отырған зиялы қауым өкілдерінің бірі – Әзімхан Кенесариннің қазақ қоғамындағы қоғамдық-саяси қызметі туралы зерттеулер де ғылымда кезек күттірмейтін тақырыптардың біріне айналды.

Әзімхан Кенесарин 1898 Шымкент қаласында туған. Ә. Кенесарин текті әулеттің ұрпақтарынан саналды, ол атақты Кенесары ханның ұрпағы болған Ахмет Кенесариннің ұлы болды. Әкесінен жастайынан айрылған Әзімхан Ахметұлы 1897 жылы Шымкент қаласындағы екі сыныптың училищені бітіріп, 1898 жылы Әулиеата қаласында облыстық басқарманың кеңселік қызметіне жұмысқа қабылданады. Әулиеата уезінің бастығы полковник В.А. Каллаур өзінің арнайы рұқсаты бойынша Әзімхан Сұлтан Ахметұлын жұмысқа қабылдап, кеңселік істермен айналысуды тапсырады [2].

Арадан аз уақыт өткен соң Әзімхан Кенесарин бұл жұмысқа екінші разрядтағы қызметкер болып орналасты, оның негізгі міндеті Әулиеата уезінің басқармасының штабында жазбаша жұмыстармен (хатшылық) айналысу болды [3]. Әзімхан Кенесариннің уездік басқармада жазбаша құжаттамалық жұмыстармен айналысуына оның кез-келген құжатты әдемі жазу үлгісімен және өте ұқыпты, сауатты етіп жазуы түрткі болды. Құжаттарды көшіру мен толтырудағы және орыс тілін жетік меңгеруіне байланысты ол көп ұзамай осы Әулиеата уездік басқармасында аудармашылық қызметіне ауысты [4]. Бұл уақытта жергілікті халық арасынан мұндай сауатты жазумен және сауатты аударумен айналысатын адамдар аз болды. Бұл жағдай уақыт өте оның қоғамдағы беделінің артуына және болашақта зиялы азамат болып қалыптасуына септігін тигізді.

Әзімхан Кенесарин 1901 жылы сол кездегі Шымкент уезінің Бөген болысында болыстық басқарма бастығы Батырша болыстың қызына үйленеді. Бұл жөнінде ол Әулиеата уезінің бастығынан рұқсат сұрайды. Бұған оның уез бастығынан рұқсат алуы туралы жазған өтініштері дәлел бола алады [5]. Бұған уез басшылығы тарапынан рұқсат береді. [6]. Әзімхан Сұлтан Ахметұлының жанұя құру үшін Әулиеата уезінің бастығынан рұқсат алуы оның бір жағынан уез бастығымен жақсы қатынаста болуын көрсетсе, екінші бір жағынан уез бастығының өз қарамағындағы мемлекеттік қызметкерлерге бақылауды қатаң түрде орнатқанын көрсетеді. Мұның тағы бір себебі, Әзімхан Сұлтан Ахметұлы уез хатшылығында қызметте болғандықтан барлық құпия құжаттар оның қолынан өтіп отырды және сондықтан ол басшылықтың ұдайы бақылауында болды. Уақыт өте Ә. Кенесариннің уез басқармасындағы беделі арта түсіп, 1902 жылы ол өзінің қызметін бірінші сыныптағы шендік дәрежеге көтеру туралы уез бастығы мен Сырдария облысының әскери губернаторына өтініш білдіреді. Бірақ, бұл уақытша жауапсыз қалдырылады [7]. Оның бұл өтініші негізінен алдымен оған төленетін еңбек жалақысының көлемін ұлғайтуға және лауазымының жоғарылатуға байланысты жасалған еді. Дегенмен көп ұзамай, Түркістан генерал-губернаторлығының қазынашылық бөлімінің 1903 жылы 19 мамырдағы шешімі бойынша қосымша жалақы тағайындалды [8].

Бірақ, өз кезегінде уездік басқармада Әзімхан Кенесаринге қарсы болған және ол жайлы теріс пікірде болған адамдар да жоқ емес еді. Мұндай күмәнді ойлардың туындауына оның жергілікті халықпен, қоғаммен етене жақын болуы себеп болды. Көбінесе уездік басшылық оған уез бен облыстың құпия сақталатын саясаты және олардың болашақта атқарылатын істері туралы, сондай-ақ ең маңыздысы қазынаның көлемі жайлы мәліметтердің қоғамға жеткізуі мүмкін деген күдікпен қарайтын еді. Ақыры, 1904 жылы Сырдария облысының облыстық басқармасынан, дәлірек айтқанда губернатордың көмекшісі П. Хомутовтан Ә. Кенесаринді айыптау жөніндегі арыз түседі. Ондағы Әзімхан Кенесаринге тағылған айыптардың негізгілері бірқатар кеңсе құжаттары мен қазынашылықтың бірнеше құнды қағаздарының жоғалуы болды [9]. Осындай келеңсіздіктер Ә. Кенесариннің қызметіне нұқсан келтірді. Мұндай кедергілерге қарамастан ол 1905 жылы Әулиеата уезінің басшылығына өзінің екінші сыныптағы шенді қызметкер күйінде қалдырып, осылай жұмысты жалғастыра беруін сұрады. [10].

Әзімхан Кенесариннің қазақ қоғамындағы негізгі саяси қызметі оның 1905 жылы Ресей империясы Министрлер Кеңесінің төрағасы – С.Ю. Виттенің атына Әулиеата уезінің қазақтары атынан жазған петициямен басталды. Бұл кезде 1905 жылы Петербургте Бірінші орыс революциясы басталып, елдегі осындай аумалы-төкпелі жағдайды пайдалануға тырысқан қазақ зиялылары халық атынан үкіметке шағым түсіре бастады. 1905-1906 жылдары қазіргі қазақ даласының әр түкпірінен орталық үкіметке мұндай шағымдар мен өтініштер ағылып жатты. Олардың ең негізгілері Ә. Бөкейханов бастаған Алаш қозғалысы өкілдерінің атақты Қарқаралы петициясы, одан кейін Жетісу облысынан жіберілген петициялар болды. Петициялардың мазмұны Ұлттық, Діни, Саяси, Әлеуметтік және Шаруашылық мәселелермен сипатталды. Сонымен бірге Түркістан өлкесіне қарасты болған Әулиеата уезінен де орталыққа петиция жолданып оны ұйымдастырушылардың бірі Ә. Кенесарин болды. Ол жергілікті жердегі қоғам белсенділері мен сауатты азаматтармен бірлесіп арнайы петиция дайындады.

Осылайша, қызметіне байланысты туындаған қиындыққа мойынсұнбаған Ә.Кенесарин 1905 жылы Ресей империясының басшылығына петиция жолдауды ұйымдастырды. Мұның себептері мен барысына тоқталсақ, 1905 жылы Ресейдің ішкі-сыртқы саясатында үлкен өзгерістер орын алып, осы жылы Ресей империясы Жапониямен болған соғыста жеңіліске ұшырады. Ал ішкі саясатта Бірінші орыс революциясы басталды. Бұл төңкерістің негізгі себептері Жер мәселесі; Жұмысшылардың құқығының қорғалмауы; Азаматтардың құқығының тапталуы; Елдегі саяси партиялардың бір-бірімен ымыраға келмей толассыз саяси тартыстар жүргізуі болды. Осындай саяси-әлеуметтік мәселелерге байланысты бұқара халық Петроградта көтеріліс жасады. Көтерілістің басты талаптары – жерді шаруаларға теңдей етіп бөліп беру; Жұмысшылардың еңбегінің бағалануы; Ұлттық мәселе және осыларға ұқсас басқа да мәселелер болды. Осы революциядан кейін патша үкіметі шаруаларға қатысты бірден шешім қабылдады. Басты шешім оларды басқа аймақтарға көшіру болды. шешімді қабылдауда патша билігі біріншіден орталық Ресейдегі шаруалардың қиын әлеуметтік-экономикалық жағдайын ескеріп, екіншіден орыс шаруаларына қазақ даласындағы құнарлы, егінге ыңғайлы жерлерді үлестіру арқылы аграрлық реформа жүргізуге ұмтылады. Осылайша, патша өкіметі шаруаларды империяның шет аймақтарына қоныстандыра отырып, орталықтағы революциялық қозғалысты бәсеңдетуге тырысты.

Осыған байланысты, патша өкіметі 1905 жылдың мамыр айында қоныс аудару саясатына жаңа түрғыдан қарауға мәжбүр болып, қоныс аударуды ішкі әлеуметтік қайшылықты «жұмсартатын» құрал ретінде көрді. 1895 жылы құрылған қоныс аудару басқармасын “Егіншілік және мемлекеттік меншік бас басқармасы” қарамағына береді. Ал, аудандық қоныстандыру мекемелері уездік

деңгейде кіші аудандық болып бөлініп, қазақ даласында қатал орталықтандырылған қоныстандыру мекемелерінің жүйесі қаланды. Бұл мекемелердің негізгі міндетіне жергілікті халықтың пайдалануындағы жердің «артығын» тауып, оны қоныс аударушыларға учаске ретінде бөліп беру және оларға мемлекет тарапына тиесілі түрлі көмектің уақыттылы берілуін қадағалау, сондай-ақ жергілікті халық пен келімсектер арасында туындаған дауларды реттеп отыру кірді.

Патша үкіметінің мұндай шектен тыс қоныстандыру саясаты жергілікті халыққа ұнамады. Орыс және өзге ұлттардан құралған шаруалар легі Оңтүстік қазақстанға да келді. Оның ішінде Әулиеата өңірі келімсектерге лық толды. Петицияны жазуға түрткі болған басты тақырып осы болып, онда 1905 жылғы революцияға байланысты Сырдария облысында отырықшы тұрмысқа өтуге арыз жазған Шымкент және Әулиеата уездері қазақтарына 20000 десятина жер бөлінгені себеп болды. Өлкеде орын алған орыс шенеуніктерінің жемқорлық әрекеттерінің өршуі, білім деңгейлерінің жоғарғы лауазымдарға сәйкессіздігі, әр салалы мекемелердің бір-бірімен жанжалдасуы, жергілікті орталық биліктің қоғамда орын алып отырған жағдайларға бейімделе алмауы патша өкіметін өлкенің әкімшілік-саяси басқаруын Қазақ зиялыларының үкіметке жазған петициясына осы бірінші орыс революциясы себеп болды [11].

Осылайша, Бірінші Орыс революциясы Ресей империясының субъектісі болып табылатын Орта Азия мен Қазақстанға өз әсерін басқа тұрғыдан тигізді. Ресейдің орталық және еуропалық бөлігінен қоныс аударған ерікті шаруалар мен арнайы қоныстандырылған халықтар оңтүстік аймақтарда ең бірінші ұлттық, әлеуметтік және діни көзқарастар мен ұстанымдарға негізделген наразылықтардың тууына себепкер болған еді. Осыған орай, елдегі осындай шиеленіскен жағдайда пайдаланып, сондай петициялардың бірін 1905 жылдың маусым айында Министрлер комитетінің төрағасы, граф М.Ю. Виттеге Жетісу облысының жергілікті халқы да жібереді. 11 тармақтан тұратын бұл петицияның алғашқы 6 тармағы дін мәселесіне арналса, 7-ші тармағында Мемлекеттік думаға жергілікті халық өкілдерін сайлауға тосқауыл қоймау керектігі талап етілді. Ал петицияның 8-ші тармағында өлкедегі жергілікті халық тілдеріндегі газет-журналдардың, кітаптардың шығарылуына рұқсат берілуі керектігі көтерілсе, 10-шы тармақта үкімет тарапынан ашылған оқу орындарында білім алып жатқан жергілікті халықтың жастарына христиандық ілім негіздері оқытылмай, оның орнына мұсылмандық ілімнен дәріс оқытылуы керектігі сұралады. Жер мәселесі болса петицияның соңғы 11-ші тармағында көтеріліп, орыс шаруаларының қоныс аударылуы доғарылуы керектігі талап етілді.

Атап отырғанымыздай бұл кезде Әулиеата қазақтары да қапыда қалған жоқ. Осы аталған петициялардан бөлек, Сырдария облысының Әулиеата уезінен де олар да осындай саяси-әлеуметтік сұраныстар жазылған талаптар жолданып, оны Әулиеата уездік басқармасының хатшысы болып отырған Әзімхан Кенесарин ұйымдастырды. Әзімхан Кенесариннің ұйымдастырған бұл петицияға байланысты «Русский Туркестан» газеті былай деп жазады: «Петицияның екінші тармағы қырғыз даласын орыс элементтері арқылы отарлауға тікелей байланысты. Себебі, қоныс аударушылардың поселкелері үшін учаскелер әзірлеу жұмысының үздіксіз жүруінен қырғыздар өздерінің болашақта жер тапшылығын тартатындығын сезінуде. Жер тапшылығын қазірдің өзінде қырғыздар тығыз қоныстанған аудандар тартуда». Бұл петиция Әулиеата уездің қазақтары атынан Ресей империясы Министрлер Кеңесінің төрағасы – С.Ю. Виттенің атына жазылды. Осының негізінде Әзімхан Кенесарин Ресей үкіметінің саясатына қатысты өзінің саяси белсенділігін көрсетті [12].

Патша өкіметінің өлкеге енгізген сайлау жүйесі де заңсыз іс-әрекеттерге толы болды. Сондықтан да қазақ халқы жаңа басқару жүйесін әуел бастан-ақ жылы қабылдамады. Өлкеде христиан дінін таратуды көздеген патша

әкімшілігі алғашқы кезде Әулиеата, Түркістан және Шымкент уездерінде құрылған әрбір село мен поселкеде приходтық орындарды кеңінен ашады. Алайда патша әкімшілігінің өлкеде жүргізген миссионерлік саясаты, яғни жергілікті халықты ертеден ұстанып келе жатқан дәстүрлі ислам дінінен айыру жоспары орталық өкімет күткендей жоғары нәтижелерге жеткізген жоқ. Оған негізгі себеп қазақ халқының сыртқы жаулаушыларға деген ішкі қарсылығының пайда болуы, ал ол өз кезегінде әдет-ғұрып пен салт-дәстүрге негізделген мұсылмандық жүйеге сүйенген еді. Патшалық отаршыл жүйенің күштеу әрекеттері күшейген сайын, Әулиеата өңірінде де халықтың намысы мен ұлттық мүддесін қорғауға деген ұмтылыстары артқан еді.

Ю. Виттениң атына жолдаған хатты дайындауда Ә.Кенесаринмен бірге Әулиеата уездік кеңсе қызметкері С. Хамутханов, Шу учаскелік пристаанының аудармашысы Х. Танкин, бұрын аудармашы қызметінде болған С. Толыбаев және Таластағы орыс-түзем мектебінің оқытушысы С. Өтегенов қатысты [13]. Петицияның негізгі мазмұны Әулиеата өңірінде жергілікті жерде қазақ ауылдарына өзге ұлт өкілдерін қоныстандырып сол арқылы рухани отарлауды тоқтату болды. Мұның басты мысалдары қоныс аударушылар үшін арнайы жер учаскелері қажет болып, жергілікті халықтан тартып алынды және орыстандыру саясаты жүргізілді. Бұл жағдай егістіктер мен жайылымдардың тарылуына әкеп соқтырып, ол болашақта жергілікті халықтың жер тапшылығының зардабын көруі мүмкін екендігін көрсетті. Сонымен қоса, ол халықтың әлеуметтік жағдайының күрт төмендеп кетуіне себеп болуы мүмкін екендігі айтылды. Мұндай әрекеттер Ә. Кенесариннің қоғам белсендісі, бастысы халық жанашыры екенін көрсетті.

Алайда, көп ұзамай Ә. Кенесарин мен оның жақтастарының үкімет басшысының атына жолдаған бұл петициясы жергілікті органдар тарапынан сынға ұшырады. Тіпті оған қатысқандарға айып тағылып, қылмыстық іс қозғалды. Бұл жағдай Ә. Кенесарин мен оның жақтастары үшін күтілмеген жағдай болды. Олардың жазған петициясын жергілікті әкімшілік органдар халық арасында үкімет пен билікке қарсы арандатушылық жұмыстармен пара-пар санады. Әзімхан Кенесарин мен оның жақтастарына қатысты Әулиеатада қылмыстық іс қозғалды. Оның саяси әрекеттері Сырдария облысының орталығына жөнелтіп, ол сотқа асырылды. Әзімхан Кенесарин осы петицияға қатысуына байланысты қызметінен уақытша шеттетілді [14].

Әзімхан Кенесариннің жұмысқа қайта қабылдану жөнінде жоғарыда жасалған өтініш облыстық басшылық тарапынан қабылданып, ол жайлы мәліметті әскери губернатордың көмекшісі, әрі кеңесшісі А. Ильинский Әулиеата уезінің басшылығына жеткізді. Онда 1906 жылы 2 наурызда Сырдария облысының әскери губернаторы, генерал-майор И.И. Федотовтың арнайы шығарған №96 бұйрығына сәйкес Әзімхан Кенесарин Әулиеата уезінің басқармасына жазбаша аудармашы болып қайта қызметке алынуына рұқсат ететіні туралы жазылды [15]. Бұл жағдай Әзімхан Кенесариннің қызметке қайта келіп, аймақта жергілікті қазақ халқының тұрмыс-тіршілігіне араласуға қайтадан мүмкіндік тудырды. Уездік басшылықпен де халықпен де тығыз қарым-қатынасқа түскен Әзімхан Кенесарин ендігі кезекте бұрын кеткен қателікті болдырмауға әрекет етті. Осылайша Әзімхан Кенесарин уездік басқармада белсенді қызмет атқарды. Дегенмен, Әзімхан Кенесариннің басқармадағы қызметі басшылық тарапынан жан-жақты бақылауға алынды.

Бұдан былайғы уақытта таза, ешбір қателіксіз, ұқыпты аудармашылық және жазбаша жұмыстар жүргізген Әзімхан Кенесариннің қызметі уез басшылығы тарапынан тағы да бағаланды. Осыған байланысты Әулиеата уезінің басшылығы Әзімхан Кенесаринді 1910 жылдың 5 қарашасынан бастап коллегиялық хатшы шеніне көтерді [16]. Бұл шен сол кезде аса жоғары болмағанымен, оның қоғамдағы және қызметтегі беделінің өсе бастағанын білдірді. Өзінің беделінің

өсе бастағанын пайдаланған Әзімхан Ахметұлы сол кездегі мемлекетте болып жатқан орыстандыру саясатына қатысты бірқатар пікірлер де білдіріп, қоғаммен ұдайы байланыста болды. Халықтың мұң-мұқтажын уез басшылығына жеткізіп отырды. Дей тұрғанмен, өте сақтықпен жұмыс жасады. 1914 жылы қоғамдағы белсенділігі мен қызметтегі ұқыптылығының арқасында Әзімхан Ахметұлын Қасиетті Аннаның орденімен марапаттау мақсатында және бұл орденнің құрметіне орай қазынадан жиырма сомдық сыйақы тағайындау туралы Сырдария облысының басшылығы тарапынан Әулиеата уезінің басқармасына арнайы бұйрық келіп түсті. Мұндай сыйлықтар Ресей үкіметі тарапынан жергілікті мұсылман емес халықтардан шыққан танымал және белсенді тұлғаларға беріліп отырды [17].

Сонымен қатар, осы 1914 жылы Ә. Кенесаринге қоғамдық және мемлекеттік қызметтегі белсенділігі мен жетістігі үшін уездік титулярлық кеңесші (титулярный советник) шені берілді. Ол жайлы осы жылы 2 қыркүйекте Сырдария облысының әскери губернаторының арнайы бұйрығы жарияланды. Бұл шен Ресей империясының тәртібі бойынша ІХ сыныптық шендік дәрежеге тең болды. Бұл Әзімхан Кенесариннің жергілікті жердегі Ресей империясының заңды шенді өкілі және қызметкері болып қабылданғанын көрсетті [18]. Әзімхан Кенесарин империялық шенді қабылдап, патша мен әскери губернатордың жергілікті жердегі өкіліне айналғанымен, ол осы шенін пайдалана отырып бірқатар қызметтер атқарды. Ол қазақ шаруаларын орыс шаруаларынан бөлек ұстауды және соның негізінде ұлттар арасында кикілжіңнің орын алмау керектігін алға тартып отырды. Орыс тілін жетік білгендіктен, оның жергілікті билік ортасында беделі жоғары болып, сонымен бірге уез басшылығында отырып халықтың мұң-мұқтажына көмек көрсетіп отырғандықтан қоғамдағы беделі де үстем болды. Әзімхан Кенесарин Әулиеата уезінің басқармасының кеңесшісі қызметінде патша үкіметінің іргесінің шайқала бастаған уақыты 1916 жылға дейін отырды [19].

Бұл кезеңде Әзімхан Сұлтан Ахметұлының қызметтік жолында табысты кадамдар жасалды, алайда оның жанұялық өмірінде келеңсіз жағдайлар орын алды. 1915 жылы оның жұбайы Әнипа кенеттен қайтыс болады. Оның жанұясы Черняев уезінде болғандықтан, ол өзінің қызмет орнына жанұялық жағдайларын реттеу үшін сан рет рұқсат сұрайды [20]. Көп ұзамай ол өзінің балдызы Зухраға үйленеді. Оның бірінші жұбайынан Натай, Мұхаметжан есімді ұлдары мен Хамида деген қызы болады. Кейін осы Зухра Батыршақызымен қосылған некеден Мадияр, Тәуке деген ұлдары мен Напуса, Аян, Баян есімді қыздары туады [21].

1916 жылы Ресей императорының 25 маусымдағы жарлығына сәйкес Орта Азия мен Қазақстаннан Бірінші Дүниежүзілік соғыстың майдан тылын қамтамасыз ету үшін қара жұмысқа алу туралы шарты қазақтың өзге де білімді азаматтары сияқты Әзімхан Кенесаринді де бұл іске араласуға мәжбүрледі. Бұл кезде ол патша билігінің жергілікті жердегі сойылын соғатын органның саяси қызметкері болғандықтан бұл көтеріліске бел шешіп араласу қиындық тудырды. Сондықтан ол өзінің барлық қимылдарын астыртын жүргізді. Әзімхан Сұлтан Ахметұлы өзі патша үкіметінің адамы болғанына қарамастан бұқара халықтың тілегін сырттай болса да қолдады. Ол патшаның мұндай әділетсіз шешімдерін өз бетінше сынға алды. Ә. Кенесариннің мұндай ұстанымдары ол оны 1916 жылы оңтүстік қазақтарын көтеріліске бастауға жетеледі. Оның басты әрекеттері Әулиеатадағы болған көтеріліске адамдарды астыртын үгіттеуімен сипатталады [21, 105 б.].

Әзімхан Кенесариннің қоғамдық-саяси қызметінің келесі бір кезеңі 1917 жылы Ресейде болып өткен Ақпан төңкерісінен кейін Қазақстанда орын алған саяси жағдайларға араласуы болды. Әзімхан Кенесарин Ақпан төңкерісінен кейін қалыптасқан жағдайға сай Әулиеата уезі қазақтарының саяси белсенділігін арттыру жолында қоғамдық өмірге қызу араласты. Ақпан төңкерісінен кейін Ресейде патша үкіметі құлап, оның орнына буржуаз-демократтар келген соң жергілікті

жерлерде патша үкіметінің бұрынғы органдарында жұмыс істеген қызметкерлердің көбісі қызметінен босатылды. Ақпан төңкерісі елдегі саяси жағдайды мүлде өзгертіп жіберді. Жергілікті жерлерде бұрынғы патша үкіметінің қызметкерлерінің үлкен бөлігі өз қызметін тастап кетті. Қызметкердің келесі бір бөлігі төңкерістен кейін орнаған Уақытша үкіметтің билігін мойындап жергілікті жерде бұрынғы жұмыстарын жалғастырды. Бұл кезде Әзімхан Кенесарин осы Ақпан төңкерісінен кейін елде қалыптасқан жағдайға байланысты Әулиеата уезі қазақтарының саяси белсенділігін арттыру жолында саяси және қоғамдық өмірге қызу араласты. Жергілікті халықтың мүддесін қорғау мақсатында құрылған Әулиеата уездік Ұлттық кеңесіне төрағалық етті [22].

Әзімхан Кенесариннің саяси қызметінде Уақытша үкіметтің орны зор болды. Уақытша үкімет Ресей империясының Қазақстан сияқты отар аймақтарында кадеттерден, эсерлерден және өзінің саяси бағытын жүзеге асыруға сенімді деп табылған қазақтың ұлттық-демократиялық интеллигенциясының жекелеген өкілдерінен өлкелік, облыстық және уезд комиссарларын тағайындады. Мысалы, Ә. Бөкейханов Уақытша үкіметтің Торғай облысындағы, М. Тынышбаев Жетісу облысындағы комиссарлары болып тағайындалса, М. Шоқай, А. Бірімжанов, Ә. Кенесарин Түркістан өлкесіндегі Уақытша үкіметтің жергілікті органдарында жауапты қызметтер атқарды. Жалпы, патшалық билікті құлатқан Ақпан төңкерісін қазақ қоғамы зор қуанышпен қарсы алды. Ақпан төңкерісі қалың бұқараның саяси құқықтарын кеңінен пайдалануына мүмкіндік жасады, олардың саяси күреске ашық араласуын қамтамасыз етті. Елдегі қоғамдық өмірде саяси партиялардың рөлі орасан өсті. Бұл кезде Әзімхан Кенесаринді Әулиеата өңірінің халқы бірауыздан уездік комитетке төрағалық қызметке сайлады. Әулиеата халқының Әзімхан Сұлтан Ахметұлын бірауыздан сайлауына оның бұрыннан осы өңірдің халқымен қоғамдық өмірімен етене араласуы және бұл аймақтың саяси ахуалын, оның қыр-сырын жетік меңгеруі мұрындық болды. Әулиеата жұртшылығы елде болып жатқан саяси ахуалдың реттелуінде оған зор үміт артты [23].

Жалпы 1917 жылғы Ақпан буржуазиялық-демократиялық төңкерісінің жеңісі нәтижесінде патша үкіметінің құлатылуы мен Ресейде Республикалық тәртіптің орнатылуы Қазақстан мен Түркістандағы саяси жағдайды түбірімен өзгертті. Ақпан төңкерісі Қазақстанның басқа аймақтары сияқты оңтүстік өңірінде де үлкен қолдауға ие болды. Бірақ, аймақтың аталған кезеңдегі қоғамдық саяси дамуының өзіндік ерекшеліктері де болды. Аймақтағы казак-орыс әскерлерінің билеуші топтары өзгерістерге қарамастан казак-орыс станицаларындағы билік тізгінін бұрынғысынша өз қолдарында қалдыруға бар күштерін салды. Көпұлтты Сырдария облысының қалалары мен шет елді мекендерінде ұлттық, кәсіби және саяси белгілеріне негізделген саяси топтар мен қозғалыстар пайда болды. Солардың бірі Әулиеата жерінде болып, оған Әзімхан Ахметұлы басшылық жасады.

Бұл кезде облыстық және уездік комитеттердің төрағалары монархиялық билік құлағаннан кейінгі демократиялық еркіндікті сезініп, оны халыққа түсіндірумен айналысты. Патша үкіметінің тұсында аса үлкен қысымға ұшыраған бұқара халық Уақытша үкіметті зор қуанышпен қарсы алып, одан зор үміт күтті. Уақыт үкіметтің билігі кезінде Түркістан өлкесінде орын алып жатқан ұлт-азаттық қозғалыс барынша күшейіп, оның түпкі мақсаты ұлттық автономия құруға бағытталды. Оны Мұстафа Шоқай мен оның серіктестері ұйымдастырды. Әулиеата Түркістан өлкесінің құрамында болғандықтан, уездік комитет басшысы Әзімхан Кенесарин Түркістан автономиясын құрушылардың көш басында тұрған Мұстафа Шоқаймен, Мұхаметжан Тынышпаевпен және басқа да түркістандық элита өкілдерімен жақсы қарым-қатынаста болды.

Дегенмен бұл кезде Әзімхан Кенесарин қызмет еткен Әулиеатада саяси жағдай тұрақты болмады. Өзіндік ішкі алауыздықтар да болып жатты. 1917

жылғы сәуір айының басында Әулиеатада өткен қалалық митингте және одан кейін болған қалалық жұмысшы және солдат депутаттары кеңесінің мәжілісінде «уез бастығын, оның көмекшілері мен приставтарды тұтқындау» туралы қаулы қабылданды [24]. Уақытша үкімет ұлт мәселесін әділетті шешуге қабілетсіз болды. Атап айтқанда, ол Түркістан халықтарының өз тағдырларын өздері шешуіне жол бермеді, «біртұтас және бөлінбейтін Россия» туралы патшалық көзқарасты жақтады. Сырдария облысы, оның ішінде Әзімхан Кенесарин қызметте жүрген Әулиеатадағы Уақытша үкіметтің мұндай кемшіліктерін кеңестер пайдаланып қалуға тырысты.

1917 жылы 21-26 шілдеде Орынборда Бірінші жалпы қазақ съезі ұйымдастырылды. Бірінші жалпықазақ съезіне Әзімхан Кенесарин арнайы шақырылды [25]. Сонымен қатар, ең маңыздысы саяси партия құру болды. Осыған орай Әзімхан Кенесарин съезде ұлттық-демократиялық ұстанымдағы Алаш партиясын құру туралы қабылданған шешімге дауыс беріп, оны барынша қолдады. Атап өткеніміздей, Әзімхан Сұлтан Ахметұлы тек Алаш партиясына біріккен қазақ зиялыларымен ғана емес сонымен бірге Түркістан автономиясын құруға кіріскен түркістандық элита өкілдерімен де тығыз байланыста болды. Негізінде, аумақтық тұрғыдан алғанда, Әзімхан Кенесарин түркістандықтармен барынша жақын болуға тиіс болды. Әулиеата уезі Түркістанның құрамында болғандықтан, әулиеаталық қазақтардың саяси-әлеуметтік жағдайының жақсару қажеттігін өзінің басты міндеті деп санаған ол Түркістан қазақтарының ұйымдастырған съездеріне аса белсенді түрде қатысып отырды. 1917 жылғы 2-5 тамыз аралығында Ташкент қаласында болып өткен Түркістан аймағы қазақ-қырғыздарының съезі болып өтті. Бұл жиынға Мұхамеджан Тынышбаев төрағалық етті. Съезге Сырдария облысынан Ферғанадан, Жетісу және Самарқан облыстарынан жалпы саны 84 өкіл қатынасты. Бұл жиынның бет пердесін осы съезді ұйымдастыру бюросының төрағасы болған С. Асфендияров құттықтау сөз сөйлеп ашты. Ол съездің бұдан былайғы жұмысы халыққа қызмет етуіне тілек білдірді. Одан кейін съезд төралқасын сайлау туралы ұсыныс жасалып, оның құрамына: құрметті төрағалығына Санжар Асфендияров, сайланды ал төрағалығына Мұхамеджан Тынышбаевтың өзі тандалды. Төралқа құрамына А. Мангелді, И. Қасымов, мүшелеріне Қ. Қожықов, С. Ақаев, С. Өтегенов, З. Сейдалин, Ш. Қапсаламов және С. Қожанов және осылармен бірге Әзімхан Кенесарин де сайланды. Бұл Түркістан аймағы қазақ-қырғыздарының ауқымды жиындарының бірі болып, жиналысқа Әзімхан Кенесарин де қатысты және жай ғана қатысып қоймай, президиум төралқасының құрамына мүшелікке сайланды. Бұл оның Әулиеата өңірінен шыққан Түркістандағы саяси элита өкілдерінің бірі болғанын айтпаса да көрсетіп тұр. Съезде ол «Русия федеративті-демократиялық парламенттік республика болуы тиіс, ал қазақ-қырғыз облыстары ұлттық-территориялық федерация алсын» деген ұсынысты қолдап оған дауыс береді [22, 89 б.].

Бұл кезде Түркістанның Алашордаға қосылуы ең үлкен саяси мәселелердің бірі еді. Түркістандық зиялылар мен алаштықтар арасында саяси үндестік болғанымен, болашақта бір халықтың екі автономия құрамында өмір сүруі аймақта ауызбірліктің болмауына алып келуі әбден мүмкін еді. Осы мақсатпен Алаш партиясының ұстанған саясаты мен оның жалпы бағыттары туралы жергілікті халыққа және ең бастысы халқы көп шоғырланған Түркістандағы ағайынға да осыны жеткізу зиялы қауым өкілдерінің міндеті ретінде саналды. Осындай аумалы-төкпелі кезеңде жер-жерлерде Алаш партиясына тартылу оның саяси бағдарламаларын қолдау туралы халық арасында түсіндіру жұмыстары басталып кетті. Дәл осындай мақсатпен Әзімхан Кенесарин Түркістанда көптеген съездер мен бейресми жиындарға қатысты. Басты мақсат Сырдария қазақтарының Ресейден автономия алу үшін бірігу, бірлесіп күреске шығу болды. Осыдан көп ұзамай Түркістан

қазақтарының және Алаштықтардың съездеріне белсенді қатысқан Әзімхан Кенесариннің ұйымдастыруымен 1917 жылы 12 қарашада Әулиеата уезі қазақтарының съезі болып өтті. Съезде ұлт тәуелсіздігі жолында Алаш туы астына жиналып, ел болашағы үшін саяси күрес жүргізу жолдары қарастырылды [26]. Сонымен қатар, осы съезде Әулиеата уезі қазақтарының саяси-әлеуметтік жағдайы, Жер, Тіл, Дін, Білім мәселелері ортаға салынды. Осылардың ішінде білім мәселесі мен жер мәселесі ең даулы тақырыптардың бірі болды.

Әзімхан Кенесариннің қазақ қоғамындағы келесі бір саяси белсенділігі Екінші жалпықазақ съезінде байқалды. 1917 жылдың 5-13 желтоқсан аралығында Орынбор қаласында қазақ қайраткерлерінің ұйымдастыруымен Екінші жалпықазақ съезі өткізілді. Съездің төрағасы Бақтыгерей Құлманов болып, ал оның орынбасарлығына Әзімхан Кенесарин сайланды.

Дәл осы Алашорда автономиясын құру туралы туындаған саяси тартысқа Әзімхан Кенесарин белсенді түрде қатысады. Ол осы автономияны құру және жариялау туралы шешімді алашордашылармен бірлесіп қабылдауға ат салысады. Бұл жағдай оның қазақ мемлекеттілігінің келесі бір сатысы болып табылатын Алашорда автономиясы мен оның үкіметін жасақтауға қосқан өзіндік үлесі болып табылады. Алашорда автономиясы құрылғанымен бұл уақытта оңтүстікте, яғни Түркістанда саяси мәселе толық шешімін таппаған еді. Түркістандағы қазақ облыстары мен уездері және қазақтар орналасқан аймақтар Алашорданың құрамына ресми түрде кіргенімен бұл істе әлі шешілмеген мәселелер көп еді. Оның басты сипаты 1918 жылы 6-9 қаңтар күндері Түркістан қаласында Сырдария қазақтарының съезі болды. Бұл съезге Түркістан мен Алашорда үкіметтерінен жалпы саны 82 адам қатысты. Алашорда үкіметінен келгендер арнайы делегат ретінде қатысып, олар Бақтыгерей Құлманов, Тұрағұл Құнанбаев және Міржақып Дулатовтар болды. Әзімхан Кенесарин бұл съездің белсенді қатысушыларының бірі болды [1, 157 б.]. Съездің күн тәртібіне бірқатар мәселелер қойылды. Оның ішінде ең негізгісі Сырдария облысындағы қазақтар мен қырғыздардың Алашорда автономиясына қосылуы болды. Оның басты себебі Сырдария қазақтары бұл кезде Түркістанмен бірге еді. Сырдария қазақтарының Алашқа өтуін түркістандық басшылар да қолдады. Солардың бірі Әзімхан Кенесарин болды.

Көрініп тұрғандай, Әзімхан Кенесариннің 1917 жылы елімізде орын алған аса үлкен көлемдегі саяси процестерге араласуы, Алаш партиясының құрамына өтіп елді біріктірудегі істерге бел шешіп кірісуі оның қоғамдағы белсенділігінің жоғары болғанын аңғартып отыр. Елде болып жатқан саяси өзгерістерге терең енуі үшін және соның арқасында мемлекеттіліктің туын көтеру мақсатында Әзімхан Кенесарин өзі шыққан Сырдарияның, дәлірек айтқанда Түркістанның да Алашорданың алдына қойған мақсаттарына тікелей араласты. Себебі, Қазан төңкерісінен кейін елде В. Ленин бастаған большевиктердің ықпалы арта бастады. Большевиктер кедей шаруалар мен жұмысшыларды өз артынан ерте білгендіктен олардың қатары күн санап өсті. Бұл жағдай Алаштықтардың көбеюіне кері әсер етті. Сондықтан, ендігі жерде Ә. Кенесарин өзге алашордалықтармен бірлесіп зиялы қауым мен халықтың үлкен бөлігін өзіне тартуға әрекеттенді. Жоғарыда аталған съездерде мысал болғандай, қоғамда большевиктердің көбеюіне жол бермей, керісінше бұқара халыққа Түркістан демей, Алашорда демей Алаш партиясына өтуге үгіт-насихат жұмыстары жүргізілді.

Елде кеңес үкіметі орнаған соң Әзімхан Кенесарин өзге алашордашылармен бірге Кеңес билігін мойындап, соның қызметіне өтті. Оның өзге алашордашылар қатарында мұндай қадамға баруы әрине өз жерінің бүтіндігі, елі мен халқының амандығын ойлаумен сипатталады. 1921 жылдан бастап Әзімхан Кенесарин Кеңес билігінің қоластында Сырдария төңкерістік комитетінің хатшысы болды. Бұл лауазымды жұмыс оның күнкөрісі үшін ғана маңызды еді. Кешегі

тәуелсіздік жолында шаһит болған хан немересі үшін қас жауына қызмет ету қаншалықты азап екенін түсіну қиын емес. Алайда, тағы бір жайт, Әзімхан осы қызметті атқара отырып, елі үшін аз да болса қызмет көрсете алатынына сенді. Сөйтіп, «Ат басына күн туса ауыздықпен су ішер, ер басына күн туса етігімен су кешер» дейтін заманда да халқы үшін көп жұмыстар атқарды [27].

Қазақстанда кеңес үкіметі толық орнаған соң Әзімхан Кенесарин өзінің шыққан жері Шымкентке қайтты. Шымкент облысының Сайрам, Шаян және басқа да аудандарында су шаруашылығының маманы қызметіне орналасады. Оңтүстік өңірде атақты гидротехник ретінде танылған ол қалған өмірін осында өткізеді. Бұл салаға өтуімен Әзімхан Ахметұлының саяси қызметі тоқтатылып, тек өзінің жанұясының қамы үшін жай шаруашылық қызметте болады. Бірақ, 30-жылдардың басынан бастап қазақ байларын тәркілеу қызған тұста, кеңес билігі бұрынғы Уақытша үкіметке қызмет етіп және Азамат соғысында кеңестік билікке қарсы шыққан адамдармен бірге болған саяси тұлғаларды тұтқындай бастайды. Олардың арасында кеңестік жазалаушылар Әзімхан Кенесаринге де шүйлікті. Осының негізінде Әзімхан Ахметұлына 1930 жылы алғаш рет «ұлтшыл» деген айып тағып ол тұтқынға алынды. Алайда, таққан айыптары негізсіз болғандықтан, көп ұзамай тұтқыннан босатылады. Компартия мен ОГПУ халыққа өздерінің контрреволюциялық, антисоветтік күштермен, буржуазиялық ұлтшылдармен, панисламистермен, пантюркистермен күрес жүргізіп жатқандығы туралы айтумен болды [28].

Сонымен, тергеу барысында баяндалған хаттамадағы фактілік материалдарды негізге алып, тергеуші Жанахметов 1937 жылы 25 қарашада Әзімхан Кенесариннің ісі бойынша айыптау қорытындысын дайындап оны үштіктің қарауына тапсырады. Өз ретінде УНКВД-ның Оңтүстік Қазақстан бойынша үштігі бұл істі 1937 жылы 28 қараша күні, бір сағатта қарап, ату жазасын қолдану туралы шешім қабылдайды. Имамдар мен Әзімхан Кенесаринге байланысты ату жазасы бір күнге яғни 1937 жылы 29 қараша күні орындалады. Осылайша, оңтүстік өңірден шығып, ғұмырының үлкен бөлігін өз елі мен жерінің саяси, әлеуметтік ахуалын ойлап халқының қамын жеген алаш азаматының бірі Әзімхан Сұлтан Ахметұлы Кенесарин жазықсыз ату жазасынан қайтыс болды. Әзімхан Кенесаринге кеңес билігінің көрсеткен саяси қысымы осымен аяқталды [28, 580 б].

Қорыта айтқанда, Әзімхан Кенесариннің саяси және қоғамдық қызметі өзге де қазақ зиялы қауым өкілдері сияқты жоғары деңгейде болған. Аталған кезеңде өз өмірінде туындаған сан қырлы қиындықтарға қарамастан Әзімхан Сұлтан Ахметұлы халық үшін қоғам үшін көп қызмет атқарды. Әзімхан Кенесарин Алашорда және Түркістан автономияларын құруға ат салысқан ұлт зиялыларының барлығымен жақсы қатынаста болды. Бұл оның жан-жақты белсенділігін көрсетті. Өзінің белсенділігімен және білімділігімен танылған Әзімхан Кенесарин қоғамдық-саяси қызметі арқасында қазақ қоғамында ұлт зиялы қауым өкілдерінің бірі ретінде танылды. Осы орайда, соңғы уақыттарда жүргізіліп жатқан ғылыми-зерттеу жұмыстары Әзімхан Кенесариннің Қазақстандағы қоғамдық-саяси қызметі жайлы мол мәліметтер беріп келеді және ол болашақта да өзінің жалғасын табады деген сенімдеміз. Алаш партиясы мен Алашорда үкіметіне мүше болған Әзімхан Кенесарин және басқа да саяси қайраткерлеріміз жүріп өткен жолы, күресі, олардың жүрегі мен ақылынан туған көркем ой – тәуелсіз мемлекет құрған, егемен ел болған қазақ баласына үлкен тарихи тағылым болуға тиісті. Жалпы, Алаш зиялыларының өткен ғасырдың басындағы азаттық үшін алысқан күндерінің салмағы мен бағасын ұғынған сайын болашақ ұрпақ бүгінгі тәуелсіздігіміздің тарихи және саяси мәнін сезініп, баянды болашағымыз үшін әрекет істеуге дайын болатыны сөзсіз. Алаш қайраткерлерінің ерлігін терең тану ең алдымен өскелең және келешек ұрпақ үшін қазақ халқы мен ол құрған қазіргі тәуелсіз мемлекеттің

мәңгілігін айқындайтын аса қажетті міндеттердің бірі болып саналады.

Пайдаланған әдебиеттер тізімі.

1. Нұрпейісов К. Алаш һәм Алашорда. – Алматы: Ататек, 1995. – 256 б.
2. ҚРОММ. 146-қ., 2-т., 1-іс, 2 п.
3. ҚРОММ. 146-қ., 2-т., 1-іс, 12 п.
4. ҚРОММ. 146-қ., 2-т., 1-іс, 10 п.
5. ҚРОММ. 146-қ., 2-т., 1-іс, 13 п.
6. ҚРОММ. 146-қ., 2-т., 1-іс, 14 п.
7. ҚРОММ. 146-қ., 2-т., 1-іс, 22 п.
8. ҚРОММ. 146-қ., 2-т., 1-іс, 35 п.
9. ҚРОММ. 146-қ., 2-т., 1-іс, 41 п.
10. ҚРОММ. 146-қ., 2-т., 1-іс, 43 п.
11. Первая революция в России: взгляд через столетие. Под ред. А.П. Корелина, С. В. Тютюкина. – Москва: Памятники исторической мысли, 2005. – 602 с.
12. Қожамжарова Д.П. Патшалық Ресейдің Оңтүстік Қазақстанды жаулауы: әскери-отарлық әкімшілік пен жергілікті халық арасындағы қатынас (XIX ғ. II ж – XX ғ. бас кезі). / Тарих ғылым. док. авторефераты. – Алматы 2010. – 51 б.
13. ҚРОММ. 149-қ., 1-т., 26-іс, 1 п.
14. ҚРОММ. 149-қ., 1-т., 26-іс, 1, 2 п
15. ҚРОММ. 146-қ., 2-т., 1-іс, 51 п.
16. ҚРОММ. 146-қ., 2-т., 1-іс, 81 п.
17. ҚРОММ. 146-қ., 2-т., 1-іс, 82 п.
18. ҚРОММ. 146-қ., 2-т., 1-іс, 84 п.
19. ҚРОММ. 146-қ., 2-т., 1-іс, 95 п.
20. ҚРОММ. 146-қ., 2-т., 1-іс, 90 п.
21. Напуса Кенесарина. Әзімхан Кенесарин. // Жұлдыз. – 2003. – №7. – Б. 103-107
22. Қойгелдиев Мәмбет. Әзімхан Ахметұлы не үшін жазаланды. // Айқап. – 2016. – №3. – Б. 88-99
23. Махаева А.Ш. Қазақ комитеттері: құрылуы мен қызметінің тарихы (наурыз 1971 – маусым 1918 жж.): тарих ғыл. канд. ... автореф. – Алматы, 1995. – 25 б.
24. Победа Великой Октябрьской социалистической революции в Казахстане 1917-1918 гг. // Сборник документов. – Алма-Ата: КазГосиздат, 1957. – 425 с.
25. Қойгелдиев Мәмбет. Алаш қозғалысы. Екі томдық монография. Бірінші том. / Өңделіп, толықтырылған екінші басылымы. – Алматы: Мектеп, 2008. – 480 б
26. Ілиясова К.М. Қазақ съездері: қаралған мәселелері, шешімдер және олардың орындалуы (1917-1919 жж.). Тарихи талдау. / Тарих ғылым. канд. дисс. – Алматы, 1999. – 187 б
27. “Алаш” қозғалысы. Құраст: Е. Тілешов, Д. Қамзабекұлы, И. Нұрахмет. – Алматы: «Сардар», 2008. – 324 бет
28. Қойгелдиев М. Алаш қозғалысы: Монография. Екінші кітап. – Алматы : Мектеп, 2017. – 656 б.

References:

1. Nurpeisov K. Alash һәм Alashorda. – Almaty: Atatek, 1995. – 256 b.
2. QROMM. 146-q., 2-t., 1-is, 2 p.
3. QROMM. 146-q., 2-t., 1-is, 12 p.
4. QROMM. 146-q., 2-t., 1-is, 10 p.
5. QROMM. 146-q., 2-t., 1-is, 13 p.
6. QROMM. 146-q., 2-t., 1-is, 14 p.
7. QROMM. 146-q., 2-t., 1-is, 22 p.

8. QROMM. 146-q., 2-t., 1-is, 35 p.
9. QROMM. 146-q., 2-t., 1-is, 41 p.
10. QROMM. 146-q., 2-t., 1-is, 43 p.
11. Pervaya revolyutsiya v Rossii: vzglyad cherez stoletie. Pod red. A.P. Korelna, S. V. Tіrіtіkіna. – Moskva: Pamiatnikі istoricheskoi mysli, 2005. – 602 s.
12. Qojamjarova D.P. Patshalyq Reseidіn Оñtıstik Qazaqstandy jaәlaәy: Әskerі-otarlyq Әkimshilik pen jergilikti halyq arasyndagy qatynas (HІH II j – HІH . bas kezi). / Tarih gylım.dok.avtoreferaty. – Almaty 2010. – 51 b.
13. QROMM. 149-q., 1-t., 26-is, 1 p.
14. QROMM. 149-q., 1-t., 26-is, 1, 2 p
15. QROMM. 146-q., 2-t., 1-is, 51 p.
16. QROMM. 146-q., 2-t., 1-is, 81 p.
17. QROMM. 146-q., 2-t., 1-is, 82 p.
18. QROMM. 146-q., 2-t., 1-is, 84 p.
19. QROMM. 146-q., 2-t., 1-is, 95 p.
20. QROMM. 146-q., 2-t., 1-is, 90 p.
21. Napәsa Kenesarına. Ёzimhan Kenesarın. // Juldyz. – 2003. – №7. – B. 103-107
22. Qoigeldiev MӘmbet. Ёzimhan Ahmetuly ne Ёshin jazalandy. // Aıqap. – 2016. – №3. – B. 88-99
23. Mahaeva A.Sh. Qazaq komitetteri: qurylāy men qyzmetiniñ tarihy (naәryz 1971 – maәsym 1918 jj.): tarih gyl. kand. ... avtoref. – Almaty, 1995. – 25 b.
24. Pobeda Velikoi Oktiabrskoi sotsialisticheskoi revolyutsii v Kazahstane 1917-1918 gg. // Sbornik dokumentov. – Alma-Ata: KazGosizdat, 1957. – 425 s.
25. Qoigeldiev MӘmbet. Alash qozgalysy. Eki tomdyq monografiya. Birinshi tom. / Yñdelip, tolyqtyrylgan ekinshi basylymy. – Almaty: Mektep, 2008. – 480 b
26. Iliasova K.M. Qazaq sezderi: qaralghan mӘseleleri, sheshimder jӘne olardyñ oryndalāy (1917-1919 jj.). Tarihi taldaә. / Tarih gylım. kand. dıss. – Almaty, 1999. – 187 b
27. «Alash» qozgalysy. Qurast: E. Tіleshov, D. Qamzabekuly, I. Nurahmet. – Almaty: «Sardar», 2008. – 324 bet
28. Qoigeldiev M. Alash qozgalysy: Monografiya. Ekinshi kitap. – Almaty : Mektep, 2017. – 656 b

Сарсенбаев А.Б.¹

¹тарих ғылымдарының кандидаты, доцент, М. Тынышбаев атындағы
Қазақ көлік және коммуникациялар академиясы.
Қазақстан Республикасы, Алматы қаласы, e-mail: akylbek@mail.ru

М. ТЫНЫШБАЕВ ЖӘНЕ АЛАШ АЗАМАТТАРЫ

Бұл мақалада ертеректе жарық көрген және бұрын қарастырылмаған мұрағат құжаттарына сілтеме жасала отырып, Алаш қайраткерлерінің ХХ-ғасырдың 20-30 жылдардағы өмірлеріне шолу жасалып, тұңғыш теміржолшы М. Тынышбаевтың өмірінің соңғы кезеңі мен айыпталу хаттамалары тарихи тұрғыдан қарастырылған.

Кез-келген тарихи мәселенің басты дерек көздеріне - мұрағаттық құжаттар жататындықтан, әртүрлі құжаттар мен жеке адамның жазбаларында сақталып қалған деректердің тарихи маңыздылығы өте зор. Қазақ тарихын Кеңес өкіметі тұсында жазылған жазбалар, хаттар, әртүрлі мәселе бойынша хаттамалар мен т.б. көптеген жазбаларға қарай отырып, кеңінен зерттеу - сол кезеңдегі тарихтың объективті зерттелуіне өзіндік көмегін тигізеді деген түсінік басым. Өкінішке орай олай емес. Ескі жүйенің келмеске кеткеніне 20 жылдан астам уақыт өтсе де әлі күнге дейін маңызды деректер кешені тарихшылардың қолына тимей отыр.

Алашордалықтардың ерен еңбегінің бағасын әлі де толыққанды бере алмай отырғанымыз соның нәтижесі болса керек. Сондықтан да, әр жерден жиналған, әр түрлі көзқарастың сынынан өткен, үзік-үзік берілген деректер мен мұрағат құжаттарының кешенді зерттелуінің маңыздылығын айтпасақ та түсінікті.

Сондықтан да бүгінгі қарастырылып отырған тақырыпқа қатысты көптеген деректердің осы уақытқа дейін тарихи айналымға шықпағандықтан тарихшылардың назара мен талқысына ұсынуды қажет деп таптық.

Кілтті сөздер - М. Тынышбаев, Ә. Бөкейханов, М. Жұмабаев, Х. Досмұхамедов, Алашорда, Алаш үкіметі, теміржол инженері, Кеңес өкіметі, қызыл террор, ТүркіСіб.

Сарсенбаев А.Б.¹

¹кандидат исторических наук, доцент, Казахская академия транспорта
и коммуникации им. М. Тынышпаева
Республика Казахстан, г. Алматы, e-mail: akylbek@mail.ru

М. ТЫНЫШПАЕВ И АЛАШОРДИНЦЫ

В данной статье осуществлен обзор деятельности известных деятелей Алаш Орды в 20-30 годы ХХ века, последних лет жизни М. Тынышбаева и обвинительных протоколов с исторической позиции, а также со ссылками на архивные документы, ставшие достоянием общественности и ранее не изученные.

К основным источникам любых исторических событий относятся архивные документы, так как имеют большое историческое значение сохранившиеся различные документы и факты из различных личных источников. Общеизвестно, что глубокое изучение истории Казахстана, основанное на источниках, письмах, различного рода протоколах и другие источниках, написанных в период Советской власти, помогает объективному исследованию истории того периода. Однако, это не так. Даже по прошествии более 20 лет в небытие старого режима до сих пор историкам не доступен комплекс важных документов.

Думается, что это одна из причин невозможности полноценной оценки бесценного труда алашординцев. Поэтому, неоспорим факт, что важность комплексного исследования обрывочных материалов, прошедших различную

оценку, различных ученых, собранных из разных источников, а также архивных документов.

В связи с этим мы пришли к мнению, что назрела необходимость представить на суд историков многочисленных данных на эту тему, до сих пор еще ни разу не рассматривавшихся до сегодняшнего дня.

Ключевые слова – М. Тынышпаев, Ә. Бухейханов, М. Жумабаев, Х. Досмухамедов, Алашорда, правительство Алаш, инженер – железнодорожник, советская власть, красный террор, ТүркСиб.

Sarsenbayev A.B.¹

¹Candidate of Historical Sciences, Associate Professor,
The Kazakh Academy of Transport and communication after
name M. Tynyshpaev, The Republic of Kazakhstan, Almaty,
e-mail: akylbek@mail.ru

M.TYNYSHBAEV AND ALASHORDA PEOPLE

This article reviews the activities of prominent figures of the Alash Orda in the 20-30s of the 20th century, the last years of Mikhail Tynyshbaev's life and the accusatory protocols from a historical standpoint, as well as with references to archival documents that have been made public and not previously studied.

The main of our research is historical events include archival documents, since the various documents and facts from various personal sources that have survived are of great historical significance. It is well-known that a deep study of the history of Kazakhstan, based on sources, letters, various protocols and other sources written during the Soviet period, allows an objective study of the history of that period. However, it is not. Even after more than 20 years, the complex of important documents is not available to historians in the non-existence of the old regime.

It seems that this is one of the reasons for the impossibility of a full assessment of the invaluable work of Alash Orda people. Therefore, it is an indisputable fact that the importance of a comprehensive study of fragmentary materials that have undergone various assessments, various scholars collected from various sources, as well as archival documents.

In this regard, we came to the conclusion that there is a need to present to the court of historians numerous data on this topic, which has not yet been considered until today.

Key words: M. Tynyshpaev, A. Bukeikhanov, M. Zhumabayev, H. Dosmukhamedov, Alashorda, Alash government, rail road engineer, Soviet government, Red Terror, TyrkSib.

Кіріспе.

Тұңғыш теміржолшының туылғанына 140 жыл толу мерейтойына орай жасалып жатқан іс-шаралар аясында, ағымдағы жылдың мамыр айында Өзбекстан Республикасы мемлекеттік мұрағаты мен бұрынғы Өзбек Ұлттық қауіпсіздік комитетінің (қазіргі ҰҚК-СНБ) құжаттар мұрағатына жасалынған сапар барысында көптеген құжаттардан көшірме жасалынған бола ойдамыз.

Алашорда және Алаш партиясы, алаш қайраткерлері жайлы жазылған шығармалар мен зерттеу еңбектері қазіргі таңда жетерлік. М. Қозыбаев, К. Нұрпейісов, М. Қойгелдиев, Т. Омарбеков, т.б. қазақ тарихында іргелі зерттеулердің авторлары Алашорда үкіметі мен алаш қайраткерлері жайлы тұщымды еңбектер жазған болатын. Қазіргі кезде осы тақырыппен айналысатын зерттеушілердің осы кісілердің еңбектеріне тоқталмауы мүмкін емес.

Мәселенің өзектілігіне тоқтала кетсек. М. Тынышбаевтың өмірінің соңғы

кезендері әлі күнге дейін толық зерттелмеген мәселелердің қатарында.

М. Тынышбаевтың өліміне байланысты үш түрлі пікір бар:

1. М. Тынышбаев 1938 жылы ату жазасына кесіліп, атылған;

2. М. Тынышбаев 1938 жылы жұмбақ жағдайда қайтыс болған (у берген болу керек);

3. 1939 жылы өз ауруынан қайтыс болған (биологиялық өлім).

Жоғарыда аталған нұсқалардың екеуі қазіргі кезде көбірек қолданылуда. «Ату жазасына кесілді» және «денесіне жайылған аурулардың нәтижесінде» деген нұсқалар.

Біз бүгінгі мақаламызда екінші нұсқаны қарастыруға тырысамыз. Бұл нұсқаны - Ташкент қаласына жасаған сапарымыз кезінде алынған мұрағаттық құжаттардың негізінде және осы мәселені көбірек зерттеген өзбек тарихшыларының қолжазбаларына сүйене отырып қарастырамыз.

Методологиялық бөлімі. Біз бүгінгі мақалада тарих ғылымында көптеп қолданылатын салыстырмалы-тарихи әдісті, уақыт бойынша жүйелейтін – мерзімдемелік әдісті және жалпы қорытынды шығаруға көмектесетін –логикалық пен жүйелілік әдістерді кеңінен қолданамыз.

Сонымен қатар, мұрағаттық құжаттар болғандықтан тарихи көмекші пәндермен пәнаралық байланыс кеңінен қолданылады. Зерттеу мәселесі әлеуметтану, саясаттану және айыптама хаттамаларына сипаттама беретін – заң ғылымдарымен де тікелей байланысты. Қосымша ретінде, Кеңес өкіметі және Алашордалықтардың ара қатынасын салыстырмалы түрде қарастыра отырып, мұрағат құжаттарында кездесетін деректерді көпшілікке ұсынамыз. Сол арқылы, болашақта әлі де зерттеліп үлгермеген осы тақырыптың ақтандақ жақтарын мұрағат құжаттары арқылы шығаруға болатынына бастама ретінде болса деген ойымыз бар.

Бұл құжаттар М. Тынышбаевтың және де басқа да қазақ зиялыларының айыпталу құжаттарынан алынған. Құжаттардың көпшілігінің жағдайы қазіргі кезде өте төмен жағдайда. Қағаздардың сапасының нашарлауы және бұрын осы құжаттармен жұмыс жасаған зерттеушілердің ұқыпсыздығы одан ары жағдайды төмендетуде. Соған қарамастан алынған құжаттарды көшірме жасап, бұрын қарастырылмаған құжаттарды қосымшада беру арқылы осы мәселенің тереңірек зерттелуіне жол ашамыз деген ойдамыз.

Негізгі бөлім. М. Тынышбаевтың артынан тыңшылардың түсуі 1931 жылдан бастап кеңінен жүргізіле бастады. 1928 жылы алғашқы айыпталулардан кейін, ТүркіСібтің аяқталған уақытында, теміржолды салған жұмыскерлер жолдың аман-есен бітуіне қуанып жатқан кезде, жалған айыптар тағылған М. Тынышбаев қауіпсіздік комитетіне шақыртылып, оған айыпталу ісі ашылып, жер аударылған болатын (1930-1936 жж.).

Одан арғы өміріне және жалпы М. Тынышбаевтың қасында болған Алаш азаматтарының ХХ-ғасырдың 20-30 жылдарында ұлты мен халқы үшін жасаған қызметтеріне тоқтала кетсек.

Сонымен, «1936 жылы өзінің контрреволюциялық іс-әрекетін жалғастыру үшін М. Тынышбаев ҚазАССР-ге оралып, ол Сулеев, Адинаев, Алиакбар Рамазанов, Күленов, ... Сарыкулов Хұсайын, Жанақовпен кездесті. 1936 жылы тамыз айында М. Тынышбаев Ташкент қаласына келіп, Хусайын Ибрагимов, Иса Қашқынбаев, Санжар Асфендияров, Сұлтанбек және Ескендір Мангельдиновтармен, Нашир Хожамкуловпен, Абдулла Байтасов, т.б. кездесіп тұрды» (ӨзбекММҚ, №2370 іс, 1-т., 177).

Оның айтуынша, (Байтасов болуы мүмкін – А.С.) 1936 жылдың тамыз, қыркүйек және қазан айлары М. Тынышбаевпен сөйлескен кезде ол ұдайы түрде Кеңес өкіметі мен Компартияға қарсы ғайбат сөздер айтып, Икраев, Ф. және С. Ходжановтарды мақтан тұтып отыратын. М. Тынышбаев 1937 жылғы сайлау жайлы

өз ойын білдіріп-мыс, «Халық өз еркілерімен депутаттарды таңдап, сайлауға ұсына алмайды» - депті.

«Халықтар өз таңдауын жасай алмайды, олар дауысын партия көрсеткен адамға береді. Сондықтан, бізде, Кеңес өкіметінде еркіндік жоқ. Тек әлімжеттік пен тұтқындау ғана бар»- деді (ӨзбекММҚ, №2370 іс, 1-т., 719).

Осы істе Мағжан Жұмабаевтың жауап беру хаттамасы да келтірілген. Ол жерде, 10 ақпан 1938 жылы тергеу кезінде, М. Жұмабаев, 1918 жылы Омбы қаласында тұрып, 2 жылдық педогогикалық курсты басқарып жүрген кезімде (30 адам оқыды, бәрі қазақтар), Колчак армиясының төңкерісі кезінде, маған Алаш орда үкіметінің делегациясы келді. Оның құрамында үкімет көсемдері – Алихан Бөкейханов, Уалидхан Танашев, Халел Ғаббасов, Әлімхан Ермеков болды. Олардың көздеген мақсаттары, Колчак үкіметінен Алаш Орданың құқықтарын мойындау және Кеңес үкіметіне қарсы бірге күресу болды. Бірақ бұл ойлары жүзеге аспай қалды. Колчак Алаш орданы ортақ жауларына қарсы күресте пайдаланғысы келсе де, олардың үкіметтік мәртебесін мойындаудан бас тартты ... Ол үкіметке кейін мүше болып М. Тынышбаевта кірген болатындай пікірі жазылған. М. Жұмабаев 1929 жылы тұтқындалып, Солвецкий лагеріне жер аударылған болатын. Сол жерде жүргенде 7 жыл бойы Алаш Орда көсемдерінен ұдайы хат алып тұрды (ӨзбекММҚ, №8799 хаттама, №7918 қылмыстық іс).

Ә. Бөкейханов пен М. Жұмабаев 1912-23 жылдары «Қазақ» газеті арқылы таныс болса, 1917 жылы Орынборда Алаш Орда үкіметінің құрылтай съезд кезінде кездесіп, сөйлескен болатын. 1920 жылы Жұмабаев «Бостандық туы» газетінің редакторы болды (ӨзбекММҚ, №8799 хаттама, №7918 қылмыстық іс, 28 парақша).

1919 жылы Ә. Бөкейхановтың жеке іс жүргізушісі – Елдес Омаров болды. 1920 жылы Бөкейханов Омбы қаласынан Қарқаралы уездіне көшіп келіп, өз ісін одан ары жалғастырды. 1922 жылы Әлиханнның тапсырмасымен Марсеков (мүмкін Маринов-А.С.) Райымжан деген бұрыңғы Алаш Орда үкіметінің мүшесі Батыс Қытайға елші болып аттандырылды. Басты мақсат – Қытаймен қатынас орнатып, келісімдер жасау.

1921 жылдың желтоқсан айында Б. Сүлеев М. Тынышбаевпен кездескен кезде Алаш Орданың орталығын Ташкентке ауыстыру туралы әңгіме болғанын айтады. Себебі, Орта Азия Кеңес үкіметімен күрес үшін ең жақсы алаң болып табылады. Себебі, ол жерде атап айтсақ, Шығыс Бұқарадағы тұрақсыз жағдай мен Басмашылар көтерілісі жағдайды ушықтырып тұрды (ӨзбекММҚ, №8799 хаттама, №7918 қылмыстық іс, 50 парақша).

1921 жылы Алашордалықтардың «заңсыз» кездесуі болып, төмендегі мәселелер қаралды: 1. Кеңес үкіметінің құрамына еніп, өз ықпалын жүргізу; 2. Мәдени салаға қызмет жасап, Алаш Орда идеясын халыққа тарату; 3. Мұсылман дінбасыларының рөлін жоғарлату.

Бұны қолдағандардың қатарында Алашордалықтар болды. 1917 жылдан кейін Ташкент қаласындағы Алашорда үкіметінің бөлімі құрылып, «Бірлік туы» газеті жұмыс жасады. Оның басында, М. Шоқай тұрса, жалпы осы идеяны таратушылар ретінде Т. Рысқұлов және М. Тынышбаев көрсетілген (ӨзбекММҚ, №8799 хаттама, №7918 қылмыстық іс, 67 парақ).

М. Тынышбаев бастаған алаш азаматтарын қудалау ХХ-ғасырдың 20-ж. аяғында толық қолға алынды.

1928 жылы шыққан «Советская степь» газетінде алғаш рет алаш азаматтарының айыпталу ісі қаралды. Бұл алғашқы рет РСФСР Жоғарғы сотының көшпелі отырысы еді (ӨзбекММҚ, №21645, 2-т, 18 парақша). Сондай айыптауларға қарамастан М. Тынышбаев қоғамдық-ұстаздық қызметтермен айналыса берді.

1930 жылы сәуірде Алматыда өткен, 1- Бүкілқазақстандық ғылыми-зерттеу мекемелерінің съездінде «Жетісудың өткен тарихы» тақырыбында баяндама

жасаған М. Тынышбаев тарих және археология саласына қатысты өз ойларын білдірткен (ӨзбекММҚ, 382 - қор, 1-т., 2389 іс, 5-7 парақша).

1929 жылы алаш қайраткерлерін тұтқындау басталды. 1930 жылы тамыз айында М. Тынышбаев тұтқындалды. 1939 жылы қайтадан тұтқындалған кезде, 14 қаңтар күні М. Тынышбаев пен И. Көтібаров бетпе-бет кездесті. Түсіндіре кетсек, Ибрагим Көтібаров М. Тынышбаев жайлы ұлттық қауіпсіздік орындарына ұдайы түрде шағым немесе мәліметтер жеткізіп тұрған адам. Ол өзінің куәлігін – 1938 жылдан бері беріп келген.

23 наурыз 1939 жылы 1 ранг әскери заңгер Кремень ӨзССР Қылмыстық кодекстің 60,62,67 статья (бөлімдері белгісіз) бойынша істі қарап, НКВД-ға істі қайта қайтарды.

31 мамыр күні 1939 жылы қайтадан іс қозғалып, 10 маусым 1939 жылы осы айыпталу бекітілді. Осы кезде М. Тынышбаевтың ескі ауруы қайтадан қоза бастайды.

1939 жылы 2 маусым күні М. Тынышбаев медициналық тексеруден өтті. Жүрегінің тұсы, ішек-қарын аурулары, өт жолдарының ауруларының нәтижесінде жағдайы күрт төмендеп кеткен. Бір айдан соң қайтыс болды. Қайтыс болу туралы куәлік – 1939 жылдың 3 шілдесінде берілді. 20 мамырда емханаға жеткізілген М. Тынышбаев 3 шілде қайтыс болды. Бұл мәліметтерді Өзбекстан ұлттық қауіпсіздік қызметі мұрағатынан алынған анықтама көшірмелерінен алынып отыр.

15 шілдеде 2 рангалы әскери заңгер Клевцовтың ӨзССР НКВД тергеу бөлімі бастығының орынбасары Орловқа жазған хатында М. Тынышбаевтың өлімі жайлы айтып өтеді. Ол жерде 61 жасында емханаға келіп түскен Тынышбаевтың аурулары жайлы айтыла келе, қайтыс болған күні келтіріледі.

1937 жылы 21 қарашада прокурор тапсырмасымен М. Тынышбаевты тұтқындау жайлы қағазға қол қойылады (ордер 23/48). 22 қараша күні М. Тынышбаев тұрып жатқан Ташкент қаласы, Науаи көшесі, №12 үйде тінту жұмыстары жүргізілді.

1937 жылы 22 қарашада толтырылған Айыпталушының сауалнамасында – денсаулығына байланысты Жұмыссыз, жанұя құрамы деген жерде – әйелі Амина Ибрагимқызы ШейхАли (37 жас, Уфа қаласы, Фрунзе көшесі, №56 үй, кв. 3), үй шаруасындағы әйел, баласы – Даулет Мұхамеджанұлы – 7 жаста деп көрсетілген. М. Тынышбаев 1937 жылдың тамыз айында Ташкент қаласына келгені атап өтіледі.

Жалпы М. Тынышбаевтың 1917-1922 жылдардағы қызметі жайлы мұрағат құжаттарында мәліметтер бар.

1917 жылғы наурыз айындағы құжаттарда М. Тынышбаев Уақытша үкіметтің Түркістан комитеті мүшесі қызметінде жүрген М. Тынышбаев Жетісу аймағындағы күрделі мәселелерді шешу комиссиясының құрамына кірді (ӨзбекММҚ, И-1044 қоры, оп. 1., №1-іс, 1 парақша).

Түркістан комитеті құрамында жүргенде М. Тынышбаев Қытай аумағында қалып қалған қазақ тайпаларын көшіруге ат салысты. 19 сәуір 1917 жылғы хаттамада М. Тынышбаев комитеттен Құлжа аймағындағы қазақтарды Жаркент және Верный уездерінің шығыс бөлігіне көшіруге, Қашқар аймағындағы қазақтарды Нарын уезіне көшіруге және кедей, жағдайы нашар қазақ шаруаларына материалдық көмек көрсетуге шешім қабылдауын сұраған (ӨзбекММҚ, И-1044 қоры, оп. 1., №1-іс, 19 парақша).

Қырғыз (қазақ) халықты ағарту институтының қызметкерлері жайлы қорда – М. Тынышбаевтың математика пәнінің мұғалімі болып қабылдау жайлы өз қолымен жазған арызы бар (ӨзбекММҚ, №372 қор, оп. 1а, 15 (39) іс, 61 парақша). Арызда М. Тынышбаев бұл жұмысты қосымша алып жүргені көрініп тұр. Себебі, дәрістік сағаттарды таңғы 8.00-9.00 арасында қоюды ұсынса, тәжіірбелік сағаттарды кешкі 16.00-кейін қоюға ұсыныс жасаған. 1920 жыл, 20 қыркүйек. Осы жылы қазан айында М. Тынышбаевқа қосымша оқу жүктемесі беріліп, физика пәнінің

ұстазы қызметі қосылады.

Екі жылдан кейін М. Тынышбаевтың инженерлік білімі кәдеге асып, институттың ұсынысымен теміржол саласының Жетісу аймағын зерттеуге ат салыса бастады. 1923 жылғы құжаттарда М. Тынышбаевтың өз қолымен жазылған өтініште Жетісу теміржолындағы құрылыс нысандарын қарауға байланысты құрылған комиссия құрамында жолға шыққаны жайлы айтылады (ӨзбекММҚ, №372 қор, оп. 1а, 41 іс, 34 парақша).

1925 жылы М. Тынышбаевты Ақмешіт қаласының аймағында теміржол саласын зерттеу мен бағдарлау жұмысына тартылған болатын (ӨзбекММҚ, №372 қор, оп. 1, 67 - сақтау бірлігі (ед.хран.), 33 парақша).

Бұл жұмыстарға СовНарКом бастығының орынбасары Серғазиев тартқан болатын. М. Тынышбаев жоқ кезде орнына институттың жоғарғы курс студенті Рахмет Маскеев сабақ берген (ӨзбекММҚ, №372 қор, оп.1, 67 сақтау бірлігі (ед.хран.), 71 парақша).

Осы істегі 84 парақшада М. Тынышбаевқа берілген жанұясы жайлы анықтама да бар. Сол жұмыстарға тартылған кезде М. Тынышбаевтың жанұясының құрамы: жұбайы – Гүлбахрам – 28 жаста; балалары – ұлы Искандер – 11 жас; Фатанат Бану – 8 жас; Динарзада – 6 жас.

Алаш ордаға берілген анықтама.

(Кеңес өкіметінің айыптау құжаттары бойынша)

Алаш партиясы мен Алаш Орда үкіметі құрамындағы мүшелер, ак гвардияшылармен, Колчак армиясымен біріге отырып, жергілікті жердегі Кеңес үкіметін құлату мәселесін қарастырған.

Алихан Ермеков Ахмет Байтұрсыновпен біріге отырып, башқұрт ұлтшылдарынан көмек ала отырып, Орынбор қаласында астыртын ұйым құрды. 1921 жылы Мәскеу қаласында (ӨзбекММҚ, №541784 - іс, 1-а том, 10 парақша).

Кейін бұл ұйымның Ташкент қаласындағы бөлімі құрылды. Оның басты көсемдері – Халел, Жанаш Досмұхамедовтер мен М. Тынышбаев болды.

Жоғарыда аталған адамдар, атап айтсақ, Халел Досмұхамедов пен М. Тынышбаев Алаш партиясы бағдарламасының негізінде жаңа бағдарлама жасады. Оның басты қағидаттары – Кеңес үкіметін құлату, қазақ буржуазиялық-демократиялық мемлекетін құрылтай сайлау негізінде құру, Кеңес өкіметінің негізгі бағыттарын қолдана отырып, мәдени және сауат ашу, Алаш идеясын тарату және жастарды көтеріліске бастап шығу болды (ӨзбекММҚ, №2370 іс, 1-том, 106, 112, 123, 170 парақшалар; №541784 іс, 4-том, 21, 80, 90, 92 парақшалар).

Кейінен осы ұйымның бөлімдері – Семейде және Петропавлда ашылды. Ұйымның жұмысын жандандыра келе, ұйым көсемдері Алматы, Әулие Ата, Шымкент, Түркістан, Қазалы қалаларында бөлімшелер ашуды көздеді.

Өздерінің идеяларын халыққа кеңінен тарату үшін ұйым мүшелері 1922 жылғы ашаршылықты пайдаланып, ашыққан халыққа көмек ұйымдастыра бастады. Атап айтсақ, М. Әуезов және А. Байтұрсыновтар көмек көрсете отырып, Орынбор аймағындағы ашыққан халыққа көмек ұйымдастырды. Ал Досмұхамедов Жетісу облысындағы комиссар Б. Сулеевты өз қатарына тартып, аштықпен күрес жайлы өз бағдарламаларын ұсынды (ӨзбекММҚ, №541784 іс, 1Б -т ом, 404 парақша; №2370 іс, 1-т., 177, 178, 718, 719).

Осылардың көмегімен Ташкентте көмек көрсетеміз деген сылтаумен студенттер ұйымы құрылды. Шын мәнісінде, бұл ұйымдар партияның әскери ұйымы болды. Ол ұйымның алдында Алаш қайраткерлерінің көзін жою міндеті тұрған болатын.

Мысалға, наркомпрос қызметкері С. Ходжановты А. Мұңайтпасұлы өлтіру керек болды (Қажымұқан емес – А.С.) (ӨзбекММҚ, №2270 іс, 1-том, 388 парақша). Бұл ұйымға сонымен қатар сотталушы Н. Хожамқұловта кірді (ӨзбекММҚ, №2270 іс, 2-т., 659, 660, 701 парақшалар).

1922 жылы осы ұйым жасақтар құрып, адамдар жинап, әскери өнерге баули бастады. Бұл бандалардың бастығы болып, Д. Адилов және бауыры Байсейіт тұрса, идеологиялық тәрбиеге А. Умбетбаев жауап берді (ӨзбекММҚ, №2370, 1-том, 375 парақша; 2-том, 701, 710, 819-820 парақшалар).

Осы ұйымның өкілдері қазақ партиялық ұйымдарының оңшылдарымен біріге отырып, 12-съезд өткізіп, сол жерде, Ә. Бөкейханов, А. Байтұрсынов, С. Сәдуақасов, А. Омаров, т.б. қол қойған ұлттық тезис «Ұлттық-мәдени автономия» құру жайлы шешім қабылдауға дайындалды. Әсіресе, М. Әуезов өте белсенділік танытты. Атап айтсақ, қазақ кеңестерінің Орынборда өткен 2-съезінде тек қазақ коммунистері мен партияда жоқ қазақ ұлтшылдарын жеке жинап, олармен жеке кездесу өткізіп, «Отаршылдық және онымен күрес» бағытында көп әңгімелер айтқан (ӨзбекММҚ, №541784 іс, 1 - б том, 251, 255, 398, 465 парақшалар).

Сонымен қатар, ұйым мүшелері шетелге қашып кеткен қазақ ұлтшылдары – Валидов және Шоқаймен қарым-қатынас орнатып, олармен келісіп отыру үшін шетелге арнайы тапсырмамен – Бірімжанов, Битілеуов және Мұнайтпасовты аттандырды (ӨзбекММҚ, №541784 іс, 1 - б том, 73 парақша).

Басмашылардың көтерілісі толығымен жойылған соң бұл ұйымда өз жұмысын тоқтатты. Бірақ оның мүшелері ұдайы тығыз қарым-қатынаста болып, Кеңес үкіметімен күресті одан ары жалғастыра берді.

Уақыт өте келе, алашордалықтар жасырын күреске көшіп, кеңес үкіметінің құрамына кіріп, астыртын өздерінің ұлттық идеяларын таратуды қолға алды (М. Тынышбаев ісі, №2370 – іс, 1-том , 275 парақша)

М. Тынышбаевтың, Х. Досмұхамедовтардың айыпталу ісін оқып отырсақ, бәрінің айтатыны бір-ақ нәрсе, «Кеңес өкіметінің барлық құрылымына жұмысқа кіріп, астыртын өз идеямызды тарату керек болды. Мысалға, наркомзем, ағарту ісі, денсаулық сақтау және ғылым саласы, т.б. Біз үшін бұл кезең қолайлы болды (1920-1930 жж.- А.С.),себебі, бұл кезде Кеңес үкіметінің құрамында кәсіби маман өте аз болды, сондықтан кеңес өкіметі бізді жұмысқа алуға мүдделі болды» (Х. Досмұхамедов тергеу ісі, №2370, 1-том, 220 парақша).

1928-1929 жылдары ұйымның басшыларын, атап айтсақ, А. Байтұрсынов, М. Дулатовтарды ұстаған кезде ұйымның өз арасында жанжал пайда болды. Мысалға, «Ташкент ұйымының басшылығы тарапынан Х. Досмұхамедов Байтұрсыновтарды ұстап берген ұйымның Семейдегі мүшелері – Ермеков, Қадырбаевтар десе, осы кісілер, Байтұрсыновтарды ұстап берген Ташкенттік мүшелер» деді (ӨзбекММҚ, №2370 – іс, 1-том , 262-263 парақша; т-2, парақшалар 702, 703, 721-727, 733-735, 736-740). Осы жерден байқағанымыз Кеңес үкіметі жансыздары ұйымның құрамына кіріп, тек қана мәлімет жіберіп қана отырмаған, сонымен қатар өзара от жағуды жақсы жүзеге асырған. Өкінішке орай ол жансыздардың есімі әлі күнге дейін белгісіз болып тұр. Аттары құпия мұрағаттарда жатыр.

Осы жанжалдан кейін Х. Досмұхамедов Мәскеу қаласына жолға шығып, Ә. Бөкейхановпен кездеседі. Кездесудегі басты мақсат, осы түсінбеушілік жайлы ойын білу және ақыл-кеңес алу. Ә. Бөкейханов қонақтарды қабылдап, өзара айтысты қойып, тұтқындалуға дайын болу керектігін айтты.

«Егер тұтқындап алып кететін болса өз-өздеріне мықты болып, қанша қинаса да сынбай, таққан айыптарын мойындамай, егер ұйым жұмысына байланысты қандай да бір құжаттар сақталса Ермековқа апарып беріп, сол жерде тығып қоюды» тапсырды. Себебі, қазақ кеңес үкіметі КазЦИК мүшесі ретінде Ермековке көп сенім артады, ол жақтан іздемеуі мүмкін (ӨзбекММҚ, №2370 – іс, 1 – т., 208, 222 парақша; т-2, 702, 703).

Алматыға келген Х. Досмұхамедов Ермеков пен Тынышбаевқа Әлиханнның сөзін жеткізіп, үшеуі сол кісінің айтқан сөзіне тоқталып, ешнәрсені мойындамауға келісті.

Сонымен қатар кездесуге енді ұйым мүшелері толық жиналмай, тек екіден, жүп болып кездесу өткізуге шешім қабылдады. М. Тынышбаевтың айтуынша, «Соңғы кездері біздің ұйымда мүлде жиналыс немесе кездесу болған жоқ. Біз екі-екіден кездесіп, өзара шешім қабылдап, кеңес үкіметінің саясатын талқылап отырдық» (ӨзбекММҚ, №2370 - іс, 1-том, 125 парақша).

Бұл ұйымның көтерген ең бірінші сұрағы, Жер мәселесі. Ұйым көсемдері, жер мәселесі бойынша мынандай шешімдер қабылдады; 1. Жер тек жергілікті, тұрғылықты халықтарға берілсін; 2. Ешқандай шектеусіз руластар болып қолдану қағидаты сақталсын; 3. Келімсектерге жер беру үшін, олар қоныс аударатын аймақтың тұрғылықты халқы жермен толық қамтамасыз етілсін; 4. Бұрынғы тартып алынған жерлер толық қайтарылсын.

Бұл жер мәселесінің басында НарКомЗемнің ең кәсіби маманы – Мурзинов Мұқтар деген азаматтұрды. Алаштықтардың жер мәселесіне байланысты жасаған реформалары осы кісіден 1929 жылы тартып алынып (өзі тұтқындалды), қайда кеткені әлі белгісіз болып тұр.

Ұйымның мүшелері 1922-23 жылдары ТуркЦИК –те ұдайы осы мәселе бойынша жұмыс жасады. Басты ұйымдастырушылар – М. Тынышбаев, Х. Досмұхамедов болды (ӨзбекММҚ, №541784, 1-б том, 149-151 парақша; №2370 – іс, 1-том, 275 парақша). Кеңес үкіметін жақтаушылармен сөз талас жүрген кезде, М. Тынышбаев «ең алдымен жер мәселесін жергілікті халық үшін оңтайлы шешуге» ұсыныс жасап отырды (ӨзбекММҚ, №2370 – іс, 1-т ом, 4 парақша).

Бұл қадамға не үшін барғандарын кейін өз түсініктемесінде М. Тынышбаев былай түсіндіреді – «Келімсектердің келуіне қарсы болған себебіміз – Талдықорған ауданында Шұбар ауылдық аймағында жергілікті халықтың қарсылығы байқалады ... Бұл өте күрделі сұрақ, себебі жер біздің тарихымызбен тікелей байланысты ...»

Х. Досмұхамедовтың айтуынша, « .. жер мәселесі біздің халықтың қызығушылығы мен мұқтаждығына сай шешілу керек ... Бұл мәселені дұрыс жолға қойған - ... М. Тынышбаев болды ...» (ӨзбекММҚ, №2370, 1-том, 205 парақша).

Бұл істі дұрыс жолға қою үшін бұрынғы жерлерге (патша өкіметінде тартып алынған – А.С.) қазақтарды жаппай қоныстандыру мәселесі қолға алынды. Сол арқылы, алаш зиялылары қазақтарда бос жер жоқ деген сылтау айтуға тырысты және олар «Кеңес өкіметі жерге келімсектерді орналастырса онда өздері құлатқан патша өкіметінен қай жері кем» деген ой-пікір айта бастады (ӨзбекММҚ, №541784, 1- б том, 98-102, 220-222 парақша).

Қазақ зиялылары қазақ жерін дұрыс пайдалану және игеру деген сылтаумен және Бөкейхановтың ұсынысымен Ғылым академиясының жер экспедициясы ұйымдастырылды. Ол ұйымға Қаратілеуов және М. Мурзин атты жер комиссиясы мүшелерінің қолдауымен тек қазақ студенттері алынды. Экспедицияның басты мақсаты, қазақтарда артық жер жоқ екенін және артық жер деп есептеген жерлердің тұруға, шаруашылыққа қолайсыз екенін ғылыми тұрғыдан дәлелдеу болды (ӨзбекММҚ, №541784, 1-б том, 109-111 парақша) (Шевцов экспедициясы – А.С.).

Осы экспедиция барысында Ә. Бөкейханов пен экспедиция басшысы Ташкенттегі ЖОО профессоры Успенскийге 1927 жылы КазАССР-дің Жер кодексін жасауға ұсыныс береді (ӨзбекММҚ, №541784, 1 - б том, 6 парақша).

Бұл ұйымның екінші бір үлкен мәселесі – Мәдени сала болатын. Қазақ жастарының санасын көтере отырып, ұлттық идеяны кеңінен сіңіру болып табылады. 1921 жылдан бастап ЖОО сабақ беруді қолға алған Алаш арыстандары өз студенттері мен курс тыңдаушыларына ұлттық идеяның қыр-сырын үйретуге көшті (ӨзбекММҚ, №2370, 1-том, 220 парақша).

Олар өздері сабақ беретін жерлерде, ғылыми орталықтарда, курстарда, тіпті әдебиет арқылы ұлттық идеяны таратуға көшті. «Хандарын, батырларын, ұлттық қахармандарын ұлықтау арқылы ұлттық идеяны таратуға көшкен ұйым

мүшелері қазақ жастарының көп бөлігін қамтып кетеді» деген Кеңес үкіметінің қорқынышы күн сайын арта түсті.

Қазақ зиялыларының құрған «Алқа» әдеби ұйымы осы салада жұмыс жасады деген баға алды. Әдеби төңкерістің «Баспалдағы» Исақов, Кеменгеров, Байтасов, Дулатовтар болды (ӨзбекММҚ, №2370, 1-том, 221 парақша).

М. Тынышбаев өз айыпталу парағында – «Соңғы кездері әскери жағынан әлсіз болғандықтан, біз, кеңес үкіметімен әдеби-мәдени тұрғыда қарсы шығуды көздедік. Кеңес үкіметі басшылығы арқылы өз дегенімізге жетуге тырыстық» - деп атап өтті (ӨзбекММҚ, №2370, 1-том, 131 парақша).

Мәдени бағытты алып жүру үшін Алаш азаматтары түгел дерлік қтаысты. Атап айтсақ, мұрағат деректерінде XX-ғасырдың 20-жылдарында мәдени бөлімнің бастығы – Х. Досмұхамедов, орынбасары – Искулов, мүшелері – Әуезов, Тынышпаев, Ж. Досмұхамедов, Қашқынбаевтар бар деп атап көрсетілген (ӨзбекММҚ, №2370, 1-том, 80-83 парақшалар).

Қазақ баспасөзінде басты орындар Алаш азаматтарында болды, атап айтсақ – бас редакцияда – Х. Досмұхамедов; М. Дулатов – Қызылордада; Бөкейханов және Әуезов Мәскеу қаласында болды.

Қазақша кітаптарды шығарушылар – А. Байтұрсынов, М. Дулатов, Елдес Омаров, Х. Досмұхамедов, т.б.

Қазақ тіліне аударушылар – Бөкейханов, Дулатов, Жумабаев, Байтасов.

Досмұхамедов – ескі ән-жырларды жинаумен айналысса, Әуезов – қарапайым ауыл өмірі мен табиғи ерекшеліктерге көңіл аударды, Жумабаев – өлеңдер шығарса, Тынышпаев орыс тілінде – қазақтың ру-шежірелері жайлы деректерді жинақтаған (ӨзбекММҚ, №2370, 1-том, 82-83 парақшалар).

Жоғарыда аталған азаматтар – ескі әліпбиді қалдыруды ұсынып, таза қазақ тілін сақтауға ұсыныс жасады.

«Марксистік көзқарастарға қарсы болып, ұлттық идеяны таратушылар» деген атақ барлық алашордалықтарға тағылып, айыпталу басталды.

Олардың университеттерде, қоғамдық орындарда оқыған дәрістері терең тексеріле бастады (ӨзбекММҚ, №2370, 1-том, 277-281 парақшалар).

Қазақ мемлекеттік университетіне алаш арыстандары үлкен үміт артты. Жоғары білімді қазақтың жастары кейін оқуын бітірген соң қазақ ауылдарына барып, қазақ мектептерінде сабақ беретінін ескере отырып, жоғарғы оқу орындары арқылы ұлттық идеяны таратпақ болды.

Жоғары оқу орны басшылығы, атап айтсақ ректор Асфендияров және оның орынбасары – Жандосовтар алашордалықтармен тығыз қарым-қатынаста болды. Кейін 1936-37 жылдардағы қызыл қырғын кезінде Асфендияров пен Жандосовтарды сақтап қалу үшін М. Тынышбаев – «... олар біздің ойымыз жайлы ештеңе білген жоқ ... они дружили и верили нам, поэтому они не подозревали такой нашей тактикой ...» деген куәлік берген (ӨзбекММҚ, №2370, 1-том, 312 парақша).

Алаштықтар бай-қулақтарды кәмпескелеуге қарсылық білдірген болатын. 1928 жылы кәмпескелеу басталғанда олар малдың сан көрсеткішін көтеруге тырысқан болатын. Ең төменгі мал саны – 20 бастан төмен болып көрсетілетін құжатқа қарсылық білдірген болатын. Себебі, алғаш қойылған 20-30 бас малы барлар «бай-қулақ» деп есептелсе халықтың жартысы қырылатын еді.

Алаш көсемдері төменгі көрсеткіш санын – 150 дейін көтеруі шынымен қарапайым аздаған малы бар халықты қорғап қалған болатын. 1928 жылы Алматыға келген Х. Досмұхамедовтың еңбегін атап өтпесек болмас. Ол басшылық етіп, жекелеген алаш көсемдерімен хат алмасып, халықтың жалпы көңіл-күйінен хабардар болып, кеңес үкіметі құрамындағы алаш көсемдері арқылы жұмыс жасады.

Ташкент қаласынан жіберілген Әлихан Ермековтың хатында (Мәскеу

қаласындағы Әуезовқа – А.С.) – «Жүргізілейін деп жатқан жер мәселесіне қарай отырып туған халқыма қатты жаным ашып отыр ... бұндай жағдайды бұрын халық басына көшірмеген болатын» (ӨзбекММК, №541784, 5-т, 192 парақша)

М. Тынышбаев өз берген жауабында – «1928 жылы байларды тәркілеу кезінде біз мемлекеттік жоспарда көрсетілген шаруашылық нормасын көтеруге тырысып, халықты соған шақырдық ... Басты мақсатымыз, бай деп саналған адамдардың санын азайту болып табылады ... жер бөлімінде жұмыс жасаған Х. Ғаббасов және Сұлтанбековтар бізге көмектесті» (ӨзбекММК, №2370, 1-т., 313 парақша).

Өзінің ойын жалғастыра келе, М. Тынышбаев «... біз колхоз және совхоз құруға қарсы болдық ... Еркемов, Досмұхамедовтармен жиі кездесіп осы саясатты талқылап, халықты колхоздардың құрамына кірмеуге үгіттей бастадық ...» (ӨзбекММК, №2370, 1-т., 125 парақша).

Қорытынды бөлімі. Қорыта келгенде, жоғарыда айтылғандарға қарай отырып, қазақ халқының басына түскен қиыншылық кезде, атап айтсақ XX-ғасырдың 20-30 жылдары Кеңес өкіметінің солақай саясатының соқысын біраз жеңілдетіп, қазақ жерлерін қайтарып алуға, жердің дұрыс бөлінуіне, қазақ байларын тәркілеу кезінде мал санын көбейту арқылы халықтың жағдайын жақсартуға, өнеркәсіп пен ең бастысы, білім мен ғылымды дамытуға үлкен үлес қосқан Алаш азаматтарының еңбегі мен қажырлы қызметтерін толық ашатын шетелдердегі мұрағат құжаттарын түгендеп, үлкен жинақ шығару жұмысы қолға алынады деген үміттеміз.

Әрине айыпталу хаттамаларына толыққанды сене беруге болмайды. Алаш азаматтарын халық жауы етіп шығару үшін сол хаттамаларға керекті сөздер де жазылу мүмкін, бірақ та кез-келген құжатқа тарихи көзқараспен қарап, сыни зерттеуден өткізу және жалпы оқырманға жария ету кез-келген зерттеушінің міндеті деген ойдамыз.

Тұңғыш теміржол саласының инженері М. Тынышбаевтың өліміне қатысты әлі де құпия құжаттар көрші елде сақтаулы жатыр. Өкімет тарапынан өзара келісімге келе отырып, сол құжаттардың көшірмелері алынатын болса тарихымыздың ақтаңдақ тұстарын аша түсуге көмегі тиер еді.

Әдебиеттер тізімі:

1. Өзбекстан Мемлекеттік мұрағат қоры, №2370 іс, 1-т.
2. Өзбекстан Мемлекеттік мұрағат қоры, №8799 хаттама, №7918 қылмыстық іс.
3. Өзбекстан Мемлекеттік мұрағат қоры, №21645 іс, 2-т.
4. Өзбекстан Мемлекеттік мұрағат қоры, 382 - қор, 1-т.
5. Өзбекстан Мемлекеттік мұрағат қоры, И-1044 қоры, оп. 1., №1-іс.
6. Өзбекстан Мемлекеттік мұрағат қоры, №372-қор, оп. 1а, 15 – 45 іс.
7. Өзбекстан Мемлекеттік мұрағат қоры, №372-қор, оп. 1, 67 - сақтау бірлігі.
8. Өзбекстан Мемлекеттік мұрағат қоры, №541784 - іс, 1-а, 1-б, 4 т.
9. Өзбекстан Мемлекеттік мұрағат қоры, №2270 - іс, 1-том.

References:

1. The State Archival Fund of Uzbekistan, case. 2370, vol.1.[in Russian]
2. The State Archive Fund of Uzbekistan, protocol № 8799, criminal case No. 7918 [in Russian]
3. The State Archival Fund of Uzbekistan, case. 21645, vol.2.[in Russian]
4. State Archival Fund of Uzbekistan, foun. 382, vol.1.[in Russian]
5. The State Archival Fund of Uzbekistan, foun. I-1044, reg. 1, case.1.[in Russian]
6. The State Archival Fund of Uzbekistan, foun. №372, reg. 1a, pag.15 – 45.[in Russian]
7. The State Archival Fund of Uzbekistan, foun. №372, reg. 1, pag. 67.[in Russian]
